

ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН АЙМАҒЫНДАҒЫ РУ-ТАЙПА АТАУЛАРЫНАН
ҚАЛЫПТАСҚАН ТҰРАҚТЫ ТІРКЕСТЕР
(этнолингвистикалық сөздік)

АРҒЫН ТАЙПАСЫНА ҚАТЫСТЫ ҚАЛЫПТАСҚАН ТҰРАҚТЫ
ТІРКЕСТЕР

Ақжолдаса арғын қалмайды, екеуі бірігіп Сарманайлап түйілсе, басқалардың тамтығы да қалмайды (арғын). Мейрамсопы (Ақжолмен) Ақсопының бір ата, бір анадан – Сарманай мен Күнкеден туғанын көреміз. Ауыс: тілегі бір, ниеті бір ағайынның бірлесе атқарған ісінің нәтижесі қай кезде де оң болатынын меңзейді [1, 13 б.].

Он екі арыс арғын (арғын). Арғынның кіші әйелінің аты – Момынбике екен. Момын анамыздан Ақсопы, Қарасопы, Сарысопы, Тәнсопы, Нәдерсопы деген бес ұл туады. Ақсопыдан: Қанжығалы, Тобықты; Қарасопыдан: Бәсентиін, Қарауыл; Сарысопыдан: Атығай; Тәнсопыдан: Сарыжетім, Шақшақ тарайды. Сөйтіп, Арғынның бес мейрам, жеті момын – он екі арыс арғын аталуы осындай жайттардан келіп туған [2, 15 б.].

Арғын бітті бойыма, кісілік кірді ойыма.

Қыпшақ бітті бойыма, ән-жыр кірді ойыма.

Найман бітті бойыма, батырлық кірді ойыма.

Қоңырат бітті бойыма, сахилық кірді ойыма.

Уақ бітті бойыма, сауап кірді ойыма.

Тарақты бітті бойыма, тауап кірді ойыма. Ертеден келе жатқан ескі әңгіменің бірінде қазақтың ортаншы ұлы Бекарыстың бәйбішесі алты баласына осындай сипаттама берген екен. Ауыс: дүние есігін ашқан әр пенденің бойына жазған өз несібесі бар деген мағынаны береді [2, 49 б.].

Он алты ұлды Жоламан (арғын – қаракесек). Олардың ата қоныстары – Абыралы ауданының Дегелең тауы мен Мыржық бөктерінде болыпты. Төңкеріске дейін бұл әулет қоғадай қаулап өсіпті. Жоламанның жеңгедей алған Базар деген әйелінен – Тасыбай, Тоғызбай, Кетебай, Боқаш; бәйбіше есебінде болған Алғыншы деген әйелінен – Тоқтамыс, Қойсоймас, Тайгелді, Қойгелді, Көбдік, Құл, Монтақай – бұл жетеуін жұрт «Жеті сары» атандырған; үшінші әйелі – Балдызы екен, одан Сансызбай, Көбей; қалмақтан олжалап әкелген төртінші қосағынан – Демікпе; қарақалпақтан алған бесінші әйелінен – Мұсылман, Бәубек. Сондықтан Тілеуке Шаншарұлының Жарылғапынан туған Жоламан «Он алты ұлды Жоламан» атанған [3, 93 б.].

Мен шормын, шормын, құдайдан да зормын (арғын – қамбар). Қамбар руы Шор елінен Сәтбек деген батыр шығып, Тобықтының жылқысына дүркін-дүркін тиіп, әбден мазасын алады. Олар жылқыға тигенде «Мен шормын,

шормын, құдайдан да зормын» деп ұрандап шабады екен. Шордың әлегі лаңға айналып, бұдан қалай құтылуды ойлаған Кеңгірбай айласын асырып, түнде қаперсіз жатқан ұрылардың атын айдағып тастап, өздерін қолға түсіреді. Тек атын жібермей қасында ұстаған Сәтбек қана құтылады. Осы Шорды қуған қоңыр адыр «Шор қашқан» аталады. Қолға түскен көп жаяу ұрыны түгелдей шешіндіріп, табандарын тілдіріп, Көксеңгірдегі «Ащы қақ» дейтін көлден өткізеді. Ұрылар жаяу жалдап өткен көл суына аяқтан аққан қан араласып қыпқызыл болады. Бұл көл бұдан былай «Қанды қақ» деп аталады. Ауыс: әр асқанға бір тосқан деген мағынада [4, 58-59 бб.].

Төрт бегі (арғын). Шаншар үш әйел алыпты. Бірінші әйелі – Қыздамбике (бір бала Алысай), екінші әйелі – Айбике (төрт ұл – Келдібек, Тынысбек, Жәнібек, Есіркеп), үшінші әйелі – Нұрбике (Төлеу, Бертіс, Нұрлыбек). Осының ішіндегі Айбике бәйбішеден туған төрт ұл ел ішінде «төрт бегі» атаныпты. Ауыс: ел ішінде жасаған қызметіне әрі сіңірген еңбегінің ел көңіліне жаққандығына орай халықтың сыйласымдылық пейіліне байланысты қойылған атау [5, 43 б.].

Ақсақтың алтауы (арғын). Шаншар Келдібектің бәйбішесі Тоқмейілден алты ұл туыпты. Оларды жұрт «ақсақтың алтауы» деп атап кетіпті. Келдібек 30 жасқа дейін үйленбей бойдақ жүріпті. Себебі, Келдібектің үшінші атасы Бұлбұл деген кісі: – Сен ешбір әйелге көзіңді салмайсың. Алатын әйелің ұзын бойлы сары қыз, оң жақ аяғының азырақ ақсағы, оң жақ бетінің құлағының түбінде танадай меңі, екі емшектің арасында алақандай қалы болады. «Ә» деп көзіңе түскенде самалдан жел соққандай көзің мен көңілің үйіріле түседі. Осы қыз кездескенше ешкімге қарамайсың! – деп аян беріпті-мыс. Бірінші Қазыбек туғанда анасы: – Айналып-толғанып өсірсем, Ақ сүтімді кешірсем, Адалдан болар нәсібің, Тіліңнен болар кәсібің!; екінші ұлы Сәдімбек туғанда анасы: – Осы, шіркін, ызақор болар, бір емшегімді еміп отырып, көңіліне бір нәрсе ұнамаса, екінші емшегімді тырнап тастайды. Анасының осы айтқаны айнымай келіп, кейін қуандық, қаракесек болып Нұра өзеніне таласыпты. Даудың дерегі ретінде сол жердегі бейітті тілге тиек етіпті. Сол бейітті ертеңінде Омбыдан келген жандарал келіп көрмек болады. Сонда бейіттің басында қонып отырған Сәдімбектің ауылы сол бейітті бұзып, кірпішін бір сайға тастап, орнын тегістеп, қой түнетіп жіберіпті. Сондықтан жандарал қуандық пен қаракесекті Нұраның суына ортақ қылып, бөліп беріпті. Содан ел «мола бұзған Сәдімбек» деп атап кетіпті. Ел адамдары анасының айтқаны айнымай келді дейді. Үшінші баласы Асан туғанда: – Осы, шіркін, даңғой болады-ау! Олай-бұлай жүгіріп, отқа, суға да түсе береді, - депті. Бір күні ауылда жайбарақат қымыз ішіп отырғанда, ауылдың үстінен құйын жүріп кетіпті. Сонда қымыз ішіп отырған Асан ауылының жігіттері «аттан» салып, жау қаптап кетті деп жабыла шауып, ел қырылып қала жаздапты. Кейін оның ұрпақтарын «Құйынға шапқан Асан» анасының айтқаны айнымай келді деп, күлкіге айналдырып жүреді. Төртінші баласы Балапан туғанда анасы: – Осы, шіркін, шешен болады-ау!- депті. Жылағанда таңдайынан мөр көрінеді екен. Балапан шешендікпен 18 жасында би болыпты. Бесінші баласы Үсенге анасы: – Осы, шіркін, кербез болар,- депті. Үсен қолына күйе жұқса қолын шошайтып, денесіне жуытпай кешке дейін жылайды. Мұның кейінгі ұрпақтары кірпігіне кір жуытпайтын шытырайған

сәнқой болады. Бұған да анасының айтқаны келді дейді кейінгі жұрт. Алтыншы баласы Бөденеге анасы: – Осы, шіркін, батыр болады! Емшегімді сорғанда сүйек-сүйегімді солқылдатады,- дейді екен. Бір жастан асқан соң, бұлқынып жылағанда өгіздің терісінен істелген қол бау шыдамай үзіліп қала береді екен. Кейін ол Қазыбектің жан шақ келтірмейтін батыры болыпты). Ауыс: Бір кіндіктен тараған ұлдардың ел ішінде танымал болғандығына байланысты айтылады [5, 45-46 бб.].

Мола бұзған Сәдімбек (арғын – Шаншар – Келдібек). Қуандық, Қаракесек болып Нұра өзеніне таласыпты. Даудың дерегі ретінде сол жердегі бейітті тілге тиек етіпті. Сол бейітті ертеңінде Омбыдан келген жандарал келіп көрмек болады. Сонда бейіттің басында қонып отырған Сәдімбектің ауылы сол бейітті бұзып, кірпішін бір сайға тастап, орнын тегістеп қой түнетіп жіберіпті. Сондықтан жандарал қуандық пен қаракесекті Нұраның суына ортақ қылып, бөліп беріпті. Содан ел «мола бұзған Сәдімбек» деп атап кетіпті. Ауыс: қажет болған жағдайда еш нәрседен де тайынбай, тіпті, шығаннан шыққан, ел ішінде бейбастақтық, әпербақандық саналатын әрекетке де барады деген мағынада айтылады [5, 45-46 бб.].

Құйынға шапқан Асан (арғын – Шаншар – Келдібек). Бір күні ауылда жайбарақат қымыз ішіп отырғанда, ауылдың үстінен құйын жүріп кетіпті. Сонда қымыз ішіп отырған Асан ауылының жігіттері «аттан» салып, жау қаптап кетті деп жабыла шауып, ел қырылып қала жаздапты. Кейін оның ұрпақтарын «Құйынға шапқан Асан» деп, күлкіге айналдырып жүреді. Ауыс: жөнсіз, жосықсыз, қажетсіз, пайдасыз әрекет жасап, ауа қарманғанның, дауасыз әрекеттің соңы әрқашан келеңсіз күлкіге ұшыратады деген мағынада [5, 45-46 бб.].

Бестеректің түбінде Бес үйлі Ақиіс демесін, Бес Мейрамға білдірмей, Басып жеймін демесін (арғын – сүйіндік). Қалқаманның Ақиісінен шыққан Боздақ бидің үнемі мәтел ретінде айтып отыратын сөзі. «Боздақ десе, Боздақ екен!», өмірінде сал болып, әдемі киініп жүреді екен, шешен де болса керек. Ақиіс Бестеректің түбінде өлген. Ауыс: кім болса да, қандай болса да басынан сөз асыра қоймас дегенге саяды [6, 172 б.].

Ажалыңнан бұрын өлгің келсе, не екі аяқты мотоцикл ал, не арғыннан қатын ал. Ауыс: көп жағдайда арғындардың өршіл, талапшыл, шулы мінезіне шыдамағандардың бәшіресі қашып, азып-тозып кететіні өмірде болып тұратын жағдай, соған байланысты шағыну, ескерту ретінде айтылады [7].

Арғын – аға баласы. Бұл сөз қазақ халық болып ұйысар тұста арғынның бастаушы күш екенін аңғартса керек [8, 4 б.].

Атым Аңғал, істеген ісіме таң қал! (Арғын – Атығай) Аңғал батыр атығайларды, оның Елтоқ атасын Керей тайпасының Қозы атасы Қотырқөл, Жөкей көлдерінің төңірегінде көшіп жүрген жерінен ысырып өз аталарын қоныстатады. Қозы керейлер осы жерлерден кеткен кезде, қуып шығушылардан кек алу үшін 70 мың биені айдап әкеткен. Бұл барымта керейлерге сәтсіз болған. Аңғал батыр жауынгерлерімен оларды Аққайың деген жерде қуып жетіп, керейлерге: «Атым Аңғал, істеген ісіме таң қал!» деп, семсерімен тасты шауып, қақ бөлген. Сол тас Аққайыңнан 15 шақырым жерде осы кезге дейін

жатыр дейді аңыз. Ал айтылған сөз мағыналық бірлік ретінде бүгінгі күнге жетті. Ауыс: жанына балаған, бағасыз дүние үшін жан беруден тайынбайды дегенді білдіреді [9, 310 б.].

Бес момын. Арғыннан Қотан, Қотаннан Дайырқожа, Дайырқожадан Қарақожа. Қарақожаның тоқалы Момыннан Ақсопы, Қарасопы, Сарысопы, Арықсопы, Нәдірсопы тараған. Момын ананың бес ұлы ту баста «Бес момын» аталған [8, 20 б.].

Жеті момын. Момын ананың бес ұлын ту баста «бес момын» атап, бірақ бертінде олар қаулап өскен соң, жеті ұрпағын даралап атап айтқанда, Қанжығалы, Тобықты, Әйти, Бәйімбет, Жанай, Қарауыл, Атығай руларын өзара таратып, үлкен шешесінің атымен «Жеті момын» немесе «Ортаншы арғын» атандырған [8, 20 б.].

Айбикенің ауылына қонғанша, Нұрбикенің көшіп кеткен жұртына қон (Арғын – Мейрам – Өтей). Ауыс: қолы ашық, дастарқаны мол, берекелі бәйбіше өз аймағында беделді адамның біріне саналатын. Берілген тұрақты тіркес өз ортасындағы еңбегіне қарай салыстырмалы түрде айтылған, яғни бірінің екіншісіне қарағанда, адамға деген құрметі басым дегенге саяды [10, 30 б.].

Аспандай арғын, жұлдыздай қыпшақ... 1917 жылдың қарсаңында қазақ халқының жалпы құрамы 6 млн. адамға жуықтаған. Ал қазақ қауымдастығының сол күндегі ең қомақтысы – арғын екен, олардың саны 890 мыңға жетіпті. Ауыс: ертеден айтылып келе жатқан осы сөздің шынайы мәні тегінде осы көптікте жатса керек. [8, 5 б.].

Арғын болсаң – Алтай бол, Найман болсаң – Матай бол, Алшын болсаң – Адай бол, ол болмасаң, мейлің, құдай бол! Әр іргелі рудың ішінде сауырлысы болса керек, яғни арғында – алтай, найманда – матай, алшында – адай. Ауыс: әркім белгілі дәрежеде өз елін, өз жерін мақтан тұтады дегенге саяды [11, 43 б.].

Алшын болсаң – адай бол, арғын болсаң – алтай бол, үйсін болсаң – ботбай, сиқым, жаныс бол, найман болсаң – қаракерей, садыр, матай бол! Өзгелерің қалай болсаң, солай бол! Әр іргелі рудың ішінде сауырлысы болса керек, яғни алшында – адай, арғында – алтай, үйсінде – ботбай, сиқым, жаныс, найманда – қаракерей, садыр, матай. Ауыс: әркім белгілі дәрежеде өз елін, өз жерін мақтан тұтады дегенге саяды [12, 25 б.].

Арғын бүлінсе Әйбикеден, Найман бүлінсе Жәмбикеден, Үйсін бүлінсе Күнбикеден. Бұл осы үш қыздың жатыры аса текті болғандықтан осы үшеуінен тараған ұрпақтың нағашысына тартып кетпесе деген қауіптен туған тіркес.

Шыңғыс хан дәуірінен бұрын Қызылбас деген елдің ханы Қатағанның ордасын Назар (Найман) батыр талқан етеді. Осы ерлігі үшін оған Қатағанның Жәмбике атты сұлу қызы беріледі. Қатағанның Айбике атты бір қызы Арғын еліне, Күнбике атты үшінші қызы ұлы жүзге беріледі. Осы оқиғаға байланысты қазақтың үш жүзіне кең тараған сөз қалған. Ауыс: ағайын арасының татулығы, көп жағдайда әйел адамның парасаттылығына да байланысты екенін тағылым ететін сөз [13, 15 б.].

Арғын – Тәйтеке болғанда, Алшын – Әйтеке болған. Өз Тәйтеке аталған Тәйтеке арғынның биі, алшын Әйтеке баласы Өміртай да тілді, шешен болған.

Ауыс: даулескер екі жақтың адамдары да тегін адам емес дегенге саяды [6, 148 б.].

Арғын-Найман аталас, Найман-Керей енелес. Шежіре дерегі бойынша Найманның бес жасында әкесі өліп, үлкен атасы Сарының тізесіне отырыпты дейді. Найманның шешесі Күнке деген кісі екен, ата жолымен қайнысы Қоянбайға тиеді. Қоянбай мен Күнкенің арасынан Керей туған. Осыған байланысты ел аузында «Арғын-Найман аталас, Найман-Керей енелес» деген сөз бар. Және бір мәтел «Найман-Керей енелес, Керейді Найман ешкімге теңгер емес, енелестер еніп сөйлесер, аталастар ат үстінде тілдесер» деп те айтады. Ауыс: тамыры, тегі бір [14, 87 б.].

Арғын алты ауыл болғанда, Найман жалғыз-ақ үй екен. Найманның жалғыз баласы Шұбартайы қайтыс болып, келіншегі жесір қалады. Арғынның балалары жесірге таласса да, Найманның келіні ақылға салып, атасына қыз әперіп, содан туған баланың ер жетуін тосып, кейін сол балаға күйеуге шығады. Осы аралықта арғындардың басы көбейсе керек. Бұл сөз содан қалған. Ауыс: уақыт өте келе бәрі де өз орнына келеді дегенге саяды [12, 15 б.].

Арғын деген арыспын, азуым алты қарыспын. Арғындар ұйымшыл, саны жағынан көп ел, жуандығы да баршылық деген мағынаны білдіреді [15, 3 б.].

Арғын – аға, Қыпшақ – жаға, Қоңырат пен Найман – еншілес егіз. Бұл сөз қазақ халық болып ұйысар тұста арғынның бастаушы күш, қыпшақтың қостаушы күш, Қоңырат пен Найманның да одан тысқары еместігін аңғартса керек [16, 30 б.].

Арғынды дауға жіберген, Адайды жауға жіберген. Арғын руында билер өте көп шыққан, шеттерінен шешен, даукес сөзге есе бермепті. Ал Адайлар өте күшті, батыр, жауынгер халық болыпты. Сол себептен халық арасында жоғарыдағы сөз тіркесі сақталған [11, 43 б.].

Арғынның арулары ашаң келеді, Ұнатқанына босаң келеді. Көбінесе, ашаң, өнді келетін аталмыш ру бойжеткендері сүйіспеншілікті қадірлей біледі дегенге саяды [17].

Атқа мінер қыз Арғыннан табылар, Аттанда жаныңнан табылар. Арғын қыздары қай кезде болмасын тас-түйін дегенге саяды [17].

Арғын барда Арқа бар, қойда марқа бар. Арғын атамыз тоқалы мен бәйбішесі туралы көп ойланады екен. Арғынның атағын шығару керек, малының өрісі де тар болмасын. Екі қатын арасында отырса үй ішінің тынышын кетіретінін де ойластырады. Сөйтіп, Арғын қоныс-жайлауын екіге бөліп, бірінші әйелінің, бәйбішесінің үрім-бұтағын – бәйбіше Арғын, тоқалының үрім-бұтағын – тоқал Арғын атандырады. Арғынның даналығы осы арада деседі. Арқа халқы «Арғын барда Арқа бар, қойда марқа бар» деп мақтанады. Ауыс: бәйбіше арғын, тоқал арғын ұрпақтары арқа жерін тұтас, еркін жайлап жатқандықтан да малды-жанды [18, 119 б.].

Ақбура, қазаныңа боқ тура (Арғын – Мейрам – Сүйіндік – Құлболды – Ақбура)

Бұл – қалжың, мысқыл мағынасындағы тұрақты тіркес, көбінесе, құрдас, тұтастар арасында әзіл-қалжың ретінде айтылады [19].

Битен-Шитенмен дос болсаң, қасыңда екі балтаң қоса болсын. Ауыс: кіммен дос болсаң да, ашығынан жарылып, бүкпесіз, риясыз болуға болмайды [20].

Қараға қонғанша далаға қон, далаға қонғанша молаға қон. (Арғын – Қаракесек – Тапас – Қара) Қаракесек ортасында айтылып жүрген сөз. Ауыс: мінез-құлқын, қалпын білетіндіктен, шаруа оңтайласарлық ретін таппассын дегенге саяды [10, 30 б.].

Ораздының баласы – Он бесінде «баспын» дейді, Қас сорлының баласы – Жиырма бесінде «жаспын» дейді. (Арғын – Қуандық – Оразды) Ауыс: болар баланы жас кезінен-ақ тануға болады [21, 400 б.].

Үш бозша. Арғынның тоқалынан Бозша деген әділдікпен ел билеген Жәнібектің жалғыз ұлы жастай өліп, артында немереден үш бала қалады. Құр үлкен, Балға оған тетелес, Қаранай үшеуінің ең кенжесі. Ел ішінде оларды және олардың жайлаған жерін «Үш Бозша» деп атап кетеді.

Айдабол руына қатысты тұрақты тіркестер

Айдаболдың асында шаппағанда, атаңның басында шабасың ба? (Арғын – Мейрам – Сүйіндік – Құлболды – Айдабол) Айдабол ертеде Орта жүз, Арғын елінің беделді де тапқыр билерінің бірі де бірегейі болған. Биден тараған ұрпақ бөлек ру тармағына айналып, «Айдабол» атанып кеткен. Ауыс: жөні, реті келіп тұрғанда айтпағанда, немесе бір істі тындырмағанда, қай уақытта бітіресің дегенде қолданыла беретін халық нақылы [22, 17 б.].

Айдабол, ас ішкенде пайда бол (Арғын – Мейрам – Сүйіндік – Құлболды – Айдабол). Ауыс: дайын асқа тік қасық дегендей, еңбек сіңірмей молшылыққа кенелгісі келетіндер жайлы айтылатын тіркес.

Артың болса, Айдаболдай ұл тап (Арғын – Мейрам – Сүйіндік – Құлболды – Айдабол). Бірде Арғын Сырдариядан өтіп, Қаратау жайлайды деген сөз естіле бастаған соң, қарақалпақтар арғын бұл жаққа келсе, жайлау тарылады деп көшті өткелден өткізбейміз деп тұрған қарақалпақтардың қарсылығына қарамай Құлболдың бәйбішесі Мақпал қара шұбар манат белдемшесінің етегін жинап алып судан өте шыққан. Сол кезде өткізбейміз деп тұрғандар ләм-лим дей алмай: «Пай, пай бәйбішенің бөкесіне болайын», – десіпті. Сонда Мақпал бәйбіше:

«Күлсең күлерсің, күлерсің

Күндердің күнінде көбің,

Езуің жия алмай жүрерсің.

Бұл қай бөксе, Айдабол шыққан бөксе,

Артың болса Айдаболдай ұл тап»,–деп жүре берген екен. Ауыс: мықтылығыңды атқарған ісіңнің нәтижелігімен дәлелде дегенге саяды.

Аруақтың соңы болған, Айдаболдың Шоңы болған (Арғын – Мейрам – Сүйіндік – Құлболды – Айдабол).

Атақты Шоң би туралы қалған бір ауыз сөз. Ауыс: аруақты адам қай кезде болмасын елдің құты деп есептелгендіктен, қазақ арасында өз ішіндегі белді, атақты адамдарын қадір тұтып, қастерлеп отырады [6, 167 б.].

Шоң би сөйлегенде қара арғымақты су түбіне батырады, Қазанғап сөйлегенде ол арғымақты судың бетіне шығарады (Арғын – Мейрам – Сүйіндік – Құлболды – Айдабол). Шоң би Едігеұлы (1764-1836). Баянауыл сыртқы округінің 1833-1836 жылдардағы аға сұлтаны. Қазанғап Сатыпалдыұлы (1771-1856). Арғынның асыл туған ардагерлерінің бірі. Баянауыл сыртқы округінің 1843-1848 жылдардағы аға сұлтаны. Шоң би де, Қазанғап би де мейлінше ділмар, барды-бар, жоқты-жоқ қып дәлел айтып сөйлеуге шебер болса керек. Ауыс: жүйесін тауып шешен сөйлей білген адам, қандай дауды болмасын тиісті дәрежеде ретті шеше біледі дегенге саяды [23, 120 б.].

Қараша ұрысса, бермес араша. Боздақ бидің қызы Жәудіркөз Сексеннің Қарашасына ұзатылыпты. Жалғыз басты, «салт атты, сабау қамшылы» болып келіп, Арғын ішіне орныққан. Өз жерінде алты ағайынды екен: Баяу, Қараша, Күнбет, Самбет, Әлібай, Толыбай, Қараша екі қатынды болған.

Қарашаның мінезіне байланысты қалған сөз. Ауыс: кейбіреулердің қылығы мінезіне сай болатындықтан, оларды жөнге салу немесе тәртіптеу мүмкін емес дегенді білдіреді [6, 171 б.].

Молдаш Қуысы. Молдаштың кені. (жер атауы) Абыралының сүйікті әншісі Қажықожа ағаның әкесі Молдаш Көшенев бүкіл Қарқаралы жұртшылығына белгілі, үлкен абырой-атағы болған әйгілі жан. Осы сөз сол себептен айтылған [24, 347 б.].

Молдаштың бес қасқыры. Жүгінейдің Кедей руынан шыққан Молдаш деген кісінің тентек, елге танымал бес ұлы болады. Ел ішінде оларды тентектіктері үшін Молдаштың бес қасқыры атап кеткен. Ауыс: ел ішіндегі кез келген іс-әрекет алақандағыдай көрініп, тиісті бағасы беріліп, соған лайық аты қойылып, айдары тағылады. Ұр да жық, шалыс тентектік кезінде айтылады [8, 152 б.].

Үйде Шоңы бар, түзде Шорманы бардың не арманы бар. «Керей, Қанжығалыға бітімге баралық!» – деп, Шорман Шоңға келгенде, Жер турасынан ұрыс-талас болып, Тұрсынбай баласы Боштай Шорманға болысып, Баянауылдан қырық орыс алып шығып, Қанжығалы ұрыс-төбелес қылып, орыс мылтық атып, Қанжығалының жеті ері оққа ұшып өліп, осы даудың бітіміне бас қоспақ болғанда: «Мен қалайын, сен бар: «Үйде Шоңым бар!» деуіңе жақсы ғой! Төрт болыс жарым Қанжығалыда Нұрқан төреден басқа қазақ тілін білетұғынның өзі жоқ. Оның өзі де жазғытұрғы қақтың суы сықылды: бір суалып қалса, ар жағында бұлақ боларлық көзі жоқ. Сенімен екі-ақ күнге текірекке жарайды. Үш күннен соң, Момын баласы ақылын тауысып: «Өзің біле бер, не қылсаң да», – дегеннен басқа дәнеңе айта алмай қалса керек, тізгін өзіңе тиген соң, кісіден сөз үйренетұғын кісі сен емессің. Ойлаған жеріңе келтіресің, бар, жолың болсын, бара бер! Үйде Шоңы бар, түзде Шорманы бардың не арманы бар – демесін деп қоя берді дейді. Шоң би айтқандай төртінші күні Керей, Қанжығалы дәнеме айта алмапты. Шорман бидің сөзді ұтып сөйлеп, ретін келтіргеннен Қанжығалының жеті ері құнсыз кетті дейді. Ауыс: үйде де түзде де істің ретін бірдей келтіру, бірінің сөзін бірі тыңдау, бірлесе әрекет жасау көп кемелдің арманы [6, 176 б.].

Өліп кетті Өтекең, Майға толды Көтекең. Айдабол балаларының арғы атасының аты Көтібақ болған. Ауыл ішіндегі істің аяғы насырға шауып (Абыралы жерінде), кісіге жазығы жоқ, көпшіл де діншіл жан Өтебай қазаға ұшырайды. Екі ауыл да бір Үсеннің балаларынан. Елдің тыныштығын, азаматтардың амандығын қалайық дей отырып, сол елдің болысы, сыйлы адам Ноха қажы 2000 теңгедей ақшалай құн кескен екен. Ел ішіне таралып кеткен жоғарыдағы сөзді Өтебайдың құрдасы Күлшім айтып елге таралып кетіпті. Ауыс: адам өлімі болса да күрмеуі қиын істің шешімі оң болып жатса, ағайын арасына жік түспесе деген игі тілекке үн қоса айтылған сөз [25, 110 б.].

Абыралы болысында 1896 жылы 13 ауыл 2034 отбасы қоныстаныпты. Әр ауылдың басшысы болған, 13 ауылды болыс басқарған. Болысты Қарқаралы уезінің бастығы тағайындап отырған [24, 386 б.].

Балықшы түрікпен (Арғын – Қарасопы – Бәсентиін) Көп арғынның жасаушылары келе жатып 12 жасар бір бала тауып алады. Бәсентиінге байлайды, сөйтсе ол бала: «Қожант шаһарінікімін, хан баласын ойнатып жүрген балалар едік ортамыздан хан баласы суға кетті. Сонан соң барсақ, бізді хан өлтіреді ғой деп тоз-тоз болып жолға қашып шығып кеттік. Тегім түрікпен», - еді деген соң, Бәсентиін бала қылып алыпты. Мұнда келген соң, жерінде көрген өнегесі болған соң, балық аулайтын бала болып, «балықшы түрікпен» аталып, күні бұл күнге дейін тұқым-жұрағаты ұрпағы бар [26].

Бес бақан (бәсентиін). Бердібай орта дәулетті адам. Оның есімін Ертіс бойына әйгілі еткен Балтақара, Жұмантай, Шәріп, Солтан, Өтежан атты үйелмелі бес баласы екен. Бесеуі де өңшең «сен тұр, мен атайын» әпербақан, «сал сойыл» болыпты. Белдеуден бес ат, босағадан, бес бақан кетпейді екен, сондықтан оларды үлкендер жағы осылай атаған. «Аттан», «Жау шапты» деген қиқу келсе болды, бесеуі бірдей кіріскенде, қандай жауды болсын жапырып жіберетін көрінеді. Сол аталардың кейінгі ұрпақтары да еркөңілділігі, жомарттығы, шөлкем-шалыс мінезі жағынан болсын Бес бақан аталарына тартқан [23, 240 б.].

Құбыл тоқал (бәсентиін). Көшеншүректің бір тармағы Шүректен туған Амалдық, Баян және Қанай өз аналарының атымен Қарашаш деп аталады. Ол жаугершілік кезінде келіп, Шүрекке әйел болған, шашы қап-қара болған соң Қарашаш деп атанған қыз екен. Қарашаш егде тартқан отағасы Шүректі өте қастерлеп күтетін болыпты. Киіз үйдің есігін үнемі ық жаққа қарату үшін, желдің бағыты күніне неше құбылып өзгерсе, киіз үйді сонша рет жығып, қайта тігіп беретін көрінеді. Сондықтан ауылдастары осылай атаған екен [25, 240 б.].

Есен-Бозымның Есенінен еркек тұқым жоқ. Есеннің жеті қызы болған. Жеті қызын жеті жерге беріп, әрқайсысынан бір бала асырап алып, бала қылған. Қатын алып беріп, мал малдандырып, жан жандандырған: Қоскелді, Қылтышар, Лабашы, Банқалдай, Есіркеп, Нияз, Жолымб. Бұлардың жеті ру атанғаны сондықтан. Ұзын оқты оннан бол, қайдан болсаң соннан бол дегендей, оннан-мұннан құралып, Қанжығалы болды. Ауыс: ағайындас адамдардың ішінде ер баласы болмаған туысқандары болғанда айтылатын сөз [12, 46 б.].

Момынның ақылы үш күндік. Нұрқан мен Бапан Қанжығалының бірі – төресі, бірі – биі. Бұлардың заманында Төртуылдың адамы – Шоң би мен

Шортан би. Төртуылдың Қаржас деген еліменен Қанжығалы Ерейментауға даулы болған екен. Жер турасынан ұрыс-талас болып, Баянауладан қырық орыс алып шығып, Қанжығалы ұрыс-төбелес қылыпты, орыс мылтық атып, Қанжығалының жеті ері оққа ұшып өліп, кейін Керей, Қанжығалы дауына Шорман барады. Сол кезде Шоң би Шорманға былай деп ақыл береді. Осы үш күнге шейін бітімге шықпай бөгелгейсің. «Момынның ақылы үш күндік» деген сөз бар-ды. Үш күннен соң, Момын баласы ақылын тауысып, «өзің білге» келетұғын дейді. Айтқандай үш күнге шейін билікке шықпай, кідіріп төртінші күні шыққанда Керей, Қанжығалыдан шыққан би (Нұрқан төре) аузына басқа сөз түспей «өзің біл, өзің білден» басқа дәнеме айта алмапты. Сонда Шорман би: - Өзім білсем, жеті еріңнің құнын алып, Ерейменнен күллі Қанжығалы шығып кетсең де, ықтияр өзіңде. Жоқ, жеті ерің құнсыз қалып, Ерейменді түгелімен алып қалсаң да, ықтияр өзіңде...

- Өлген жеті кісіге бола, екі болыс ел қыстап отырған Ерейменді қалай тастап шығып кетеміз?- деп, жеті ердің құнын кешіп, Ерейменді Қанжығалы иеленуге ықтияр болды дейді. Ерейменде Қаржастың жеті-ақ қыстауы бар екен. Онан өзгесі Қанжығалының бұрыннан өз қонысы екен. Шорман бидің сөзді ұтып сөйлеп, ретін келтіргенінен Қанжығалының жеті ері құнсыз кетті дейді. Қанжығалы Қоскелді Досан ақын Қаржас Елтай ақынмен айтысқанда, былай деген екен:

Ұры Қаржас деген соң, ұры Қаржас,
Жанторсығың жаныңда, сірі Қаржас.
Жаз жіберген көбенді қыс қоймайсың,
Тұқымың мұнан жаман, құры Қаржас.
Сонда Елтай ақын:

Керей мен Қанжығалы сен емес пе ең?
Байлаулы бұзауыммен тең емес пе ең?
Кешегі жеті еріңді құнсыз қылған

Балам-ау, әкең Қаржас мен емес пе ем, – дегенде Досан ақын дәнеңе айта алмай, жеңіліп қалыпты. Ауыс: қазіргі кезде ретін тауып, ақылмен кез келген түйінді істі өз қолайыңа жағымды етіп шешуіңе болады деген сөз мағынасында айтылады [27, 196 б.].

Бәсентиін-Бұқа, Көбірміз (Арғын – Қарасопы – Бәсентиін). Бәсентиін ішінде «Бұқа, Көбірміз» дейді. Бұқа Көбір кімнің баласы десең әкесінің атын жан білмейді. Көзімен көріп, қолымен туғызып алған ешкім жоқ. Айтушылардың айтуы: Бұрынғы замандарда Бұқар, Самарқан хандарының біреуінікі болса керек. Татарбай деген құл екен. Қазынаға қиянаты білінген соң: «Елге, жұртқа жолама деп, жер аударып жіберіпті. Ол заманда жер аударғанда Сырдариядан әрман өткізіп тастайды екен. Қаңғып жүріп, жеке саяқ бір қаңғып жүрген қатын кез болып, екеуі қосылып, ерлі-байлы болып жүргенде буаз болып, егіз ұл тауып, бірінің атын Бұқа, бірінің атын Көбір қойыпты. Бұқадан – Майемер, одан Тауасар. Бұлардың түпсіз-тексіз екені мынандай жұмыстан білінеді. Тауасар өлгенде шулап жылайтұғын адам жоқ. Үш күн жаназасыз жатыпты. Кім болсын, ол болсын бір жолаушы мен жаназа шығару білемін деп жаназа оқыпты. Сонда жаназаға оқыған дұғасы:

–Мұның тегі бұқа еді
Бұқа шабы жұқа еді.
Өзіңе-өзің, өзіңе,
Өзіндікі екі қара көзіңе!
Бар Тауасар бара бер!

Жаназанды кеш оқыған мен – депті. Тауасар жаназасы Бәсентиін ортасында күлкі болған. Ауыс: тексіздікті әрі тексіздіктің бірнеше ұрпаққа тарағандығына мысал ретінде айтылады [26].

Күлік руына қатысты тұрақты тіркестер

Мәжікпен бір туысқан ер Шоманақ, Қойыпты Құлболдыны құдай қалап (Арғын – Мейрам – Сүйіндік – Құлболды – Күлік). Шоманақпен бір туысқан Мәміктен Малай, Жәдігер ұрпағы өзге төртуылға қарағанда аз, Құлболдымен туысқан Жанболды өспегендіктен күні бұл күнге шейін Құлболды атымен аталады. Құлболдының бәйбішесінің аты Мақпал. Мақпал бәйбішесінің тұңғышы Күлік, ортаншысы Тұлпар, кенжесі Айдабол. Бұрынғы ақындар бұны өлең қылып айтады екен. Ауыс: алланың көзі түзу болса, өсерсің де өнерсің де деген пікір [12, 19 б.].

Жеті ер құнсыз болсын, Күншалмас Қанжығалынікі болсын. (Арғын – Мейрам – Сүйіндік – Құлболды – Күлік) Жаңабатыр (1740-1835) қартайған шағында Ерейментаудағы Күншалмас деген шүйгін жайлауға Қанжығалы мен Сүйіндік рулары таласып, жеті адам оққа ұшады. Сонда Жаңабатыр би Сүйіндік жағынан сөз ұстайтын билерге мынадай ақыл береді: «Жеті ер құнсыз болсын, Күншалмас Қанжығалынікі болсын» деген бітімге берік тұрындар, жеті момын ұрпағы ғой келісер. Айтқанындай, Қанжығалы жағы Күншалмас жайлауының жеті қыстауы ғана сүйіндіктікі болса да соған қанағат етіп, келісімге келеді. Ауыс: қарсыласыңның мінез-құлқын, болмысын жақсы білсең, дау-дамайды өз пайдаңа шеше аласың деген сөз [23, 89 б.].

Зор құдайдың күші Бекетай быламық ішті (Күлік – Жаманкөз – Нияз – Жаманке – Қожеке – Бекетай). Бекетай болыс болып жүргенде бір кедей, жер үйде отырған егінші, жалғыз аты бар жігіттің үйіне келіп қонады. Жігіт әркімнен қонаққа сою үшін қозы-лақ қарызға сұрайды. Ешкім ешнәрсе бермейді. Амал жоқ, торығып, атын соймақ болады. Бекетай атын сойғызбайды. Сонда жігіт: «Сізді қалай аш жатқызамыз, қонақасыға беретін тамағымыз жоқ», -дейді. Бекетай жігітке: «Қиналма, жоққа жүйрік жетпейді, өздерің не ішсеңдер, мен де соны ішемін», -дейді. Үйде бары быламық екен, барлығы быламық ішеді. Сонда жігіт налып: «Зор құдайдың күші, Бекетай быламық ішті» дейді. Ауыс: барлық, байлық, дәулет үнемі сенімен бірге емес, бір күн дүние көл-көсір бар болса, бір күн тып-типыл жоқ болуы да мүмкін дегенге мегзейді [28, 121 б.].

Күлік, жүрген жерің бүлік (Арғын – Мейрам – Сүйіндік – Құлболды – Күлік). Өзінен жүйрік туа беретұғын ел. Қыс айында соғымның еті асылып жілік болса, ал жаз айында Күлік елінің сауық-сайран салып жүруін айтамыз. Ауыс: белгілі бір адамның туа біткен қасиетіне, оның ішінде көп жағдайда қоғам

калыптастырған тәртіпке бағынбай әуре-сарсаңға түсушілікті келемеждеу дегенге саяды [12, 17-20 бб.].

Қыс шілдеде жілік жүгіреді, Жаз шілдеде Күлік жүгіреді. (Арғын – Мейрам – Сүйіндік – Құлболды – Күлік). Ауыс: қыс түсе қазақ шаңырағы соғымын сойып, етін жеп, қысты өткізеді, ал жаз шыға дүлдүлі көп Күлік елі сауық-сайранды бастап жібереді [29, 15 б.].

Арғында - Тілеуімбет, Алшында – Жолымб. (Күлік – Тілеуімбет) Үй тентек, айран көз, белдеу ұстап, безерлік қылуға мығым болғандықтан, батырлықпен, билікпен, құнды-пұлдылықпен емес, қисық-қыңырлықпен аты шыққан. Ауыс: Бір тентек кімде болса да, қай жерде болса да бар [29, 15 б.].

Он алты ұлды Тілеуімбет (Күлік – Тілеумбет (бәйбішесінен)). Аты шыққан айран көз, тентек әрі ұлдарының саны он алты болғандықтан ел ішінде «он алты ұлды Тілеуімбет аталып кеткен». Ауыс: көп қорқытады дегенді білдіреді [29, 15 б.].

Сары атты Сексен (Күлік – Сексен. Күліктің сексен жасында тоқалынан туған). Өзі жұтап, жұттан қашып, шұбырып келе жатқан қазақтың көшіне көш жөнекей қалмақ оқтай ұшырап алты баласы мен Наурыз қашып құтылып, он алты бала ат арқасында соңынан шұбырып жүрген Тілеуімбет қашпай, соғысып қалып, басы отағасының өзі болып бықырт тауыпты. (Наурыз, Тілеуімбет, Күліктің балалары). «Сары атты Сексен» атанған Сексен жүкті түйені жүгімен алып қашып құтқарыпты. Ол түйеде екі бала бар екен. Сол түйенің үстінде жан сақтап қалған баланың бірі – Бесім, одан Ақжігіт – Сермағамбет – Санжасар – Көпжасар. Көпжасары қораш, уақтау туғаннан «Көпей» атанып кеткен. Көпжасардан Мәшһүр Жүсіп туған. Ауыс: киім киісі, жүріс-тұрысына қарай қойылған лақап есім [29, 15 б.].

Қаракесек руына қатысты тұрақты тіркестер

Қаракесектен-қайырымдылықты, Уақтан-байымдылықты үйрен. Қаракесек руынан мәрт, жомарт адамдар көп шыққандықтан, ал уақ руының адамдарына, көп жағдайда, сабырлық, байыптылық тән болғандықтан ел аузында қалған сөз [30].

Қаракесек көп пе, қара шыбын көп пе? Қазақ-қалмақ шапқыншылығында таланатын – мал, тұтқындалатын – адам. Олжаланған жас қыз-келіншектер күнге айналған еді. Шапқыншылықтан кейін сол қыз-келіншектер елдің игі-жақсылары мен батыр-бағландарына таратылатын «олжа тоқалдар» мен «күн тоқалдарына» айналатын. Қазақтың да, қалмақтың да ру-тайпалары олжа болып келген қыз-келіншектер ұрпағынан осылай өсіп-өніп көбейе берген. Қазақ ұрпағының көбі тоқалдан тараған ұлдар екенін мойындаған жөн. Оған қатысты көп мысалдың біріне қалмақ қызы – Қарқабат анамыздан тарап, көп болып өскен қаракесектер жатады [31, 268 б.].

Қарқаралы Қамбары. Ел аузында қоныстанып отырған жеріне орай Қаракесектен тарайтын қамбар руын осылай үш топқа бөледі [8, 188 б.].

Көкшетау Қамбары. Ел аузында қоныстанып отырған жеріне орай Қаракесектен тарайтын қамбар руын осылай үш топқа бөледі [8, 188 б.].

Абыралы Қамбары. Ел аузында қоныстанып отырған жеріне орай Қаракесектен тарайтын қамбар руын осылай үш топқа бөледі [8, 188 б.].

(Арғын – Болатқожа – Қаракесек – Айбике – Келдібек).

Қырда Шыныбай, ойда Қазанбай (Арғын – Қаракесек – Жалықбас). Исі Жалықбас руында өткен ғасырда (19 ғ. Абайдан үлкен) шапшаң айтқыштығымен, ақылымен, заман ауқымын аңғарғыш сұңғылалығымен есімі жұрт аузына ілінген Шыныбай Қанашұлы Тоқсанбайтегі болса керек. Қарқаралы дуанына аға сұлтан да болыпты. Ол төңірегіндегі ағайынға қамқор да қажет болған жағдайда тізесін де батырса керек. Шыныбай ауылына дәулет те мол біткен әрі ұрпақтарынан ел тізгінін тең ұстаған болыстар да болыпты. Ал Қазанбайдың есімі бүкіл Арғын-Қаракесекке мәлім болса керек. Ауыс: екі қиырда, екі шетте жүрсе де екі жаққа қызметі де жаққан, тізесі де батқан, өмір жолың қаласаң да қаламасаң да солармен шектесіп жатады дегенге саяды [8, 188 б.].

Қара-Шормыз, жаратқаннан да зормыз (Арғын – Болатқожа – Қаракесек – Бөтей) Бөтейден Бәтешор, Қалыңшор (Қарашор), Дәулетшор, Ақсақшор. Бәтешор ұрпақтары молайып өскен соң, әрі ірілігін, күштілігін даралау үшін, өзін зормыз деп жариялаған қалың шор Қара Шор атанған. «Қара-Шормыз, жаратқаннан да зормыз» деген сөз содан қалған. Бөтей Тымырсақұлының ұрпақтарынан аузы уәлі би, алғыр шешендер шыққан (Кенже би, Ақберген би, Биұзақ Иманұлы, Әміре Ыспанұлы, Матайдың Кәрібайы, Ыспатай Райымбекұлы т.б.). Ауыс: өз ортасынан билік, батырлық, барымташылық т.б. қасиеттерімен аты шыққан, көптігімен де танымал әулеттен қайтсең де ығасың дегенді білдіреді [8, 181 б.].

Ожырай кетсе орнына – Жаппас қонар жұртына (Қаракесек – Байсары – Бозаншар – Сәду). Қыдуар тентектен туған ағайынды Асанқожа жесіріне Сәду және Салау ілесіп келеді. Қыдырқожа бай Сәдуді-көзі өткір, тіксінген ұсқынына қарап «Ожырайған неме екенсің!» деп, ал Салауды-үнемі бұтын ашып жүргендіктен «Бұтын жаппас» деп атаған. Содан ауыл аймағы «Ожырай-ожырай» деп кекетіп-мұқата берген соң, Сәду Сыр бойындағы нағашыларына кетіп қалады, Бай Алтын деген қызын Жаппасқа еншілес етіп, көшіп кеткен Ожырайдың жұртына апарып қондырады. Ауыс: бір істі лайықтасаң, аяқтасаң тура сондай екіншісі даяр тұрады немесе біреуінен құтылсаң тағы сондай біреуі пайда болады дегенге мегзейді [32, 13-14 бб.].

Қыдыралы, Кедейсің, Қойке келсе не дейсің? (Қаракесек – Байбөрі – Жүгіней) Жүгінейдің бәйбішесі Күнсұлудан – Кедей мен Қыдыралы, Оразбике есімді тоқалынан-Қойке, Есбалақ, Жарбол, Хангелді, Баян, Кенжек. Бұлардың тентегі де, серкесі де, еркесі де, үлкені де – Қойке. Осы тіркес, тегінде бәйбіше балаларын, әмбе тұқымы өсіңкіреген әулетті орнын көрсетіп, тежеп ұстау үшін айтылған. Қойкенің батырлығын, мәрттігін, артық туғандығын інілері ғана емес, төңіректегі қалың ел түгел мойындаған. Ауыс: әрқашан әліптің артын бағып, бүгінгі ісіне ертең жауап алатын адам барлығын естен шығармау керектігін меңзейді [8, 248 б.].

Он жеті ұлды Бертiс. Қарқаралы хан Бертiс (арғын – қаракесек). 17 ұл ат арқасына мініп, соңынан ерген соң, жалғанның жарты пәлесі болған басына құстың қауырсынын қадап алып, қарқаралы хан Бертiс атанған. Ташкентті барып шапқан, талаған. Мұны Бұхар ханы естіп, соғысуға келген. Сонда Бертiстің Бұхар ханына айтқаны: «Он жеті ұлым бар, сен түгіл құдайдың да өкпесі қабынып, алса да зорға алар»,–депті. Бұхар ханы: «Құдайдан қорықпағаннан қорық»,–деген деп, қайтып кетіпті. Бертiс үйіне келіп түскен соң, ұлдарына іш ауруы жабысып, үш күнде түгелі өліп кетіпті. Ауыс: асылық сөйлегеннің тартар азабы шексіз [12, 30 б.].

Отыз ұлды Қожан (Арғын – Болатқожа – Қаракесек – Тапас – Қара – Шор). Қаракесектен шыққан Қожан тентек: «Қара шорыңмын, Құдайдан соңғы зорыңмын!» дейді екен. «Отыз ұлды Қожан атанамын» деп, бала-шағасы көп жас жесір қатындарды ала берген екен. Қожан тентек он жеті қатын алған. «Отыз ұлды Қожан» атанған. Бұл бұрынғыдан бар сөз. «Отыз ұлды Байзақ», Кіші жүзде отыз ұлды Дастан, жиырма ұлды Рай, Қаракесекте он жеті ұлды Бертiс, Қаракесекте он алты ұлды Жоламан, Күлікте он бес ұлды Тілеуімбет, Алтайда он үш ұлды Саңырық, Айдаболда он ұлды Еламан, Қуандықта тоғыз ұлды Аралбай, тоғыз ұлды Тоқбура, тоғыз ұлды Итқара, тоғыз ұлды Мұрат, Бекайдар Тінәліде тоғыз ұлды Түгелбай, Айдаболда тоғыз ұлды Мамыт. Санның сүйкімді жері – тоғыз.

Егізді ешкі де табады, сегізді ит те табады. Біреу – теріс: жалғыздық бір құдайға жарасады. Екеу – керіс, үшеу – ұрыс, төртеу – дұрыс. Бесеу – бес шоқпар, алтау – алты бақан, жетеу – жеті ит. Сегіз болды иттің күшігі есепті. Тоғыз болды, толық болды.

Ауыс: көшпелі елдің салтында жанды-жақты болған өз елінде бедел, сыртқы жауға айбар саналған. Сондықтан жауға шапса самаладай болып бірге шабар, бейбітшілік уақытта бірлесіп мол ырыс әкелер ер-азаматы көп шаңырақ, оның ішінде де айтулысы, қырпулысы, белгілісі ел аузында ұлдарының нақты санымен мақтан үшін де дұшпанын қаймықтыру үшін де санмен айту салты болғандықтан сақталған [6, 193 б.].

Қозы-Шоқайлы (Қаракесек – Қамбар – Олжаш – Қозы). Қозы, Қаракесектің бірі – Қамбар руы. Бұл ата тегінде «Шоқайлы» атанған, оның себебі етігінің өкшесін қисық басатын әдеті болған дейді, біздіңше, мінезінде де жөн сөзге көнбейтін шоқайлық болса керек. Ауыс: белгілі бір ру адамының мінезіндегі кемістікті білдіреді [8, 205 б.].

Тоқсан үйлі Толыбай (Қаракесек – Абыралы Қамбары – Жабық – Қожай – Толыбай).

Толыбай Қожайұлы ХҮІІ ғасырдың аяқ шенінде туып, ХҮІІІ ғасырдың алғашқы шірігінде өмір сүрген кісі. Өз заманында батыр да, палуан да атанған кісі. Ақыл-парасатты, кісілік қасиеті де аса мол, ерекше дәулетті кісі болған. Бергі замандағы ұрпақтарының айтуына қарағанда, Толыбай жасаң кезінде Қанжығалы қарт Бөгенбайдың жасағында болып, құба қалмақтармен болған шайқастарға қатысып, неше алуан ерлік көрсетіпті. Алайда, Абылай хан әскері, Бөгенбай ерліктері туралы жазбаларда Толыбайдың есімі кезікпейді. Бірақ, Толыбайдың бес әйелінің қазақ, қырғыз, қалмақ, қарақалпақ қыздарынан болуы

оның жай адам еместігін аңғартады. Тілеу мен Шана ұрпақтарын бастап келіп, Абыралының түстігі мен батыс бөктеріндегі шұрайлы, таулы өлкеге қоныстандырған жан. Басына бақ қонған, мол дәулет біткен, ұрпағы да өсіп-өнген адам. Бес әйелінен Толыбай 11 ұл көріп, оларды 18 ауыл етіп шығарған Оның осыншама әйелдерінен қалған ұрпақтары бертінде «Тоқсан үйлі Толыбай атанған». Ауыс: толысқан, жанды-жақты, көп деген ұғымда жұмсалатын сөз [8, 212 б.].

Қаһарлы Жанақ. Жанақ Жаңабатырұлы (1768-1863) – басқа адамдардың ықтияр-ыркын баурап, мінез-кұлқын, болмысын өзгертетін ерекше қасиетті кісі, әсерлі өріс иесі (гипноз). Туған жері әулиелі Қызылтудың баурайы. Ел ішінде ол Әулие Жанақ, Көреген Жанақ, Доғал оқты Жанақ, Қаһарлы Жанақ атанған. Жанақтың қасы қалың болып көзін жауып тұрғандықтан, сәлем берген адамды көру үшін саусағымен қасын көтеріп: «Қай баласың?»–дейді екен. Халық жадындағы әңгімелерге қарағанда, ол бір құпия қасиеттің иесі болған көрінеді. Мәселен, қырсық шалған жат пиғылды адамды, не малды сұқ саусағымен көрсетіп: «Аттым» – десе, ол адам көп ұзамай о дүниелік болатын көрінеді. Өзі біреуге ренжісе: «Әй, жаным, ақшолаққа оқ салдырайын демесең, тыныш жүр»–дейді екен [23, 89 б.].

Қойды теке бастайды, бізді Айдос бастайды (Арғын – Қаракесек – Әлтеке (Айдос)). Жидебай батырдың руы Қаракесек ішінде Әлтеке. Ол жанама аты, шын аты Айдос. Әлтеке атанғаны бұл кісі жаугерішілікте үнемі алда болады екен. Содан Айдосты қойды теке бастайды, бізді Айдос бастайды деп құрбылары Теке дейді екен. Содан Айдос-Әлтеке аталып кеткен. Ауыс: істің бастаушысы, көш басшысы деп қалжың ретінде айтылатын сөз [33, 4 б.].

Тарақты руына қатысты тұрақты тіркестер

Ноқта аға (тарақты). Қазақтың үш жүзінің ішінен үш атаның баласынан Ноқта аға белгіленіп сайланыпты. Ноқта – жетелеуші аға, бастаушы, жетекші, басшы дегенді білдіреді. Ұлы жүз ішінен – жалайыр, орта жүзден – тарақты, кіші жүзден – тама рулары ноқта ағасы болып саналса керек. Жалайыр, тама, тарақты елдерінің таңбасы біркелкі тарақ таңбалы болған. Кейбір шежірелерде, ел аузындағы аңыздарда Жалайыр, Сыбандау, Ақтанберді батырлар жауға қарсы үш бұтақты найза ұстап шығатынын айтады. Бұл үш елдің ноқта ағаларына бірдей үш бұтақты тарақ таңба беруі, үш жүзге бірдей үш елдің Ноқта ағасы деген таңба болуы мүмкін деген болжам жасауға болады. Бұл үш рудың бас батырларының үш бұтақты найза ұстаулары да содан болар. Бұл үш рудан басқаларында тарақ найза кездеспейді [5, 13 б.].

Төре жоқта ноқта ағасы төрелік етеді (тарақты). Ноқта ағасы – жетелеуші, бастаушы, басшы дегенді білдіреді. Ұлы жиын, тойларға, дүбірлі астарға көп үй тігілгенде айырым, оқшау үш үй тігіліп, бұл үш ордаға үш елдің ноқта ағалары түседі екен. Орта жүз елінде аса даңқты үш адамға – арғын Сандыбай, керей Сағынай, найман Сейдәліге үш жүздің басын қосып, ас берілгені белгілі. Осылардың әрқайсысында қонақ түсетін 1000 үй және үш ақ орда бөлек, оқшау тігіліпті. Сол Сағынай, Сандыбай асында ноқта ағалары түсетін ордалардың

бірінде Тарақты Байғозы батыр нөкер қосшыларымен түсіп, ел аманатын атқарып келген екен. Байғозы тарихта аты қалған атақты батыр, белгілі би. Наймантай батырдың баласы. Кейіннен найман Сайдалының асына орта жүз ноқта ағасы түсетін ақ ордаға Тарақты Тұяқ деген білгір, шешен жігіт ноқта ағасы болып түсіпті. Байғозы ноқта ағасы болып ортаға түскенде келісіп, ұнасып тұрушы еді. Байғозының өлгенін білеміз. Бүгін ақ ордаға тарақтыдан кім бас болып түскенін көрейік деп, орта жүздің ығай мен сығайлары ордаға келіп сәлемдесіп, сөз бастап: - Байғозы өлген соң тарақтыдан ақ ордаға түсерлік ұл туған жоқ деп естіп едік. Бүгін қайсысың ноқта аға ұстар болып келіп отырсыңдар? – депті. Тұяқ былай деп жауап беріпті: – Әлтеке де, Жидебай да менің жиенім, дуан басы Ыбырай ол да менің жиенім, Қосабай мен Өтебай ол да менің жиенім, Шұбыртпалы Ағыбай ол да менің жиенім, Бөгенбай мен Қабанбай ол да менің жиенім, Қаз дауысты Қазыбек ол да менің жиенім, Шақшақұлы Жәнібек ол да менің жиенім, қайсыбірін айтайын, түбінді қазып қайтейін, ақ ордаға түсерлік бүгін тарақтыдан ұл тумасы бар асылы қыздарға кетіп жатқан шығар, – деген екен. Сонда кісімсіп келгендердің аталарының барлығы тарақты қыздарынан туған жиен екендігі рас болғандықтан келушілер Тұяққа жауап қайтара алмай бас иген екен. Тарақты 18 болыс ел болғандығы шежіреде айтылады. Сыр бойында екі болыс – Терең өзек, Сыр болысы; Сары су бойында екі болыс – Сүрен, Қойтас болыстары; Торғай, Жезқазған өңірінде – Қызылтау, Ақтау, Ортау, Ақадыр болыстары; Сол сияқты Абыралы, Жалаулы тауларын мекен еткен бір болыс тарақты қазіргі Ақбұлақ жеріндегі Ақбұлақ, Таңат, Матай тауларын мекен еткен. Тарақты, Қашақ, Тышқанбай болыстары, олардың сыртында арғын, найман, байжігіт елдерінің болыстарына қосылып жырақ жүргендері қаншама. Ауыс: даланың жазылмаған заңы бойынша, әр істің тетігін білетін, әр жұмыстың ретін ыңғайлайтын тиісті адамдары болады, яғни сондай ретті істің күрмеуін шешетін адамы, сәті болмағанда, оны реттейтін де адамы сайлаулы дегенге мегзейді [5, 12-14 бб.].

Мамырбай құда болыпты, Жасыбайға демекке, Жасыбай құда болыпты, Мамырбайды жемекке (Жасыбай – тума қылыш, Мамырбай – тарақты). Тарақты мен тума Жамбастоған мен Жұмыршақта қойы қоралас, ауылы аралас тату-тәтті өмір сүрген. Татулықтың белгісіндей бір-бірімен құда-жекжат болысып, қыз алысып, қыз берісіпті. Тума қылыш Жасыбай бидің қызы Жамалды Мамырбай байдың Ақбайына айттырып, қалың малына 500 қой, айғыр үйір жылқы беріліпті. Тума ауылының ақындары атасы Жасыбай биді жоғары бағалап, Мамырбайдың байлығын ғана бағалап: Мамырбай құда болыпты, Жасыбайға демекке. Жасыбай құда болыпты, Мамырбайды жемекке деп өлең шығарып, ол кейін ел арасына тарап кетіпті. Ауыс: құда-жекжат болудың да берер пайдасы бар дегенді білдіреді.

Жаман басы (тарақты). Жаман руы тарақты ертеде өлген белгілі адам екен, өлген соң басына кең, биік күмбез соғылады. Бұл жер сол Жаман деген байдың әрі қыстауы, әрі жайлауы болса керек, өзен де сол кісінің атымен, күмбезі тұрған жер де «Жаман басы» деп аталады [5, 32 б.].

Батыр басы. /тарақты/ Байғозы ел қыстаудан жайлауға Кенеліне көшіп бара жатқанда Жаман өзенінің бойында, 1810 жылы, көктемде 97 жасында қайтыс

болған. «Япыр-ау, не қыстауда емес, не жайлауда емес, орта жолда ауырып қалдыңыз-ау!» дегенде, батыр: «Маған қазақ жерінің жаттығы жоқ, өлсем Жаманның жанына қойындар», – депті. Жаман руы тарақты ертеде өлген белгілі адам екен, өлген соң басына кең, биік күмбез соғылады. Бұл жер сол Жаман деген байдың әрі қыстауы, әрі жайлауы болса керек, өзен де сол кісінің атымен, күмбезі тұрған жер де «Жаман басы» деп аталады. «Белгілі кісінің жанына қойған соң, сіздің атыңыз аталмай қалады ғой», – дейді батырға. «Атағым Жаман байдан аспаса несіне батыр атанғаным!» - депті сонда Байғозы. Кейін өзен Жаман атында қалыпты да, қорым «Батыр басы» атаныпты. Тарақты Байғозы – Абылай ханның белгілі қолбасшыларының бірі. Қазақтың жерін, еркіндігін жоңғар-қалмақ қонтайшыларынан, басқыншыларынан, шапқыншыларынан қорғасқан атақты батыр [5, 32-33 бб.].

Алты отты, бес Тарақты (Арғын – Болатқожа – Қаракесек – Тарақты). Тарақтының бес адамы далада келе жатқанда таяуда андып жүрген жау бар екенін сезіп, жауы оларды көп екен деп ойласын деп қорыққандарынан алты жерден от жағыпты. Ауыс: барын-жоғын айырмай көбейтіп көрсету, асырып көрсету дегенді білдіреді [34].

Тарақты – Арғынның ноқта ағасы. «Ноқта ағасы» атауы тегінде қазақ қауымында ерекше мәнді құрмет. Мұндай мәртебеге Ұлы жүзде – Жалайыр, Кіші жүзде – Тама, Табын, Орта жүзде – Тарақты руларына ғана тиесілі рәсім. Бәрінің де таңбасы – тарақ. Барша қазақ хандарынан өрбіген төрелердің де елдік таңбасы – үш тісті тарақ. Рәсім бойынша «ноқта ағасы» атанған ел сый-жоралғының алдын, таңдаулысын алып, ел ішіндегі атқарылатын жұмыстарға ағалық етіп, асқа бата жасап, өзге руларға аға болып есептеледі. Ауыс: үлкендігін, ақылмандығын, іс тетігін ұстаушы екендігін білдіргісі келгенде айтылатын сөз [8, 22 б.].

Тарақты таңдайынан қан ақты. Тарақты мерген, айлакер, жылдам, жауына алыспай берілмейтін, қасық қаны қалғанша, шабысатын батыр болған екен. Ауыс:«Тарақты таңдайынан қан ақты» деген сөз батырдың жігерлігін, ерлігін көрсетеді [35].

Тарақ найзалы батыр. Тарақты арғын қауымдастығына қосып тарататын үлкен тайпа, ұраны үшеу – «Ақжол», «Қарақожа», «Жауқашар» (Жаубасар). Таңбасы -үш тісті тарақ. Тарақты тегінде лақап аты болса керек. Азан аты – Ақтанберді. Бір соғыста ол үш тісті істігі бар сойыл ұстап шығып, «Жауқашарлап!» ұран салыпты. Ұрыс біткен соң елбасы «Тарақ найзалы батыр, бері жақында!» деп жөнін сұрап, жаудан түскен олжаның басын беріпті. Содан ол «**Тарақ найзалы батыр**» деп аталады. Келе-келе «Тарақты» деп қысқартылып айтылады. Ауыс: елдесерде, жауласарда әркімнің де бір құралы бары сөзсіз [8, 23 б.].

Тарақты мен Шөптеміс, турап қойған ет деңіз. Абыралы ауданында шөптеміс (арғын – сүйіндік – суғыншы – шоманақ) деген екі старшын ел болған. Ауыс: аталмыш ру адамдарының мінез ерекшелігіне қатысты айтылатын сөз [8, 259 б.].

Тарақты болсаң, тасқа шық. Тарақты деген өзен аты. Арқа жерінде Ырғыз өзені бар. Сонда туған балалардың атын өзен атымен Ырғызбай, Кеңгірбай деп

қойған. Тарақты өзені құзар, жартас, тұман болып, су шығып, бұлаққа айналып, одан өзен пайда болған. Ауыс: мықты болсаң, осы асудан өтіп көр дегенге саяды.

Тарақты, ит жаманы-барақты. Арғынның кіші рулары өзара бас қосқанда «Ноқта ағасы» деп жолды Тарақтыға береді. Сөйте тұра «шешелерінің ішінде келіпті-міс» деп «Тарақты, ит жаманы-барақты» деп кемітетін болған. Ауыс: кемсіткісі келгенде, есесін қайтара алмаған кезде айтылатын сөз [36, 23 б.].

Төре жоқта Тарақты баласы төре болуға жарайды. Тарақты руының орта жүзде «ноқта ағасы» болып саналуына қатысты ел ішілік шаруаларды шешуге тиісті адамдар жолаушы жүріп елде болмаса, ондай шаруаларды тарақты баласының шеше беруіне пәрмені барлығын білдіреді. Ауыс: басшы жоқта сол іске шамасы жететін адам пәрмені болса орындай беруіне болады дегенді білдіреді [8, 259 б.].

Төрт ауыл Сүйіндік. (Тарақтының Әлі бұтағы) Сүйіндіктің Жанболды, Құлболды, Омаршы және киімді Қаржас деген 4 ұлына байланысты, олардың нәсілдерін осылай «Төрт ауыл Сүйіндік» атапты. Ауыс: рудың атағына, санына қатысты айтылатын сөз [15, 69 б.].

Сүйіндік-сүбелігім, елдің көркі. Сүйіндіктің нағыз үш баласы – Жанболды, Құрболды, Жолболды және асыранды баласы Қаржас. Осы төртеуінің нәсілі төрт ауыл аталады. Ауыс: рулы елдің мерейіне мерей қосқан Сүйіндіктен тараған ұрпақ жайлы сөз [23, 66 б.].

Қолында қамшысы бар айбалтадай, Батыл бол, батыр болсаң Наймантайдай. (Арғын – Болатқожа – Қаракесек – Тарақты – Қыдыр – Наймантай) Наймантай батыр кезінде Тәуке ханның бас батырларының бірі болған. Наймантайдың сүйегі Түркістандағы Иассауи мазарының іргесіне қойылған. Ауыс: үлгі боларлық тұлға, батылдықтың, батырлықтың өлшемі [37, 47 б.].

Жеті арыс ел (Арғын, найман, қыпшақ, қоңырат, керей, уақ, тарақты). Қазақтың ауызекі шежіресі бойынша, Жанарыстың екі әйелі болыпты. Бәйбішеден туған төрт бала: Қарақожа, Аққожа, Ақтамбердіқожа, Дарақожа. Қарақожадан – Арғын, Аққожадан – Найман, Ақтамберді қожадан – Қыпшақ, Дарақожадан – Қоңырат, тоқалдан туған Есімқұлқожа мен Қасымқожаның біреуінен – Керей, екіншісінен – Уақ рулары жайлаған «орта жүз – алты арыс ел» саналады. Шежіреші А.Сейдімбекұлы орта жүзді жайлаған жетінші арыс қылып Тарақтыны қосады. Сондықтан Орта жүз Тарақтымен қосылып, «жеті арыс ел» аталған. Бұлардың ең ірісі Арғын тайпасы болғандықтан, халық арасында «Орта жүз – Арғын» деп те атайды. Ата-баба салты бойынша, арғын аға баласы саналып, жол-жоралғыны, тарту-таралғыны өзгелерінен бұрын иемденуге қақысы бар [38, 13 б.].

Тобықты руына қатысты тұрақты тіркестер

Құмдағы тобықты (тобықты – көкше). Тарихтан тобықты руының «ақтабан шұбырынды, алқакөл сұламаның» кезінде Шыңғыстау ауғаны мәлім. Көкше, Топыштан тарайтын екі ата тобықтының кері қайтып, Бұхара жаққа, одан

Қызылдың құмына ауа көшуі аталмыш оқиғалардан кейін болған жайт. Құмның тобықтылары содан көшіп отырып баяғы ата мекен Сырдың бойына жетеді. Сонда туған балаға Сырлыбай деп ат қойған екен, оның ұрпақтары қазір Шымкент облысының Жетісай, Шардара, Мақтарал, Киров аудандарында бір ата ел. Тобықты Нарманбет ақынның елі өзі айтқандай Қаракесек ішінде аз ауыл» болса, Көкше, Топыштан тарайтын тобықтылар қоңырат ішінде аз ауыл еді. Сырдың бойына келген тобықтылар баяғыда Әнет бабам қалған еді деп Түркістан аймағында біраз тұрақтаған. Түркістанда екі ата қалып қояды да, басқалары Қызылқұмға қарай кетеді. Сөйтіп бұлар «құмдағы тобықты болса», Шәкәрім қажының елі, басқаша айтқанда тобықтының ата мекені деп Шыңғыстау, Семей жақ айтылады. Ауыс: тобықты руының бір бөлегінің мекен тұрағы [2, 19 б.].

Көкше дегенше, көкшешек десеңші (тобықты – көкше). Құнанбай Мұқыр өзенінің бойын алмақшы болып, көкшенің екі белді адамын ұстатып, екі қолынан байлатып, аспақтатып, морлаңдар деп, астына түтін салғызып, киіз үйдің ішінде ұстапты. Үйдің сыртына тұтқындардың не деп айтқанын жеткізіп отырасыңдар деп, тыңшы қойса керек. Көкшенің екі азаматы ел үшін, жер үшін бәріне де шыдаймыз деп, біріне бірі дем бергендерін естіп: «Көкше дегенше, көкшешек десеңші» деп, қоя бергізіпті. Бұл сөз содан бері ел аузында қалған көрінеді. Ауыс: атына заты сай, яғни көкше руы адамдарының өршілдігін білдірсе керек [39].

Шөккен түйеге міне алмайтын жаман Айдос (тобықты – Олжай). Тобықты руының ішінде Абайдың әкесі – Құнанбай, атасы Өскенбай, арғы атасы – Ырғызбай. Аталарының барлығы да ру ішінде үстемдік жүргізген адамдар. Ақынның бұлардан арғы аталары Айдос, Олжай болады. Олжайдың үш ұлы: Айдос, Қайдос, Жігітек. Тобықтының атақты жуан биі Кеңгірбай – Жігітектің баласы. Қайдостан Бөкенші, Борсақ тарайды. Айдос өз басы би де бағлан да болмаған. Қайта момын, жасық адам болғандықтан, оны «Шөккен түйеге міне алмайтын жаман Айдос» дейтін мәтел бар. Ауыс: Айдостан тараған ұрпақ жазып-жаңылып қалса, олардың бостығын, бопаулығын, момындығын, жасықтығын көрсе қалжың ретінде осы сөзді айтып жатады [40, 77 б.].

Шынжыр балақ, шұбар төс Ырғызбайым,

Тоқпақ жалды торайғыр Көтібағым.

Әрі де кетпес, бері де кетпес Топайым,

Сірә да оңбас Торғайым – (тобықты – Айдос).

Айдостың Айпара деген әйелінен төрт ұл туады. Бұлар: Ырғызбай, Көтібақ, Топай, Торғай. Айпара ер қайраты бар, есті, адуынды әйел болған. Өзінде бір жағынан тапқыр шешендік, бір жағынан бақсы құшынаштық сияқты сәуегейлік те болған. Айпараның өзінен қалған бір ауыз сөз – төрт баласына берген аналық сын сөзі осы уақытқа дейін ел аузында айтылып келеді. Өз баласына сын көзімен қарап, даналықпен пайымдау жасаған адамның бірі осы – Айпара анамыз болыпты. Ол арнайы қой сойғызып, етін түгел асқызып, ұлдарының алдына тартып, бақыласа Ырғызбай салған жерден жамбасқа қол салады, Көтібақ тоқбан жілікке жармасады, ортан жілікті Топай иеленіп, Торғайдың

біресе қабырғаларға, біресе омыртқаға ұмтылып, кәрі жілікті қанағат тұтқанын көріп :

Шынжыр балақ, шұбар төс Ырғызбайым,

Тоқпақ жалды торайғыр Көтібағым.

Әрі де кетпес, бері де кетпес Топайым,

Сірә да, оңбас Торғайым – деген екен. Содан бері екі ғасыр жарымдай уақыт өтті. Өмір шындығы бұл болжағыштықтың дәлелсіз ақиқат екенін көрсетіп келеді. Ауыс: ана болжамының, ана сынының өмірде орындалып жататындығының бір үлгісі ретінде таралған сөз [41, 39 б.].

Ырғызбай 1750 жылы Ақтабан шұбырындыдан кейін Арқаға қарай сырғып ауған жолда, Ырғыз өзенінің жағасында туғандықтан Ырғызбай аталған. Көтімалды өзенінің жағасында Көтібақ, Торғай өзенінің жағасында Торғай туыпты. Ырғызбай ер жеткен кезде Тобықты осы күнгі Семей губерниясы, Семей уезінде Шыңғыс тауының батыс шетіне келіп ілініпті [42, 46 б.].

Үш Олжай (тобықты). Олжайдың балалары Айдос, Қайдос, Жандос «Үш Олжай» аталады. Олар ұзақ уақыт бойы қоныс-өрісі түгілі еншісі де бөлектенбеген ынтымақты туыс болыпты. Үш Олжайдан Жандос, Ырғызбай, Бөкенші, Борсақ, Көтібақ, Топай, Торғай сынды батырлар мен, жығасы жығылмаған тобықтының аруақты биі (Қабекең, Би ата атанған) Кеңгірбай, Құнанбай, Абай, Шәкәрім, Бөжей, Базаралы, Сүйіндік, Асылбек, Сүгір, Байдалы, Байсал... сияқты бай, байымды ел азаматтары көп шыққан. Ауыс: Үш Олжай тегінен тарағандардың өзінің асыл текті рудан шыққандығын дәлел ретінде айтылатын сөз [4, 37 б.].

Тістеген жерде тісі, ұстаған жерде қолым кетсін дейтін тізесінен қан келсе де қаймықпас би. Тобықтыларға кездескен қиракезік уақытта бұл руды билеуші өз тұсындағы, өз еліндегі кесек тұлғалы қайраткер (Кеңгірбай би) жан сол кездегі ұлтымыз тірлігінде кездесе бермейтін кермелі, шешілмес күрмеулі, асырмас асулы іске кездескендігінен қатал үкімге және оны тобықты елі дұрыс барған деп есептейді. Ауыс: айла-тәсілдің, шырғалаңның кез келгенін қолдана отырып өз дегеніне көндіретін, өз айтқанын орындататын қатал адам дегенді білдіреді [11, 49 б.].

Орта жүздің құты. 1720-1818 жылдары өмір сүрген, руы – арғын – тобықты Қараменде Шақаұлы жауын оздырмаған, халқын тоздырмаған, әділ, кемел би, қасиет қонған киелі адам болған. Бабаның аруағына сыйынбайтын адам жоқ. Әлі күнге дейін қатерлі дертке, ауыр науқасқа ұшырағандар ақтық байлап, зиратына түнеп, құрбандық шалып мінәжат етеді. Ал ол кісінің тұсынан өткенде көліктен түсіп, жаяулап жүреді. Халық ол адамды «орта жүздің құты» деп атап кеткен [37, 27 б.].

Кеңгірбайдың тас үйгені (тобықты). Кеңгірбай би Тарақты, Керейден жерін алған соң, Керейге қолданған әдісін қолдана отырып, біртіндеп уақтар алған жерді босатып ала береді. Доғалаң, Шұнай, Аршалы, Ащысуды босатып, Уақтардың бір шетін Семейтау, Көкенге екінші шетін Тышқаннан асырып қуып тастайды. Осы тұста әбден мезі болған әрі қалған жерінен қауіптенген уақтар бітім жасасуды сұрап, екі жақ күнін белгілейді. Бірақ Кеңгірбай бітім болатын күнге қарсы түнде өзі бастап барлық азаматтарын ұйымдастырып түйеге тас

артып тасып, Көкеннің күншығыс жағындағы Семейтаумен екі ортадағы қоңыр дөңге көп қылып кісіге ұқсаған оба соқтырады. Оның арасына бірнеше салт аттыға буылған қарағанды сүйреттіріп жүргізіп қояды. Сол қалың шаңның ішіне өркешті түйелерді ары-бері дамылсыз айдатып отырады. Таңертең уақтар қараса қарсы жақтағы төбе басы қаптаған адам, будақ-будақ шаң. Мұны көрген уақтар :«Кеңгірбай бізді алдап түнімен бүкіл арғыннан қол жинап әкелген екен. Бізді шаппақ қой» деп ойлап қонысын тастап қашады. Сол жер осы күнге дейін «Кеңгірбайдың тас үйгені» деп аталады. Ауыс: жерін кеңейту мақсатында қолданылған ұтымды тәсілдің бірі ретінде айтылады [4, 58 б.].

Кеңгірбай басқаның қойына тоқты, тоққарасына бесті қайтарады (тобықты). Тобықтылармен екі ортада болған кезек жортуылдан әбден мезі болған керейлер барымтаны тоқтатып, бітімге келуді сұрап, Кеңгірбайға елші жібереді. Кеңгірбай: «Барымта басынан қайтады. Жерімді барымталап алған сен. Алдымен жерімді босат. Сонан соң алған малды мен қайтарамын», – дейді. Оған Жобалайлар көнеді де, Көксаладан өтіп қоныстанады. Керейлер: «Мен жерімді қайтардым, ал Тобықты, сен барымталап алған малымды қайтар» дегенде Кеңгірбай бұрынғы сөзін қайталап: «...жерімді басып алып пәлені бастаған өзің болатынсың. Сен жерімді алмасаң, мен барымтаға бармас едім. Ал барымтаға, қуғынға түсіп қансоқта болған малдың құны төмендейді. Тоққараңа бесті ал да біт, оған риза болмасаң, қалағаныңды істе», – дейді. Ақыры сондай төлеу беріп Жобалай кереймен бітіседі. Осыдан барып «Кеңгірбай басқаның қойына тоқты, тоққарасына бесті қайтарады» – деген сөз тарап, бидің беделі өсе түседі. С.Мұқановтың «...Кеңгірбайға дейін Арғын руларының ішінде Тобықты еселі ел болмаған көрінеді. Кеңгірбай ел тізгініне ие болып, би атанғаннан кейін, Тобықты көршілес рулармен теңдесу былай тұрсын көбін сырғытып, Тобықтыға тиісті жерді кеңейткен, Тобықтының үстемдігін күшейткен» – дейтіні осындайдан айтылған болса керек. Ауыс: үстемдігі жүріп тұрған адам қандай билік айтса да кесімді [4, 57 б.].

Қайран сөзім қор болды, Тобықтының езіне. Абай Арғын мен Наймандарға ақыл айтса, қостап, құптаған. Ал Тобықтыларға ақыл айтса, олар Абайдың өзіне қарсы шығып, бетінен алғандықтан Абай атаның айтқан сөзі. Ауыс: тыңдаусыз қалған сөз жетім дегендей келелі сөздің маңызына бойламаған немқұрайлы жанға қаратыла айтылады [43, 39 б.].

Аз ауыл Тобықты. Кебекті қорғаймын деп Тобықтылар соғысқа шықса, онда «аз ауыл Тобықты» қалың найманның қарсысына шығып, тұқымы құрымақ, телімге түспек. Ауыс: сан жағынан аз болғандықтан да сақ болғайсың [11, 150 б.].

Асан, Боқан, Теке үш арыс, Аздан туған жолбарыс. Сартекем сапар шегіпті.

Кеткен жері тым алыс. Сартқожа Бектемірұлы (Семей өңіріне белгілі Рымбек Смақұлы Байсейітовтің үшінші атасы) Сартекең беделді, әділ жан болған. Ол кісі дүниеден өткенде, ел ішінен бір шешен жігіт қарындасына ағасының өлімін осылай деп естіртіпті деген сөз қалған. Ауыс: бақиға аттанған адамның жақсы қасиеттерін тізбелей отырып естірту [24, 441 б.].

Елатан елге теңелді, Ешкі қойға теңелді. Ауыс: [44, 17 б.].

Ел бүлігі Тобықты, Көп пысыққа молықты. Абай елінің нашарларына болысып, аталас жуандардың әлсіз, момындарға көрсеткен қиянатына, өктемдігіне төзе алмады. Елдің ру таласы, партияшылдық, жікшілдік ала ауыздығына жан-тәнімен қарсы болды. Ауыс: ел арасын бүлдірушінің қолдаушыларының да көбейіп кететіндігін мегзейді [43, 61 б.].

Өңшең Мамай етке тойып, Жалғыз Қабасты сыртқа қойған.

Қабас деген ел Тобықтының бір руы. Мамай жуан, белді рудың бірі. Ауыс: Артықшылығын пайдаланып, шеттету, шетқақпайлау [45].

Тоғыз көк. Тобықты, Көкшенің тоғыз биі. Ауыс: көк, қара көк дегенді қазақ тілінде жақсы деген сөздің баламасы ретінде де айтады, яғни бір топтағы бірыңғай жақсы адам дегенді білдіреді [45].

Толғағы бір Тобықтының баласы. «Сендердің тұстарыңда ел берекесі бұзылды, «Толғағы бір Тобықтының баласы» бірін-бірі қашан орыс оғына байлап беріп еді?!», – десе, - Құлкенің де тосқан сөзі осы екен. Ауыс: барлық тобықтының мүддесі бір, арманы бір, тоқтар сөзі бір [11, 93 б.].

Топ бастап, ту ұстап, жау түсірген Тобықтымын. Абай шәкірттері саналатын мола, белгілі Көкше Көкбай ақынның айтуымен ел аузына тараған. Бірақ бұл ру намысына қарай бұрмаланып айтылатын тіркестер. Ауыс: тобықты елінің адамдары өздерін көтермелеп, мақтанып отырады [46, 41 б.].

Шыңғыстау өлкесін өз көзімен көрген Асан Ата тым ащы, аса өткір тілмен былай депті: «Мына шіркіннің топырағы құтырған екен, оған шыққан шөп құтырады, оны жеген мал құтырады екен, оның етін жеп, сүтін ішкен адам құтырады екен, қаны үзілмейтін, кісі өлтіру, ұрыс-төбелес көп болатұғын жер екен» [40, 13 б.].

Жаман тобықты. Шәкәрім қажының шежіресі бойынша Мұсабай бидің үлкені Толымқожа ұрпағы «жаман тобықты» аталады. Қалмаққа аттаныстың бір толасты шағында «жау кеп қалды» деп дабыл қағылады. Елдің барлығы аттарына жедел мініп алғанда, Толымқожа кешігіп, жұрттың артында қалыпты. Сонда қолбасшы арғынның батыры: «Мынау кім?», – деп сұрағанда, «тобықты» деп жауап беріпті қасындағылар. Сонда арғын батыры (аты Қонбай болса керек): «Өзі бір жаман тобықты», - екен депті. Содан Толымқожа, оның кейінгі ұрпақтары «жаман тобықты» аталып келеді. Аты солай аталғанымен Шыңғыстаудың түстігіндегі құт қонған Құндызды, Шеттің бойын қоныс еткен, талай азамат шыққан Тобықтының жақсы атасының бірі. Ауыс: сөзге дем бермегенде кекету, кемсіту үшін айтылады [4, 28 б.].

Еламанды дауға қой, Жолбарысты жауға қой. Бұл Тобықты руынан шыққан Мамай батырдың жеті ұлдарының бірі. Жолбарыстан тарағандар жауынгер, қолбасшы болса, Еламандықтар тілге шешен, ойға өрісті болса керек. Ауыс: кімді де болса, өз шама-шарқы бойынша іске сал [44, 17 б.].

Жастық-жорға жан қоймас, шешендік мұнан артылмас, басы-алтын, кеудесі-күміс, бөксесі-мырыш екен. Әттеген-ай, арты нашар болмаса!

Қарамендеге жас кезінде Айтқожа сыншының айтқаны. Қараменде бидің өмірі сол сынды растаған [11, 197 б.].

Орта жүздің құты. 1720-1818 жылдары өмір сүрген, руы – арғын – тобықты Қараменде Шақаұлы жауын оздырмаған, халқын тоздырмаған, әділ, кемел би,

қасиет қонған киелі адам болған. Бабаның аруағына сыйынбайтын адам жоқ. Әлі күнге дейін қатерлі дертке, ауыр науқасқа ұшырағандар ақтық байлап, зиратына түнеп, құрбандық шалып мінәжат етеді. Ал ол кісінің тұсынан өткенде көліктен түсіп, жаяулап жүреді. Халық ол адамды «орта жүздің құты» деп атап кеткен [37, 27 б.].

Сымық айтпақшы, бермесен де, берем деші. Біреуде бір тәуір зат барын көзі шалса, Сымық: «Әй, ағатай, бермесен де беремін деші», -деп қиылатыны барды. Қыр соңынан қалмай жік жаппар болған соң, «Е, жарайды, өзі де бермей-ақ қой деп тұр ғой, айта салайын демей ме». Сымықтың құлағына мұның тиюі мұң. Енді оны берсе қолынан, бермесе жолынан алмай тынбайды. Осыдан «Сымық айтпақшы, бермесен де, берем деші» – деген сөз тұрақты тіркес болып кеткен. Ауыс: қадалған жерінен қан алу [47, 163-164 бб.].

Сиырға жүк артқан Қаракүшік (Көкше – Таман – Қаракүшік – Балтай). Жұрт ішіндегі ең кедейі боп, жүгін сиырына артып, қысқы мекенінен бір кезең асты жайлауға ғана шығады екен де, бауырға, күзеулікке түсе алмайды екен [11, 623 б.].

Қарадан хан болған Құнанбай. Сыбан Кеңесбай деген кісі Жарқынбай деген баласына өлерде өсиет айтқанда: «Төремен ел болса, екінші ел арасында сөз болса, Сабырбайға ақылдаспай іс қылма, басыңа орыс орманынан үлкен іс келсе, қарадан хан туған Құнанбайға ақылдаспай істеме» – деген екен. Өйткені Құнанбай ақылға да сөзге де орамды, ағайынның да, әкенің де дәме қылса қылатыны жалғыз сол болған. Ауыс: төре тұқымынан емес қара халық арасынан шығып, қаншама жыл ел басқарғандықтан Құнанбайды халық қадірлеп осылай айтады [42, 51 б.].

Өзіңнің бағың Қыдырдай болса, Құнанбайдың бағы Шыңғыстай болады. Құнанбай жас күнінде ат үстіндегі қайраттылық ерліктен басқа, ақылға да, сөзге де орамды кісінің белгісін берген болу керек. Өйткені, сол кезде жасы ұлғайған Нысан абыз деген ел сыншысы Өскенбайға: «Өзіңнің бағың Қыдырдай болса, Құнанбайдың бағы Шыңғыстай болады» деп сын айтыпты. «Нысан абыз - абыз» деп қазақтар көріпкел әулие, алдағыны болжағыш, көреген ақыл иесін айтатын болған. Нысан абыз – тарихта болған. Тобықты руының ішінен шыққан. Қыдыр – Шыңғыс тауының солтүстік жағындағы Бектер тауы. Ауыс: Нысан абыздың айтқаны келіп, Өскебайдан бата алған Құнанбайдың беделі ел арасында өте жоғары болған, ел ішінде тілек, бата ретінде айтылады [42, 51 б.].

Ісің адал болса, Өскенбайға бар, арам болса, Ералыға бар (Тобықты – Сары – Күшік – Олжай – Айдос – Өскенбай. Өскенбай адал болады деген дәмесін ақтап, би болды деседі. Ескіден қалған көп аузындағы дақпыртқа қарағанда: «Ісің адал болса, Өскенбайға бар, арам болса, Ералыға бар» деген сөз бар. Өскенбай би өзінің ел басқару әдісінде, ең алдымен, көпті мезі қылған парақорлық мінезден бойын қашанда ұстауға тырысады. Ру басылар ортасында сақталып қалған сөз. Ауыс: ісіңнің адал екеніне күмәнің жоқ болса, пара алмайтын адал адамға шешкіз дегенді білдіреді [42, 48 б.], [40, 82 б.].

Ақберді, Ақберді, Ақбердіге құдай бақ берді. Ақберді Жақыпұлы Құнанбайдың немере інісі. Құнабайдың «Бетқұдықты Ақбердіге берсін!»,-

деген сәлемін әкелген Абайға, Құлыншақ ақын: Ақберді, Ақберді, Ақбердіге құдай бақ берді, – деп тақпақтай бергенде, Бала Абай іле жөнеліп: «Бақ берген емей немене, Борсақтан қалған аз жерді «Менікі» деп тап берді деген екен. Бұл сөз содан қалса керек. Ауыс: бақ берейін десе, бір-ақ сәтте бере салады дегенге саяды [11, 147 б.].

Жаман сарт сарыны. Бұл ертедегі бақсының сөз саптасы жағынан екпінді, әсерлі сөз, толымды теңеуді пайдалану арқылы түйдектете жырлап, әсерінің күшті болғандығынан шыққан тіркес. Көк тәңіріне табыну, заңғар биіктегі Қойқап (Кавказ) тауын пір тұту секілді тотемдік бақсы сарынын күшейте түседі [48, 361 б.].

Мен Жаманның ұлы Шақармын, көпті көрген мақармын. Семей өңірінде өмір сүрген, шыққан ортасы аңыз қылған, атақты Жаман бақсының ұлы Шақар бақсы әкесінің сарынында ойнайды да, науқасты емдеп, дертінен айыру үшін өзі табынған терекке жалбарынады, одан көмек сұрап: «Мен Жаманның ұлы Шақармын, көпті көрген мақармын» дейді екен. Ауыс: әркімнің өз мақамы, өз сарыны бар [48, 360 б.].

Құлыншақтың бес қасқасы. Құлыншақтың бес мықты ұлы болған. «Қасқа» десе дегендей еңгезердей, жалпақ маңдайлы, нұр жүзді, балуан тұлғалы сөзіне ісі сай жігіттер болған. Ауыс: бір әулеттен шыққан адамдардың атақ-даңқының тең түсуінің көрсеткіші ретінде айтылады [49, 109 б.].

Тәңірім, Сақ-Тоғалақпен қолдас қылма, Жігітекпен жолдас қылма. Абайдың тұстасы Оразбайдың әрбір намазының соңынан жасайтын батасы. Абайға қастандық жасаудың баталасы нүктесі – Жігітек ішіндегі кірме ру қаңлы Арықматай (Кеңгірбай би қаңлыларды Сыр бойынан ертіп келіп қаңлы менің бауыр етім деп өсиеттепті ұрпақтарына) үйі екен. Арықматай шаңырағындағы баталасы Кеңгірбай шаңырағындағы баталасумен тең болған. Ал Оразбайдың ойы күні ертең Олжайлар өзді-өзді ұстасып жатса, бұл шет қалады. Бірақ Оразбайдың бұл есебі толық орындалмайды. Оны Абайдың кектен кек туғызбай, ағайындарымен табысуы орындатпайды. Осылайша Оразбай Көшбикедегі оқиғадан кейін тақ қалады. Сондықтан да болар ол заңғардың әр намазының соңынан осы сөзді айтуы. Ауыс: туыстығы, жақын-жуықтығы бар адамдар жеме-жемге келгенде өзара бірігіп кететіндігін мегзейді [11, 147 б.].

Төбеттің өзі төбет, күшігі де төбет бола ма? Төбеттің азан шақырып қойған аты Әлім (көкше) болса керек. Әлім бала кезінде құрдастарымен алысып-жұлысып ойнағанда, олардың бірін-біріне қоспай лақтырып, шетінен жыға берген. Содан оның күш-қимылын бейнелеп, «Төбет» деп атап кеткен деседі. Ауыс: үлкенінің бедел-абыройының кішісіне де қатысы бар ма? дегенге мегзейді [50, 140 б.].

Қымызға кеткен Қырқымбай. Қымызға кеткен Қырқымбайдай жоқ болдың деген сөз ауыл үй арасында жиі айтылады. Ауыс: бір шаруаның ретімен кетіп, тындырмай жоқ болып кету.

Қымыз ішпейтін Қырқымбай. Ертеректе тобықты арасындағы Қырқымбайға Қырқымбай қымыз ішпейді десе болды, алдындағы ыдысын сиырып тастап мен қымыз ішпеуші едім дейтін болса керек. Содан өзі қымызқұмар кісі шыдамай

шидің ішіне барып, қымызды асыға-үсіге ішіп алады екен. Ауыс: өзі қанша ұнатып отырса да, маңайындағылар күлкі ғып керісінше айтқанын сезінбей, солардың әуеніне түсе қалушылық дегенді білдіреді [51].

Айтуын Андас айтып, ұялуын Көкбай ұялады. Андастың қызы Әнәпияның күйеуі өліп, оның ықтиярынсыз бір кәрі қайнағасы алмақ болады. Осы әңгіменің аяғы дауға ұласып Әнәпияның төркін жұрты Андас, Көкбай бастаған құдалар жағы келіп, жиын болады. Екі жақ келісе алмай отырған бір әредікте Андас сөзге кірісе кетіп: «Әй, Байсалбай өз үйімізге бір қатын керек. Менің бәйбішемнің өлгенін білесің, қайтар қатынымызды демейсің бе?», – депті. Кәрі күйеу Байсалбай жұлып алғандай: «Андекең дұрыс айтады. Ант ұрғандар. Андекеңнің қатынын қайырыңдар!» – деп салады. «Айтуын Андас айтып, ұялуын Көкбай ұялады ғой! Ұялдық, тақсыр, ұялдық!» – деген Көкең (Көкбай ақын) сөзі елге мәтел болып кеткен-тін. Ауыс: аңысын аңғармай, аңдамай сөйленген сөз дауасыз [11, 262-263 бб.].

Ыбырайдың басын Ербол алар, Ерболдың басын Ыбырай алар. Құнанбай би әулие ғой «Ыбырайдың басын Ербол алар, Ерболдың басын Ыбырай алар» деп еді. 1884 жылы болыс сайлауынан кейінгі қазаға тең дос опасыздығына ақын Абай көп ой жіберсе керек. Ербол ғұмыры да 2-3 айға жетпеген. Бірақ, Абай кейінгі қасы емес, бір кездегі досы Ерболды іздей берсе керек [11, 173 б.].

Кісі бар екенін Күнту болыс болған соң, құдай бар екенін Оспан өлген соң білді. Жұрт аузында қажы (Құнанбай) айналасы: «кісі бар екенін Күнту болыс болған соң, құдай бар екенін Оспан өлген соң білді» деген сөз қалған. Бұдан соң Абайды да өз жанынан қас шығарса, қала ұлығын жемсауласа жеңуге болатындығына қастарының көздері жетеді. Ауыс:

Абайдың ұлылығын мойындағысы келмеген кейбір замандастары оған қастандық жасауға әуес болған [11, 173 б.].

Атқа құлын алатын Қияспаймысың. «Абай жолы» романындағы Қодардың немересі Қияспай Көгедайұлы. Қияспай шала-шарпы киіммен тәні көрініп, жаяу-жалпылы ел кезіп, тұрақ мекенсіз, меншікті отбасы жоқ, көп жасаған жан екен. Сүйегі арса-арса, ерепайсыз қара кісі болыпты. Дүйім ел тобықтыда оған шақ күш иесі болмапты. Сонымен қатар ат сыншысы да болған. Астындағы атын желідегі құлынға айырбастай салу ол кісінің машықты ісі екен. «Атқа құлын алатын Қияспаймысың» деп басында ажуа, күлкі етушілер уақыт өте келе Қиясекеңнің желідегі кез келген құлынға ат айырбастамайтынын, керісінше кейін жүйрік шығатынына ғана айырбастайтынын байқайды. Кейін тобықты елі Қияспайдың көзі түскен құлынын бермейтін болған. Ауыс: сырт көзге ұтылған сияқты болған сауданың ұтымдысы да болады дегенге саяды [11, 156 б.].

Сөз маржаны тобықтыдан табылады, бөз арзаны Бұқардан табылады. Ауыс: аталмыш ру адамдарының сөзге ұста, тарата сөйлейтін шешен, іскер, әрекетшіл, тауып сөйлейтін өткір екендігін, ұтқыр сөзді маржанға теңей отырып, оның қасында дүние татымсыз дегенге саяды [52, 14 б.].

Құдықтан су ұрлаған Жанғазы. Жанғазы (көкше) өлген соң, оның тоқалына Белібай үйленіпті де, Жанғазының жұлынған 9 ұлына әке есепті болып

калыпты. Осыны өз есептеріне пайдаланып, әрі көптігін көрсетіп, «әкемізден енші аламыз» деп келіп, Белібай байдың жылқысының шетінен бөліп, айдап та кетеді екен. Ел есінде күні кешеге шекті мына бір оқиға сақталған. Бірде ағайынды Мардан мен Жанғазы балалары Арбалы тауының екі беткейіне екі ауыл болып қонып, екі ауыл да құдық қазады. Белібай ауылы құдығының суы мол болады. Жанғазы балалары қазған құдықтың суы тапшы, ауыз суға әпі-тәпі жететіндей шығады. Бірақ Белібай құдығының суы таңертең азайып тұрады. Бұны бақыласа; Жанғазы балалары түнімен Белібай құдығының суын ұрлап, өз құдықтарына тасып алып отырған. Осымен байланысты Жанғазы ата балаларына «құдықтан су ұрлаған Жанғазы» деген сөз қазірге дейін айтылады. Ауыс: су ұрлаған деген қазақ ішінде болмайтын оқиға. Сондықтан әбестік, ұят саналатын жағдайда айтылады [11, 240 б.].

Бұланның асының берекесіндей. Өскенбай асынан соңғы ас орта жүзді шақырып, қазіргі Ақсуат жерінде берілген. Бұлан байдың асы берекесіз тарқауымен ел жадында қалып қойған. Қазірде берекесі қашқан істі «Бұланның асының берекесіндей» деп жатады. Ауыс: берекесіздікті, әсіресе, істің соңын қожыратып жіберген кезде айтылып жататын сөз [11, 45 б.].

Дүтім кетсе, көкшенің құты кетер. Абай заманында көкше руын ұзақ жылдар билеген тұлға Дүтбай (1850-1915). Дүтбайды көкше руы ру құты санаған. Ауыс: ел тұтқасына балаған адамы, елдің қамын жер ері [11, 245 б.].

Мал мен басың Бозамбайдай өссін! Бертінге дейін батагөй қариялар «мал мен басың Бозамбайдай өссін» деп бата беретін болған. Бозамбай шамамен 1792 жылы туып 1879 жылы өлген. «Бозамбайдың тас құдығы» аталатын құтты қоныс Бозамбай байдың қара шаңырағы осы арада 1929 жылға дейін күллі көкше баласына қыдырлы қоныс болған. Бозамбай кісілікті би, әрі үлкен бай, бар туыстарына ақылшы аға «жел өтіне қорғаны, жаны ашитын қормалы» екен. Ағайындар аса ұйымшыл, қысылғанда дәл бір ұялас бөрідей қимылдаған. Сондықтан да бірлігі мен батылдықтары тұтасқан бұлар жер алу мен дәулет жинауда ел санатына ерте іліккен, алыспен де жақынмен де аралас болған. Ауыс: жаның да өсіп, дәулетің де асын дегенде тілге тиек ретінде Бозамбай әулетінің бақ-берекесіндей болсын деп бата беріп, тілек білдіреді [11, 289 б.].

Мойын болмай, ойын болмас. Алтайдың балаларының ішінде өскен-өнгені, толығы, ойын құмары осы Мойын болса керек. Ауыс: істің, ойынның ажарын келтіретін адам дегенге саяды [12, 38 б.].

Жанын берген Жанақтың шұбарын жесін. Қазақтың Ресейге жаңа бағынған кезінде арғын елінен Жанақ есімді ақын найман еліне келеді. Астында бір жақсы шұбар аты бар. Бірнеше дуан ел жиылып үлкен мәжіліс болған. Сонда Жанақ атымен келіп, ұлықтардың алдына түседі. Бір дәулетті жігіт Жанақтың аты есінеп аузын ашқанда, оның тілінің астындағы қара меңін көріп қойып, қалды себеп етіп, аттың алды-артына бір шығып, пәлен жылғы жоғалған менің атым деп дауласа кетеді. Иесі айтады, жаңылысып тұрсың, бұл пәленше байдың өз биесінен туған құлын дейді. Жігіт менің бір белгім бар. Тай күнінде бір ұры тіс шығып соны суырғанымда, көзім түскен, тілінің астында бір қара қалы бар, егер сол қалы болмаса, сенікі болсын дейді. Сол сөзге байлау жасап, тексеріп қараса, жігіттікі дұрыс екен. Жанақ ештеңе айта алмай, бұл пәленше байдың өз

биесі мен айғырынан туған. Бірақ маған да дәлел болсын, осы шұбар менің жоғалған атым деп алланың атымен ант іш те алып кете бер дейді. Ол ант ішіп, атты алып кете барады. Сонда Жанақ:

Жанын берген Жанақтың шұбарын жер,

Мына адам бұл шұбарды менікі дер.

Жақсы атыңды жалғанға сатқан жанды,

Бар құдай өзің біліп, жазасын бер, – деп бетін сипайды. Шұбар атты алған жігіттің аты үркіп, сүйреп алып, тастан-тасқа соғып, тірі қалмақ түгіл, сай сүйегі қалмапты. Сонда халық бұл адам жалған ант ішіп, осындай пәлеге жолықты десіп иман айтысыпты [53, 91 б.].

Жанаққа енді атыңды ал дегенде: қырсығы артына тимесін, алла иманын жолдас қылсын. Жанын берген Жанақтың шұбарын жесін! Асына сойыңдар! – деген екен. Содан бері осы сөз ел аузында қалған екен. Бүгінге жеткен мағынасы кім де болса өз ниетінен табады дегенге саяды [54, 11 б.].

Әлем Әлімге күледі, Әлім әлде біреуге күледі (арғын). Ауыс: өзінің елге сайқымазақ болып жүргеніне қарамай, басқаға мысқыл айту дегенді білдіреді [21, 56 б.].

Нау құрымай, дау құрымайды. Ауыс: Жұрт аузына іліккен алаяқ Нау жайлы ел ішінде қалған сөз. Дауды үдетіп, жаңартып, жіпсіктетіп қоймайды, дау иесінің өзі құрымай, дау-дамай да бітпес дегенді білдіреді [21, 104 б.].

Көтенішекті суырып алған көтен балуан - Жанбай (Көтен балуан). Жанмырзаұлы туған өлген жылдары белгісіз. Шамамен XVIII ғасырдың соңы мен XIX ғасырдың орта кезінде өмір сүрген. 17 жасында қалыңдығын алуға барған жылы қайын атасы ауылындағы құдыққа түсіп жатқан атан түйені жалғыз өзі көтеріп шығарған. Атанды көтере бергенде, шаптаған артқы арқан үзіліп, бос қалған қолы қармалып барып атанның көтеншегінен ұстайды. "Әуіп" деп тартып қалғанда, атан да шығады, көтенішек те суырылып бөлек қалады. Осыдан былай Жанбай аты ұмытылып, «көтенішекті суырып алған Көтен балуан» атанады.

Осындай асқан күші болғанмен Көтен күреске көп түспеген адам. Өйткені «мен шындап ұстасам кім болса да мерт болады» дейді екен. Өскенбай асында «түйе балуан» атанған адам. Жанбай қолынан мөрі төгілген үйші, ағаштан түйме түйетін шебер болыпты.

Күш сынаспақшы болып алыстан ат арытып келген не бір балуандарға қайыңнан иіп отырған үзеңгінің екі басын жалғыз қолымен қысып тұрып: «мынаны ұстай тұр, басын буатын қайысымды тауып алайын», – дейді екен. Көтен ұстаған жас имені іздеп келуші жігіттердің ешқайсысы сол күйінде ұстап тұра алмай серпілтіп алады екен. Содан белдесуге қаймығып, қайтып кететін болыпты [55, 401 б.].

А, құдай! Сейітқазы ғып жаратқаныңа разымын, Кенжебарақ қып жаратқаныңа наразымын – ағайын арасында мал дауы деген болып тұратындықтан, туысы көптер бүктеп, әділ төрелік көп жағдайда бола бермеген. Сейітқазы би осындай заманда өмір сүргендіктен көптің азға жасаған өктемдігін жиі көріп қапаланатын көрінеді. Аз ауыл Кенжебарақтың талай азулы ауылда есесі кетеді. Өз басы төрден орын алғанымен азаматтарының

аздығы жасытып тастайды екен. Осындай бір «әттеген-ай» тұсында «**А, құдай! Сейітқазы ғып жаратқаныңа разымын, Кенжебарақ қып жаратқаныңа наразымын**» – деген екен. Ауыс: ата-бабаны өзің таңдай алмайтындықтан, кей жағдайларда қапаланғаннан басқа амал жоқ [55, 410 б.].

Жау шапқанда Мамайым, жайшылықта малайым - Мамай батыр (1702-1810 жж.) Сыр бойында туып, (1709-1809 жж.) Шыңғыстау өңірінде (қазіргі Абай ауданы) қайтыс болған. Батырдың ішкі құрылысы Орданың тауына көміліп, ұлы денесі Қожа Ахмет Иассауи қабірнамасына (Түркістанға) апарылып жерленген. Мамай батыр батырлықпен бірге ақыл иесі болған. Хандарға кеңесші, елге билікті қоса жүргізген. Әнет бабамыз «Жау шапқанда Мамайым, жайшылықта малайым» дейді екен.

Шетел басқыншыларынан қазақ жері тазартылған соң Жайық өзені бойынан берілген жерге тұрақтамай, ата жұрты Шыңғыстауға Тобықты руын бастап алып келген. Оны Шәкәрім қажы былай жазады:

А. И. Тевкелевтің көрсетуі бойынша Арғын 16 рудан тұрған:

Қаракесек арғын. Арғынның бір руы (А. И. Тевкелевтің көрсетуі бойынша арғын 16 рудан тұрған).

Сарыжетім шақшақ арғын. Арғынның бір руы (А. И. Тевкелевтің көрсетуі бойынша арғын 16 рудан тұрған).

Қарақол қисық арғын. Арғынның бір руы (А. И. Тевкелевтің көрсетуі бойынша арғын 16 рудан тұрған).

Атаған арғын. Арғынның бір руы (А. И. Тевкелевтің көрсетуі бойынша арғын 16 рудан тұрған).

Тобықты арғын. Арғынның бір руы (А. И. Тевкелевтің көрсетуі бойынша арғын 16 рудан тұрған).

Бәсентиін арғын. Арғынның бір руы (А. И. Тевкелевтің көрсетуі бойынша арғын 16 рудан тұрған).

Қанжығалы қарауыл арғын. Арғынның бір руы (А. И. Тевкелевтің көрсетуі бойынша арғын 16 рудан тұрған).

Шаншар арғын. Арғынның бір руы (А. И. Тевкелевтің көрсетуі бойынша арғын 16 рудан тұрған).

Төрт ауыл арғын. Арғынның бір руы (А. И. Тевкелевтің көрсетуі бойынша арғын 16 рудан тұрған).

Алтай арғын. Арғынның бір руы (А. И. Тевкелевтің көрсетуі бойынша арғын 16 рудан тұрған).

Төбеші арғын. Арғынның бір руы (А. И. Тевкелевтің көрсетуі бойынша арғын 16 рудан тұрған).

Бөргі арғын. Арғынның бір руы (А. И. Тевкелевтің көрсетуі бойынша арғын 16 рудан тұрған).

Қарпық арғын. Арғынның бір руы (А. И. Тевкелевтің көрсетуі бойынша арғын 16 рудан тұрған).

Арғын қалқаман арғын. Арғынның бір руы (А. И. Тевкелевтің көрсетуі бойынша арғын 16 рудан тұрған).

Қозыған арғын. Арғынның бір руы (А. И. Тевкелевтің көрсетуі бойынша арғын 16 рудан тұрған).

Көкшал арғын. Арғынның бір руы (А. И. Тевкелевтің көрсетуі бойынша арғын 16 рудан тұрған).

Бұл рулардың билеушілері — Барақ сұлтан мен Абылай сұлтан [56, 148 б.].

Арғын руының таңбасы

Көз таңба.

АБЫЛАЙ АТАУЫНАН ҚАЛЫПТАСҚАН ТҰРАҚТЫ ТІРКЕСТЕР

Абылай аспас, Арқаның сары белі – дегеніміз не деген сұраққа Арқа қазағының өзі «Ә, десе, мә! деген Қуандығы бар, қоса шыққан Жуандығы бар, жегі құсша жегенін білдірмейтін Сүйіндігі бар, алып кел, барып келге жарайтын Бегендігі мен Шегендігі бар, қара құртша қаптаған Қаракесегі бар, Бес Мейрам бірлігінен Абылай да аса алмаған» деп жауап беретіні ел аузында. Ауыс: бірлігі ынтымақпен астасып жатқан елді еш жау алуы мүмкін емес [12, 67 б.].

Абылайдың асында жорғаламағанда, Атаңның басында жорғалаймысың! Ауыс: бүкіл ел болып қуаныштаған қызықтан сен де қалыс қалма, сен де бар өнеріңді сал дегенге үндейді [21, 42 б.].

Абылайдан басқа төре – ас еңбегі,

Түлкі алмайтын жаман бүркіт – ат еңбегі. Ауыс: ел ішінің ісін жете меңгеріп, тізгінін ұстау екінің бірінің қолынан келмейтін болғандықтан, бағасыз, сол сияқты қыран құс алғыр болмаса, бос сенделіс болар дегенді білдіреді [21, 42 б.].

Арқадағы Абылайдай бол, Бұхарадағы Даниярдай бол. Бірі- Арқада хандық қылса, бірі – Бұхарды билеп, дәуір сүрген. Ауыс: Осы екі тарихта аты қалған атақты адамдардың атақ-абыройын берсін деген тілек, бата [21, 46-386 бб.].

Арқадағы Абылайдай даңқ берсін, Бұхарадағы Даниярдай бақ берсін! Бірі- Арқада хандық қылса, бірі – Бұхарды билеп, дәуір сүрген. Ауыс: Осы екі тарихта аты қалған атақты адамдардың даңқын, бағын берсін деген тілек, бата [21, 46-386 б.].

Бұрынғылардың тағы бір батасы:

Арқадағы Абылайдай бол, Бұхарадағы Даниярдай бол!

Қойкелдінің қойын берсін, Қойсоймастың ойын берсін!

Тоқаның жылқысын берсін, Ақылдының құлпысын берсін!

Боқтыдай бай бол, Байкелді, Бостандай мырза бол!

Қарасудан көпір салып өткен, Толыбайдың жолын берсін!

Арқадағы Абылайдай даңқ берсін, Бұхарадағы Даниярдай бақ берсін!

Қойсоймастың ойын берсін, Қойкелдінің қойын берсін!

Боқтыдай байлық берсін! Байкелді, Бостандай мырзалық берсін!

Азнабай, Сапақтай бол, Байқонды, Бапақтай бол! /119 бет /

Абылай Арқада хандық қылған, Данияр Бұхарды билеп, дәуір сүрген.

Қойкелді Қаракесектің Байсоры деген табынан шыққан. Сақау

Тоғжанның өлеңінде бар:

Бастауда қойы сыймай толықсиды,

Бір шеті Дегелеңде Қойкелді бай.

Қойсоймас Қаракесек. Тоқа – Алтай – Тоқаның Тоқасы. Ақыл – Күліктің: Тоқасының баласы. Өмірінде тұқымынан байлық арылмаған. «Құлығы» дегені – Жерұйықтан жібек көген алған екен. Заманындағы жұрт соны көзінен көрген екен. Құлпырып тұрған соң: «Дүниенің құлығы екен. Мұның үрім-бұтағынан байлық кетпейді!» – делінген сөз халық аузына іліккен. Боқты – Қанжығалы: Әжібайдан шыққан. Ол заманда Бұхар, Ташкент сарты Арқаға адам көрмеген бұйым алып келеді екен. Бір белбеулігі 100 қой. «Мұнша қымбат! Мұныңды кім алады?» – деген қазаққа «Абыз шумақ Боқты алар // Өзге қазақ боқты алар» – деген сөз мәтелдей болып қалған. Байкелді, Бостан – «Айтқожаның алтауы» атанған. Жауғаш, Биғаш, Мырзалы, Мырзас, Байкелді, Бостан – алтауы да әйгілі болып ауызға ілінген. Ауыс: бақ, талайы, билік- дәрежесі, байлық-дәулеті асқан өз теңдестерінен бір бас жоғары тұрған адамдардың жақсы қасиеттерін берсін деген ізгі ниеттен туған бата [21, 385-386 бб.].

Қара қышқаш сақау би. Жанарыстан Өмірұлы. Руы – Үсен. Өз заманында руласы Бітебайдың Сүлейменімен көп тіресіп, ақырында табысқан. Ел ортасында осылай атанған адуынды адам. Ауыс: сөзін қышқашқа салғандай дәлелді ғып сөйлеп, бет қаратпай, бетіне жан келе алмайтындай айбарланып сөйлейтін болғандықтан да осы сөз қалған [25, 121 б.].

Арғынмен қоныстас жағалбайлы руынан қалыптасқан тұрақты тіркестер

Билік-Тамада болар, Батырлық – Табында болар, Тірлік – Керейітте болар, Байлық – Жағалбайлыда болар. Алшын Нәдірқожа балаларына бата беріп, жетеуінің жеті рулы ел болуын тілей отырып, осылай бата берген екен. Ауыс: әр рудың өзіндік ерекшелігі, бейімділігі, қасиеті болады дегенге саяды [57, 9 б.].

Жүгінейге тием деп, су түбіне кетпеңіз. Жағалбайлының ұрпақтарынан ертеде аз уақыт Нұралы деген кісісі болыс болыпты. Абыралыдағы жағалбайлының ең ірі байлары Байболға мың жарымдай, Оспанға бір мыңдай жылқы бітіпті. Қарасарттың Мұсасында да бір қос жылқы болыпты. Бұл ел аздығына қарамай төңірегіне сыйлы, әмбе өзіндік дөң айбаты да болғанға әрі рудың мінез-құлқын шебер бейнелеген ұтымды сөз. Бұған дәлел Абыралы жұртына тараған жоғарыдағы сөз. Ауыс: өз басын қорғап алатындай шамасы бар, ал егер оған соқтыға қалсаңыз аямасы анық дегенді білдіреді [8, 259 б.].

Жағалбайлы жүрген жерден ақырын басып ептеңіз. Кіші жүздің Дегелең атырабындағы руы. Ауыс: жағалбайлылар отырған жерде аяғыңызды аңдап баспасаңыз болмайды дегенге ишара [8, 259 б.].

Жағалбайлы жылқысының көптігінен саналмайды. Шетінен ақын, би, бай, аузында даналық толған ел екен. Ауыс: байлығы шексіз [58].

Қарабура тамадан сақта, жағалбайлы мамадан сақта! Ауыс: жағалбайлының сыйынатын бір атасы Мама ашуы қатты батыр адам болса керек, ал қарабура деген ат та тамаға жайдан жай қойылмаса керек, яғни қатты ашу үстінде болатын шалт қимылдан сақта дегенге саяды [59].

КЕРЕЙ ТАЙПАСЫНА ҚАТЫСТЫ ҚАЛЫПТАСҚАН ТҰРАҚТЫ ТІРКЕСТЕР

Керей қайда барар, кейісе найза жонар. Керейдің өзіндік дөң-айбаты бар, қару жұмсауға да баруы мүмкін екенін сеспен де көрсете алады [17].

Керейдің керегесі берік. Өзінің үстіндегі түндік, шаңырақ, уық, үзік туырлықтарды көтеретін, оларды жел мен боранда сіресіп тұрып сақтайтын мықты іргені қазақ кереге дейді, яғни керейдің де өз талайы үшін беріктігін сан дәлелдей алды дегенге саяды [17].

Керейге күн туса, бала өсірер, ұл туса жан өсірер. Қазақ үшін бала қай кезде де болмасын негізгі құндылық, бар байлығы саналған. Сондықтан бала өсіру бүкіл болмысының арқауы болса, оның ішінде ұл бала өсіру көңіл тоқтығын, басқадан мерейінің үстем болғандығын көрсететін де болған [17].

Асыл болсаң, керей бол (керей). Керей орта жүздің ішіндегі ірі рулардың бірі. Ауыс: қазақ халқында тектілікті аса жоғары бағалаған. Ал беделді әрі ірі ру – керейлерде тектілердің болуы әсте орынды [60, 18 б.].

Сары керей. 9-12 ғасырларда монғол жерінде Хэрлэнг, Туул, Онон өзені бойын мекен еткен көк көз, сары көз, өңді хэйре, хэрэит деген тайпалар ұрпағы деп түсінген дұрыс болар. Өзбекстанда, Қырғызстанда, қалмақтарда, Тувада өздерін хэрэит керейміз дейтіндер бар көрінеді. Қазақстанның оңтүстік, солтүстік, батысында да өздерін керейміз дейтіндер аз емес [60, 32 б.].

Ашамайлы керей. 14 ғасырда өмір сүрген Сарыдан туған Ақберді Керейді ашамай ерге мінгізіп алып барып, әйел алып бергендіктен «ашамайлы керейім» деп атап кеткен. Ашамайлы – Сибан, Балта, Көшебе, Ақсары, Құрсары, Нұралы, Самал т.б. рулардан құралған [60, 33 б.].

Ашамайлы: Балта, Қарақас, Сибан, Сымайыл, Бағылан – Сармат, Көшебе. [14, 88 б.].

Абақ керей. Абақ: Жантекей, Жәдік, Қарақас, Шұбарайғыр, Ителі, Шимойын, Меркіт, Молқы, Көнсадақ, Жастабан, Шеруші, Сарыбас. Тарихи деректерде Көшебенің бәйбішесі Абақ екені жазылған. («Кошубаева жена князина Обакай..») Материалы по историй русско-монгольских отношений 1636-1654. М.,1974). Ел аузында «Көшебелі көп керей, көше алмайды сыбансыз» деп айтылатын да сөз бар. 1897 жылғы дерек бойынша Қазақстанда 285 болыс керей болған [14, 87 б.].

Қазақ болсаң – керей бол, алты алашқа – мерей бол! Жоңғар шапқыншылығы кезінде Абылай ханның тұсында керейлер ерекше көзге түседі. Жәнібек Бердәулетұлы керей сарбаздарын бастап, жоңғар соғысы кезінде неше мәрте ерлік көрсеткен, елін, жерін жаудан қорғаған. Жәнібек батырдың ерен ерлігіне риза болған Абылай хан батырдың еңбегін бағалаған. «Қазақ болсаң – керей бол, алты алашқа – мерей бол!» – деген Төле бидің сөзі қанатты сөзге айналған. Ауыс: керей руы жауынгер, батыр ел болғандықтан, аты тарихта қалып, мерейі үстем болған [60, 36 б.].

Ағашта биікті көрсең, қарағайды айт.

Найзасының ұшына жау мінгізген,

Есенәлі керейде Ер Жобалайды айт (керей). Жобалай би шамамен 1730 жылдары дүниеге келіп, 1818 жылдары дүниеден өткен. Шұбартау жұртын 1760 жылдары осы күнгі Қытай халық Республикасының құрамындағы Алтай Сауыр тауларындағы Керей Бегімбеттің екі баласының (Бекназар, Қосай абыз) туыстары – екі жүз үй шамасында, Жобалай би бастап көшіп келіп, Дағанделінің Бақанас өзені бойын мал бағуға жарамды деп қоныс қылған. Қазіргі кезде үш мың үйге жақын. Барымта дауы кезінде атанға тайлақ, атқа тай алғызып, билік айтып, ел арасын тыныштандырған екен, «Жобалай» бүкіл Жастабанға ұран. Ауыс: ержүрек батырды биік те бітімі келіскен қарағайға теңеу, оның ерен ерлігін айқындап, ел жадында мәңгі қалдырады [60, 71 б.].

Жондағы Жобалай керей. Жастабанға (керейдің бір тармағы) ұран болған керей ұрпақтары Шұбартау өңірінде жондағы Жобалай керей елі атанған. Сол жердің адамдарынан «елің кім?» деп сұрасаң «Жондағы Жобалай керей» деп жауап беретін болған. Бұл халқымыздың өз ата салтына, ата дәстүріне құрметпен қарап, оны сақтағанының бір белгісі. «Жондағы Жобалай керей» атанған ел бір шеті Балқаш көлінен басталып, Қарқаралы, Шыңғыс тауларын жағалап барып, екінші шеті Аякөз, Бақанас өзендері бойын мекен еткен [60, 71 б.].

Бес қасқа (Керей – Жобалай – Еламан). Еламан балалары – Бес қасқа – Көшімбай, Қылжақбас, Ашан, Қақал, Доғал. Бұл бесеуі қайда жүрсе де (соғыста, тамақ уақытында, демалыста т.б.) бірге жүреді екен. Еламан балаларын Әбілхайыр хан өзіне шақыртып: – Бәрің бірге неге соғысасыңдар? – деп сұрапты. «Бірге жүрген біздің шебімізді бұзып жау ала алмайды, сондықтан да біз бірге жүріп ойран саламыз» – деген екен. Сонда Әбілхайыр: – Бұларды осы ерліктері мен жау жүректілігі үшін «бес қасқа» деп атайық, – депті. Сөйтіп, Еламан руы Қасқа атанып, шежіреге «Қасқа» болып еніпті. Ауыс: асылзада, бесеуі де бірдей танымал, қасиеттері бір-біріне жете қабыл жандарды атаса керек [60, 108 б.].

Үркештің үргенінен сақта (керей – Жобалай). Қасқа ауылының халқы «Үркештің үргенінен сақта» деп жиі айтады екен. Өйткені, Үркеш те оның балалары да ұр да жық, сыңар езу, қызу қанды болыпты. Үркештің өзі шоң, жуан, салмағы ауыр, сөзге шешен, сөзуар болса керек. Жай уақытта оны ат көтере алмайды екен. Ауыс: абалап, бос шуылдаған иттен қашқақтайтын сияқты, даңғой, тиіп кетсең пәлесіне ілігіп кететін адамдардан ел іргесін аулақ ұстайды [60, 109 б.].

Саманжанның сары жұдырығынан сақта (керей – Жобалай). «Үркештің үргенінен сақта» дейтін Үркештің ұрпақтары да жуан жұдырықты, кеуделі адамдар екен. Солардың бірі Саманжан сал сері болған деседі. Су төгілмейтін қара жорға ат мініп, басына қара құндыз бөрік киіп, үстіне қара мақпал шапан жауып, қашан да сән-салтанатпен жүрген. Саманжан сері ғана емес, кең кеуделі, қызу қанды жан болған. Серілік қазақ ортасында кейде күш көрсету, барымтамен де ерекшеленіп отырған. Содан да ел арасында «Саманжанның

сары жұдырығынан сақта» деген мәтел тарапты. Ауыс: күш иесін танымас, сондықтан байқастау қажет дегенді білдіреді [60, 109 б.].

Шоқпатардың Үш Қызылы. (керей–Жобалай). Шығысында Қаратас, Күркілдеуік, оңтүстігінде Балқаш көлі, батысында Демесіннің ақтасы, Қос Қайнардағы Жылтыркөз қажының, Байсақ, Сағымбай ауылдары ескі Саяққа таяу орналасқан шағын ауыл «Шоқбатар ауылы» деп, ал қалың бұйраттан көлге шыға берісінде ерекше көз тартатын Үш қызыл төбені жұрт «Шоқбатардың Үш қызылы» деп атайтын. Өйткені «Керейдің емші, көріпкел Шоқбатары» атанған ата өз бойындағы қасиеттерімен Қасқа, Байсейіт ауылдарына ғана емес, найман, садыр, тобықты, арғын арасында да танымал болған. Ауыс: ел ішінде аты аңызға айналған адам атынан жасалған жер атауы [60, 18 б.].

Көшебелі көп керей, көше алмайды сыбансыз. Ел аузында «Көшебелі көп керей, көше алмайды сыбансыз» деп айтылатын да сөз бар. 1897 жылғы дерек бойынша Қазақстанда 285 болыс керей болған. Ауыс: керей елі сан жағынан аз болмаса да, көші-қон кезінде сыбанмен де ақылдасып отырса керек [14, 88 б.].

Байқан-Чайхан шуылдап, кешке жақын болғанда қазан-қазан қуырдақ. Байқан – Он екі Абақ керей ішіндегі Қарақас руының бір тарамы. Бұл тұрақты тіркестің жасалу тарихы жайында ел аузында әр алуан әңгімелер айтылады. Солардың біреуіне жүгінер болсақ, Қарақас ішінде Байқан жігіттері басқа аталас руларына қарағанда жылбұрынды, пысық болып, көбірек жортуыл жорықтарға аттанып отырған. Әлі сондай жортуыл мен жорықтардың қанжығасына байлай келген олжаларын Байханның жігіттері ауылға қайтқан соң өз руластары ішінде бөліске салып отырса керек. Бұл тұрақты тіркестің қазіргі беріп тұрған ауыспалы мағынасы: жылбұрындылық, пысықтық [61, 52 б.].

Барқы біле ме, сөздің нарқы біле ме? Барқы – Абақ керей ішіндегі Жәнтекейдің бір тарамы. Сонда бұл тұрақты сөз тіркесінің қазіргі беріп тұрған ауыспалы мағынасы: шындық сөйлей ме, әлде билік сөйлей ме? [61, 95 б.].

Жәдік, Жәнтікей кісі өлтірсе, Қарақас, Молқы құн төлейді. Абақ керей рулары Алтай, Тарбағатай, Сауыр, Еренқабырға тауларына орныға бастаған тұста, Абақ керейінің өзі қолқа салып төре сайлап алып келген Көгедай төренің ұрпақтары елді баса билеп, тізгінін тартып отыратын ықпалды қолғанат керек қылады. Сөйтіп Абақ керей руларынан төрт би сайлау шешіміне келеді. Осы төрт бидің орны сол тұстағы Абақ керей ішінде түтін саны көп, әрі жуан ата тұқымдары болғандықтан Жәдік пен Жәнтікейге беріледі. Кейінгі жер дауы, жесір дауы, құн дауы сияқты түйіні шытырман дау-шарларда әлгі Жәдік, Жәнтікейден би орнына сайланып, билік тізгінін қолына алған азулы ата ұрпақтары көп жағдайда пендешілікке салынып даудың пайдалы жағын өз рулары тарапынан бұрып беріп отырса керек. Ауыс: белді атаның балалары жасаған зорлық-зомбылықтың зардабын, көп жағдайда, нашар, аз ата балалары тартары тарихта болып тұратын жағдайлар [61, 95 б.].

Емегейті – жер жақсысы, Қанас – көл жақсысы, Үш ата – ел жақсысы. Ауыс: Емегейті – Алтай аймағы Буыршы ауданына қарасты жер аты. Қанас – сол ауданға қарасты көл. Үш ата – Жәдік ішіндегі сегіз Жанаттың үшеуі: Байқазан, Қыдыр, Тілеке. Ауыс: кімге болса да туған жерінен, туған елінен, сол

жердің өзен-көлінен артық жер-су жоқ екені белгілі, яғни бұл тәмсіл туған елге деген сүйіспеншілікті білдіретін тәмсіл [61, 52 б.].

Жәнтекейдің бұқа қарағаны бір үйлі болыпты. Жәнтекей он екі Абақ керейдің бір табы. Ертеде Абақ керей ішіндегі бір байдың ауылында келін түсірген ұлы думан той болады. Бұл тойға арада ашты-аразы болғандықтан жуан ата тұқымы Абақ баласынан Жәнтекей руының игі жақсылары шақырылмайды. Бұған шираған Жәнтікейдің игі жақсылары әдейі өз руларынан бір топ жігіттерді «бұқа іздеп жүрміз» деген сылтаумен өзге рудың тойына барып қатысуға жібереді. «Бұқа іздеп жүрміз» деп жол-жөнекей тойға қатысып қалған Жәнтекей адамдарын отырғызып табақ тартқанда тура бір үй толған екен. Ауыс: басқа малдай емес әдетте топты сиырдан көп бөліне бермейтін бұқаны іздеген Жәнтікей баласының өзі бір үйлі болғанда, басқасын өзіңіз есептей беріңіз [61, 95 б.].

Ителі керей. Ас болып жатқанда, керейдің үлкенін тоспай науқанын бастап қойғаны үшін сабаның бәрін жарып, қымызды бұлақ қып ағызған екен, содан ит-ақ екен, «Ителі керей» аталса керек. Ауыс: жиынның реңін бұзғандықтан айтылған сөз [61, 52 б.].

Ожық кетсе, Шаппас келер. Ожық пен Шаппас – он екі Абақ керей ішіндегі Шерушінің бір атадан тараған екі ұрпағы. Бұл тұрақты сөз тіркесінің қазіргі беріп тұрған ауыспалы мағынасы: Бірінің орнын бірі басу; айналсоқтап бір жерден шыға алмау. Мысалы: Осыған зығырданы қайнаған Ақтай мен Бозтай кейінгі ұрпақтарын Ожық көшсе, жұртына Шаппас қонатын қырсықты қашанға дейін арқалаймыз деп «ортақ өгізден оңаша бұзаудай» өз қотырын өзі қаситын өзге бір өріс табуды ескерте береді екен [61, 95 б.].

Көктемде бұқа мас, Көктоғайда Молқы мас. Көктоғай – Суар Алтай аймағына қарасты аудан. Молқы – он екі Абақ керейдің бір бұтағы. Бұл тұрақты тіркестің қазіргі беріп тұрған ауыспалы мағынасы: әр заманның, әр жердің өзіне лайықты топ жарып шығар тентегі болады. Мысалы: «Көктемде бұқа мас, Көктоғайда молқы мас» деген бір тәмсілді керей баласы қаңқу үшін айтса да, тайға таңба басқандай қылып отырып айтыпты [61, 95 б.].

Қыздың көрмейтін жері жоқ, Жастабанның жүрмейтін жері жоқ. Жастабан – әрі әлді, сері, батыр болса керек. Бірде жолаушылап келе жатып, бір ауылға түскенде, сол ауылдың баласы жүгіріп келіп, батырдың келгенін хабарлағанда, жиналған жұрт арасынан бір қария: «Осы сенің жүрмейтін жерің жоқ екен, өзіміз әбігерге салынып, мына құдыққа түсіп кеткен түйемізді шығара алмай жатырмыз», – деп кеийді. Бұл кезде Жастабан бабамыздың жас кезі екен. Түйеге арқанды байлап, жалғыз өзі құдықтан алып шығыпты. Ол кісі құдыққа кірер алдында киімімен қоса аяқ киімін де шешіпті. Сол кезде құдықтың жиегінде батырдың табанының ізі қалыпты. Сол ауылдың кәрілері ерекше үлкен табанының ізін көріп, қайран қалып, жас жігіттің табаны екен. Содан «Жастабан» атаныпты. Ал негізгі аты Аллақыдыр екен [62].

Керейдің жері қашанда, қара найзаның ұшымен кеңейген. Ауыс: Керейлер өз жерлерін көбінесе жаугершілікпен кеңейтіп отырған [17].

Кең қолтық керей. Бұл тұрақты тіркестің қазіргі ауыспалы мағынасы: мінезге бай, адамгершілігі жоғары, жомарт.

Керейдің жігіттері төр бермейді, қыздары сөз бермейді. Ауыс: Керей елінің жігіттері маңғазданып, сыйластықты тәуір көретін болса, қыздары әнші, сөзге шешен болса керек [63].

Керей көрдім дегенше, Кедей көрдім десеңші. Ауыс: ауыл арасында айтылатын, қағытпа сөз. Елде кедей де, бай да болуы мүмкін, бірақ кейбір уақытта бойында малсақтық қасиет болмағандықтан, тұрмыс жұпынылығын көріп айтылған сөз болуы керек [17].

Кедейден қыз алсаң – жұрағат табарсың, Керейден қыз алсаң – ұлағат табарсың.

Кедей жерден қыз алсаң, тілекші жұрағатың көбейер, ал керейден қыз алу – ол да бір мәртебе [17].

Керей елі – төзімшіл келер, Қыз айттырса – өзімшіл келер. Ауыс: керей елі шыдамды, төзімді, қажет жағдайда менмендігі де бір басына жетерлік. Бұл жерде қайткенде де, ел арасын жақындастыруға, құда-құдандалыққа, бірлікке меңзеген парасатты бабалар соқпағын көруге болады [62].

Керей қайда барасың? Біреудің бір жаққа немесе теріс бағыт алып бара жатқанын айтарға келгенде тілге оралатын қанатты сөз [23, 125-126 бб.].

Керей мен найман шығысқа қарай серпілсе, ісі қазақ игілікке жетеді. Абылай хан: «Уа, Арғын аға баласы! Егер Ертіс пен Есіл алқабын жау қолынан босатып, керей мен найман шығысқа қарай серпілсе, ісі қазақ игілікке жетеді. Сенің де өрісің кеңіп, көсіліп бір тыныстайсың», – дейді. Бұл жерде егер керей мен найман қоныс аударатын болса, басқа рулардың өрісі кеңейіп, жер аяғы кеңір еді дегенді білдіреді. Ауыс: көпке ортақ, қолайлы шешім [64, 350 б.].

Керейдің кеңдігін, найманның елдігін берсін! Ауыс: еңселі, қабырғалы елдің жақсы қасиетін бағамдап, алғыс білдіру [65].

Елібай екі асағанын көтере алмайды. Елібай он екі абақ керей ішіндегі меркіт табынан тарайды. Ауыс: барлықты, тоқшылықты көтере алмау дегенді білдіреді [66].

Матақ – жүрген жерің шатақ (керей – жастабан – матақ). Ауыс: матақ табының кейбірі жүрген жерінде дау-дамай туғызып, дау өршітіп, шатақтасып жүретіндіктерінен осы сөз қалған [66].

Керей көшсе, құт болады. Найман көшсе, жұт болады. Ауыс: жер қадірін жақсы білетін ата-бабамыз көші-қонды жыл мезгіліне, күннің райына, малдың ыңғайына қарай реттеп отыратыны белгілі. Шағын ауыл болып көшетін керейдің жері таптауырынды бола қоймасы, ал тұтаса отырған қалың найман бір сәтте көшсе өрістің қара топырағы шығатыны белгілі. Бұл тіркес осындай жағдаяттарға қатысты жасалса керек [66].

Ожықтың озған жылы, Саңыраудың сандалған жылы. Ертеректе Тарбағатайдың Толы ауданында қатты қуаңшылық болып жер көктемей қалады. Мұны көрген Шүкетай қажы жылқы түлігін отарлау үшін жер шалып: «Биыл Бес қожаның көктемі жақсы екен, жылқыны сонда отарлатыңдар», – дейді. Бірақ Шүкетай сөзіне құлақ аспаған Мамырбек төре бастаған Шерушіден Құман, Саңырау деген би мен байлар жылқыларын қарамайлының аяғы Орқы мен Майлы Жайырға айдатқан екен. Бірақ жылқылары қыста қырылып, жазғытұрым жылқышылар тоқымын арқалап қайтады. Сонда

Шүкетай қажының сөзіне құлақ асқан Шеруші руынан Ожықтың жылқылары аман қалады. Қыстан жылқылары күйлі шыққан Шүкетай қажы Мамырбек бастаған би мен байларды жайлауда қымыз мұрындыққа шақырады. Сонда Шүкетай қажы хал сұраған Мамырбек төреге «Е, биыл Ожықтың озған жылы, Саңыраудың сандалған жылы болды. Төреге ерген ерін арқалайды деген осы», – деп сөзден жеңістік алған екен. Ауыс: жөн сөзге тоқтамай, тәжірибесі мол адамның айтқанына көнбей, соның кесірінен жамандыққа ұрыну, жоқшылыққа ұшырау дегенді білдіреді [67].

Көш басшысы Керей. «Ақтабан шұбырындыда» елінен безіп Алтай асып кеткен қазақтар, ол жақта жағдайлары түзелсе де ата жұртты аңсап, елге қайтқысы келеді. «Алтай ат тұяғымен таусылады екен, мұнда қалып дін сақтағанша, онда барып жан сақтайық. Түбіміз бір киіз туырлықты, ағаш уықты ел едік» деп 1740 жылы керейдің Қотырық батырының немересі Көбештің бастауымен көшіп, шығыс Түркістан өлкесіне келіп мекендейді. Алтайдың арғы бетінен бері өтушілердің алғы шебінде болғандықтан осы тұрақты тіркес шықса керек [68, 22 б.].

УАҚ ТАЙПАСЫНА ҚАТЫСТЫ ҚАЛЫПТАСҚАН ТҰРАҚТЫ ТІРКЕСТЕР

Ергенекті уақ. Қарамолда нәсілі Семіз найман атанады. Матайдың үш баласы – Аталық, Кенже, Қаптағай. Аталықтың қатыны Қызай дегеннің атымен тұқымы қызай атанды. Жоғарғы Сарыжомарттың бәйбішесінен Қаратай және тоқалдың төрт баласы – Байдалы, Жансары, Баржақсы, Шайкөз. Бұл төртеуі нағашылары уақ ішіне кетіп, күні бүгін «Ергенекті уақ» атанып кетті. Оның себебі: Сарыжомарттың нәсілі ергенек таңба салып, ергенекті найман аталып кетеді. Бірақ оларды халықтың көбі уақ атап кетеді [12, 32 б.].

Уақ жерге түскен шуақ. Уақ руының адамдарының көбінің мінезінің жайлылығына қатысты айтылған сөз [69].

Уақтардың қыздары тентек, ұлдары жуас. Ауыс: мінез ерекшелігіне байланысты, яғни қыздарын еркелетіп, ұлдарын керісінше жұмыс басты ғып өсіретініне қатысты айтылған сөз [70].

Жанысқа қонба, қамысқа қон (Уақ – Жаныс). Жаратылысынан ерекше жігерлі, алғыр, өжет Құлақайдың балалықпен ұштасқан күлдіргі істері есейген сайын күрделі әрекетке айналып, 12-13 жасына дейін-ақ оның Қу Құлақай деген аты бүкіл Зайсан уезі мен соған таяу Шыңжан қазақтары арасына да тарайды. Құлақай қартайып қалған шағында, уақ еліне жолаушылап келіп, уақтың бір тармағы Жаныс еліндегі бір байдың үйіне түседі. Таңертең Құлақайдың да, жолдасының да қайыстан сәндеп өрген артқы шап айылдары жоғалыпты. Айылдардың ұрланғанына әбден көзі жеткен Құлақай үйге кіріп, домбыраны ала салып, былай деген екен:

Жанысқа қонба, қамысқа қон...

Елдігі жоқ Жаныстың,

Жұрнағы жоқ намыстың.

Ел екен деп қонып ем,
Ығындай болмады-ау қамыстың.
Екі бірдей шап айыл
Сегіз таспа өрімі.

Ит болмаса Жаныстар,
Тістей қашпас еді ғой теріні.

Ұялған бай ауылын түгел тінттіргенде, ұры өзінің бір туысы болып шығыпты. Айылын тауып беріп бай: – Осыны ешкімге айта көрмеңіз, – деп, Құлақайға ат мінгізіпті. Бірақ, Жанысқа қонба, қамысқа қон деген сөз елдің арасына тарап та кетсе керек. Ауыс: елдігіңе нұқсан келетін істен аулақ бол дегенге үндейді [71, 205-206 бб.].

Уақтан ұл туса, ағашқа күн туады. Ауыс: ел ішінде қолы шебер, бесаспап адамдар көп болса керек.

Уақтың халқы уақ болғанымен, ақылы шуақ болады. Ауыс: уақтар Шығыс Қазақстан аймағында басқа руларға қарағанда аз қоныстанғанымен, халқы жайдары, мейірімді, күннің шуағындай [59].

Уақ – көтіңнен су ақ. Ауыс: уақтар жұмысқа ширақ, әрі сол жұмысын аяқтамайынша тыным таппайтын еңбекқор болған [72].

Шоға уақ. Уақтың бір тармағы

Сарман уақ. Уақтың бір тармағы

Байназар уақ. Уақтың бір тармағы

Сарыбағыс уақ. Уақтың бір тармағы

Сіргелі уақ. Уақтың бір тармағы

Еренші уақ. Уақтың бір тармағы

Әлімбет уақ. Уақтың бір тармағы

Бидалы уақ. Уақтың бір тармағы

Жансары уақ. Уақтың бір тармағы

Баржақсы уақ. Уақтың бір тармағы

Шайкөз уақ. Уақтың бір тармағы деген аталарына бөлінеді.

Мұның соңғы төртеуін – Бидалы уақ, Жансары уақ, Баржақсы уақ, Шайкөз уақты – Ергенекті Уақ деп атайды.

Төлеңгіт атауына қатысты қалыптасқан тұрақты тіркестер

Төлеңгіт – Жаназардың туына, Өмірзақтың құтына жиналған ел. (Шұбартау Төлеңгіті) Жаназар батыр, Мамадайыр ұрпағы Ақтөсұлы Өмірзақ екеуі ажырамас дос, жанқияр серік болған. Екеуі жаугершілік заманның зардабын тартқан, панасыз басқа елден келгендерге қамқорлық жасай жүріп, бұл екеуі аз елден бір тұтас ел құраған. Жаназар қол бастаған батыр болған, өз туыстарымен бірге жоңғарларға қарсы соғысқан. Өмірзақ – адамгершілігі мен даналығы аса биік, ел басқарып, би болған адам. Екеуі соғыста түскен олжаға, малға қызықпаған және басқа да зорлық іске жол бермей, жетім-жесір қорғанышы жоқ елге қамқорлық жасап, үнемі ел тыныштығын екеуі бірдей шешіп отырған. Аруақты да ардақты осы екі ардагер ата ірілі-ұсақты ру

өкілдерін Шұбартау жерінде топтастырып, Шұбартау төлеңгіттерін іргелі ел, ілкімді жұрт ретінде дүниеге әкелген. Сондықтан, «Төлеңгіт – Жаназардың туына, Өмірзақтың құтына жиналған ел» деп айтылады. Рулы ел Шұбартау Төлеңгіттерінің негізгі құрамы: Арғын Қуандық, Алтай бұтағынан тарайтын Мамадайыр, екіншісі – қазаққа сіңген қалмақтар, үшіншісі – қазақ арасына келіп қоныстанған қырғыздар. Міне, осы үш арыс Шұбартау Төлеңгіттерінің ортасы болып табылады. Ауыс: елді ұйыстырар ер азаматын елі әрқашан ардақ тұтқандығын көрсетеді [73, 9 б.].

Өмірзақтар оразаны да кейінге қалдырады (Шұбартау Төлеңгіті). Өмірзақтар тау елі, ой елі болып екіге бөлініп отырған. Ораза ұстап, оразаны қатты сақтайды екен. Сол елдегі Жауынғардың Әбіші деген ел жақсыларымен бірге жүрген, құрдастарын әзіл-қалжыңмен әжуалап жүретін жан болыпты. Жазға салым Әбіш отырған Ойран қыстағынан өтетін Еспе өзені қатты тасып жатқанда, ой елінен Әбіштің Байжүкен деген құрдасы өзеннің ар жағында тұрып, өз ауылының үлкендері ораза қашан басталатынын сұрағандығын айтса керек, сонда Әбіш: – Өмірзақтың ақсақалдары ақылдасып, Оразаны кейінгі айға қалдырды, – десе, Байжүкен: – Онда жарайды, Өмірзақтар Өмірзақтығын жасаған-ақ екен, енді мен қайтамын, – деп ауылына қайтып кетіпті. Кейіннен «Өмірзақтар оразаны да кейінге қалдырады» деген сөз қалса керек. Ауыс: бір жағынан айтушының аңқаулығын мегзесе, екінші жағынан сөйлеушінің де дес бермес екенін көрсетеді [73, 60 б.].

Төлеңгіт – төреңді күт. Ауыс: төлеңгіттердің бір кездегі тарихи орны – төренің шаруаларына жүріп-тұратын міндетті атқарушы болса, сол міндетінді дұрысымен атқар дегенді білдіреді [74].

ҚОҢЫРАТ ТАЙПАСЫНА ҚАТЫСТЫ ҚАЛЫПТАСҚАН ТҰРАҚТЫ ТІРКЕСТЕР

Тобықты томар артса, қасынан божбан табылады (қоңырат – божбан). Құмдағы тобықты мен қоңыраттық божбандар қыз алысып, қыз берісіп, құдандалы, жекжат болып кеткен, әрі құм ішінде көшіп-қонып, тұрмыс кешкен елдер. Ауыс: «Жайлауы бірдің – мұңы бір, қыстауы бірдің – діні бір» дегендей тыныс-тіршілігі бір болып кеткендіктен де осындай әзіл мәтел қалыптасқан [2, 52 б.].

Божбаннан жекжатың болса, жоқшылық көрмейсің (қоңырат – божбан). Божбандар береке қонған іргелі ата, қонақжай, кеңпейіл, өмір тарихында жілік майы үзілмеген сақи ел. Божбан атаға біткен дәулетті осы мақалдан-ақ көруге болады [2, 52 б.].

Божбаннан жекжатың болса, қарның ашпайды (қоңырат-көтенші: Жаманбай, Божбан, Жетімдер). Божбандар береке қонған іргелі ата, қонақжай, кеңпейіл, өмір тарихында жілік майы үзілмеген сақи ел. Божбан атаға біткен дәулетті осы мақалдан-ақ көруге болады [2, 52 б.].

Божбаннан ағайының болса аштан өлмейсің. Божбандар береке қонған іргелі ата, қонақжай, кеңпейіл, өмір тарихында жілік майы үзілмеген сақи ел. Божбан атаға біткен дәулетті осы мақалдан-ақ көруге болады [68, 21 б.].

Алғилар аға баласы. Бір деректерде Абатқұлдың әулеті «алғилар» аталған болса, басқа бір деректерде «алғилар Қарадан тарайды» делінген. Ауыс: өз ортасында белгілі орны барлығын мегзейді [75, 20 б.].

Алтын тиекті Әлібек. Тиекті Жағалыдан қалған Қожахметтің баласы. Қожахмет үйленіп, одан бір қыз, бір ұл бала болған. Қызын әкесі Жәнібек ханға ұзатқан екен. Жәнібек Қарашаштың сыр-сымбатына риза болып, қайын атасы Қожахметке Байқарағай деген жерді мөрлеп, қайнысы Әлібекке аттың алтын тиекті шідерін сауға етеді. Сол себептен «алтын тиекті Әлібек» болып, одан өрбігендер «Тиекті» аталып кеткен. Ауыс: хан алдындағы қадірінің бағасын жоғалтпау үшін де қалыптасып, айтылып жүрген сөз [75, 23 б.].

Алты ата Оразкелді. Оразкелдінің алты баласы – Құрманәлі, Бұғышы, Қаржау, Бәткей, Айғұлы және Тиекті. Алты баласы бірінен бірі өткен сарабал жандар болғандықтан, оларды осылай атап кеткен. Ауыс: бірге, тұтастығы бұзылмаған ата балалары дегенге саяды [75, 23 б.].

Баянның балалары. Баян шешеміз ері Бәйгісі қайтыс болған соң, әмеңгерлік жолымен қоспақ болған қайнысы Түкшеге тигісі келмейді. Ол кезде әйел қанша мықты болғанмен, еркектің ықпалы, елдің ынтымағынан кетпейтін кезі. Түкше нағашысына көшіп барып, Баянды алып қашып кетеді. Сөйтіп Баян мен Түкше некелеседі дейді. Баян Түкшенің нағашы жұртында Елден, Бөрібайды туып, олар төрт-бес жасар болған соң, қайтадан елге көшіп келеді. Елге келген соң, Баян көшке қарамай, түйеден түседі де ауылда қалған балалары Бәйгісіден туған Өтеп, Өтестің үйіне қарай бет түзейді. Түкшенің «тоқта» дегенін құлағына да ілмейді. Түкше көген керіп, оған шешесінен қалғысы келмей бақырып жылап жатқан Елден мен Бөрібайды көгендеп қояды. Баян шешеміз сонда да бұрылмай, Өтеп пен Өтеске кетіп қалады. Баянның артынан екі баласы – Елден мен Бөрібайды Түкшенің өзі апарып береді. Сонымен Өтеп, Өтес, Елден, Бөрібай, Бәйгісінің інісі Ахмет бар, бәрі бір ауыл болып, Баянның басшылығымен өсіп-өне берді. Бұл бес кісінің ұрпағы **«Баянның балалары»** деп аталып кетті. Ауыс: ел есінде қалған оқиғадан кейін бір әулеттің балалары шешесінің атымен аталып кеткендігі жайлы сөз [75, 6 б.].

Бес ата Жаманбайды аз деп, құйысқансызды қосқан құдайды қайтейін?!

Қарақұдайбердінің екінші баласы Аманбайдан Қожамберді батыр туады. Қарақұдайбердінің қарындасы Қанышкүлді Қаракерей Жантұмырзаға ұзатып береді. Қанышкүл бала көтермейді. Қанышкүл Аманбайды бауырына басып алады. Аманбай ер жетіп, үйленіп одан Қожамберді батыр туады. Қожамберді әрі батыр, әрі тентектеу болып өседі. Мұнысы Қаракерей наймандарға ұнамай, шеттете берген соң, Қожамберді өкпелеп, өз ағайыны Қоңыратқа кетіп қалады. Маңы, Сопы балаларының өзара айтысып, жауласып жатқан кезі еді. Жаманбай жағы нашарлаңқырап тұрған үстіне келген Қожамберді батыр оның сойылын соғып, көзге түседі, Жаманбайдың қолы жеңіске жетеді. Жаманбай тұқымы астындағы аттарын тегіс құйысқандап мінеді екен. Бұларға келіп қосылған Қожамберді батырдың аты Құйысқансыз болады. Жанжалда жеңілген сопы

жағы «Бес ата Жаманбайды аз деп, құйысқансызды қосқан құдайды қайтейн?!» – деген екен. Содан Қожамберді батыр және одан тараған үрім-бұтақ «Құйысқансыз» атанып кетіпті. Ауыс: өзінен басымдығы асып түсіп жатқанда айтылатын «әттеген-ай» [75, 14 б.].

Бес ата Жаманбай деп естуші едік-құйысқансыз дегенің қай жұрт? Ауыс: жаманбайларды төмендеткісі келгенде немесе бір сүріндірейін деген мақсатпен жаманбайларға қосылған тегі найман аталастарының кірме екендігін де көрсетіп, орнын білсін деген мақсатпен айтылатын сөз [75, 17 б.].

Жетімектің ауылы (Қоңырат – Нағанай – Мелдеби – Құдайберген – Сүйеліш – Есімқұл – Досымқұл). Қанымқыз Досымқұлды «Жетімегім, жетімегім» деп жүріп, кейін үйлендіріп, енші беріп шығарғанда «Жетімектің ауылы» атанып, одан өсіп-өрбіген тұқым «Жетімдер» деген ел болды. Ауыс: «жас өспей ме?» дегенге саяды [75, 10 б.].

Жетім қозы қой болды, Қоңырат та ел болды. Белгібайдан Сүйініш, Сүгірші, Саржомарт, Ергенекті туғанда асырап алған баласы Елатаннан Балталы, Бағаналы туады. Қолына келіп сіңген Қоңырат та өз ұлы атанған. Бабамыздың тоғыз баласы «Тоғыз таңбалы Найман» аталды. Қолына келіп сіңген Қоңырат та енші алып өз ұлы атанған. «Қоңырат та ел болды, Жетім қозы қой болды» деген мақал ел аузында қалып қойған [46, 14 б.].

Көктің ұлы. Жезбике деген кісі Мелдебиге тиіп, көп ұзамай жүкті болады. Күлдізай бәйбіше күндестік кесірімен Мелдебиге айтқанын істетіп, Жезбикені жұртқа тастап кеткен. Жезбике аман есен босанып, жаңа туған баланы орайтын жөргөк таппай, көк шөпке орап алған екен. Сол себептен Жезбикеден өрбіген ұрпақ «Көктің ұлы» аталған екен [75, 13 б.].

Қоңыр шұнақ. Құдайбергеннен тараған Қоңырсопыдан тоғыз бала туады. Сегізін жау өлтіріп кетіп, ең кенжесі Жетіммалай ғана тірі қалады. Қоңырсопы жатса-тұрса: «Е, құдай, шұп-шұнақ қылып қойдың-ай!» – деп зарланады екен. Жетіммалай содан «Қоңыр шұнақ» атанып кетеді. Ауыс: жақсы көргенін де, тағдырдың басқа салғанына шағынғанын білдіретін сөз [75, 12 б.].

Қоңыр аттылар. Қоңырат Нағанайдың лақап аты болған. Нағанай да, балалары да өңкей қоңыр атқа мініп жүргендіктен, ел оларды «қоңыр аттылар» деп атаған. Олардың қоңыр аталу себебі осы болса керек [75, 11 б.].

Сарыарқада жүрер Қоңырат, Сәйгүлігі тарпып, малы жамырап. Ауыс: қоңыраттың Сарыарқада малды да бақты болып жүріп жатқандығынан хабардар етеді [17].

Сүйеліш Кебекшінің Керқасқа атына сатылып келген (Қоңырат – Нағанай – Мелдеби – Құдайберген – Сүйеліш). Әйхан жиені Сүйелішті іздеп келіп, ізетке Кебекші батырдың Керқасқа атын мініп қайтып еді. Ауыс: ізетке батырдың аты берілгеннен кейін, әрине, Сүйеліштің бағасының арта түсері сөзсіз [75, 13 б.].

Отырған Оразкелдіге жаққан, Қаңғырған хан құлына жаққан. Ауыс: өмірде кімге қандай жол тиімді болады дегенге саяды [75, 17 б.].

Өлген кісінің асында бәйге беру үлгісі. Мелдеби қартайып тоқсанның үшінде дүние салады. Ұрпақтары Түркістанға апарып қойған. Мелдебидің асында балалары, немерелері Хантағы деген жерде бәйге береді. Өлген кісінің асында

бәйге беру үлгісі содан қалған. Ауыс: жаңа, тосын үлгіде дәстүрге ерекшелік енгізу [75, 14 б.].

Алты ата көктенше (көтенше), жеті көше көктің ұлы. Шежіре дерегі бойынша қоңыраттар үлкен екі бірлестікке бөлінеді. Бұл екі бірлестікті «алты ата көктің ұлы, алты ата көктің құсы» немесе қазақ шежірешілері «алты ата көктенше (көтенше), жеті көше көктің ұлы» деп екіге жіктеп, олардан он үш тайпаны таратады. Көктеншеден тараған алты ата: саңғылы, сүйімбай, сүттімбай, аққошқар, амантай, жамантай. Ал көктің ұлынан тараған жеті көше: байлар, жандар, оразкелді, қарасирақ, тоқболат, күлшаған, алғы. Кейбір шежіре деректерінде қоңыраттың жоғарыда аталған он үш тыс: бошман, қаракөсе, жетімдер және құйысқансыз деген рулары да аталады.

Алты ата көктің ұлы, алты ата көктің құсы. Шежіре дерегі бойынша қоңыраттар үлкен екі бірлестікке бөлінеді. Бұл екі бірлестікті «алты ата көктің ұлы, алты ата көктің құсы» деп екіге жіктеген [76, 180 б.].

А. И. Тевкелевтің көрсетуі бойынша өте қуатты рулардың бірі – Қоңырат 5 рудан тұрған:

Байлар жандар қоңырат. Қоңыраттың бір руы (А. И. Тевкелевтің көрсетуі бойынша Қоңырат 9 рудан тұрған).

Оразгелді қоңырат. Қоңыраттың бір руы (А. И. Тевкелевтің көрсетуі бойынша Қоңырат 5 рудан тұрған).

Қаракісі қоңырат. Қоңыраттың бір руы (А. И. Тевкелевтің көрсетуі бойынша Қоңырат 5 рудан тұрған).

Жетімдер қоңырат. Қоңыраттың бір руы (А. И. Тевкелевтің көрсетуі бойынша Қоңырат 5 рудан тұрған).

Құйысқансыз қоңырат. Қоңыраттың бір руы (А. И. Тевкелевтің көрсетуі бойынша Қоңырат 5 рудан тұрған) [56, 148 б.].

Қоңырат руының таңбасы

Босаға таңба. Қоңырат таңбасы.

ҚЫПШАҚ ТАЙПАСЫНА ҚАТЫСТЫ ҚАЛЫПТАСҚАН ТҰРАҚТЫ ТІРКЕСТЕР

Қыпшақ бұзады, Арғын түзейді. Қыпшақтың қарасы ашуланшақ келеді. Сарысының көзі өткір, тілі ащы келеді. Жақсы кезеңге таласады, жаман отыратын орыннан адасады. Жақсылар басын қосқанда, әңгімені кезек-кезек айтса, сонда жарасады. Ауыс: бүгінгі мағынасы әркімнің болмысына қарай ісі дегенді білдіреді [12, 28 б.].

Қыпшақтың Дешті даласы, Арғымағында да бар санасы. Ауыс: қыпшақтардың бір кезде сайын даланы еркін жайлағанын, тіпті, малына дейін ерекше екенін дәріптейтін тәмсіл [17].

Әкесіз Қыпшақ сұм жүрек, Әкелі Қыпшақ жау жүрек. Ауыс: әкенің тәрбиесін көрген саналы, ал әке баулуында болмаған ұлдың кемшін тұстары жеткілікті-ақ.

Қыпшақтың қарасы ашуланшақ, омырау келеді; сарысының көзі өткір, тілі ащы келеді. Кейбір қазақ шежірешілері қыпшақ руларын қара қыпшақ, құлан қыпшақ, қытай қыпшақ, сары қыпшақ деп төртке жіктейді. Осыған қатысты қыпшақтың қарасы ашуланшақ, омырау келеді; сарысының көзі өткір, тілі ащы келеді деген тұрақты тіркес те бар. Қыпшақтың Қара, Сары, Қытай, Еділ, Жайық атанған аталары бар. Бүгінгі мағынасы әркімнің болмысына қарай ісі дегенді білдіреді [77, 33 б.].

Қара қыпшақ Қобыландыда нең бар еді, құлыным? Ауыс: қыпшақтармен жауласпаған дұрыс дегенді білдіреді [78].

Қытай көп пе? Қыпшақ көп пе? Қыпшақ бір кезде рудың емес, тайпалық одақтың, тіпті мемлекеттің аты болған десек те артық айтылғандық емес, оған өзбек, түрікмен, қарақалпақ, қырғыз, башқұрт, авар, алан т.б. елдерінің өздерін қыпшақпыз деуі дәлел. Тоқсан екі баулы қыпшақ деп аталуы да содан болар. Ауыс: қыпшақтардың өлшеусіз көп екенін көрсетеді [79, 15 б.].

Ойбайласам – Құлан ермейді, Ойбастасам – қыпшақ ермейді. Кенесарымен көтеріліске шығып, ол көтеріліс басылып, хан қырғыздардың қолынан қаза тапқаннан кейін қыпшақтар тұрақтар жер таба алмай ұзақ жүреді. Жер алуды ойлап, оязға хат жазады. Ояз: «Келер жылы ағайын туғандарыңды жинап қой, түтін санына қарай жер беремін», – деп уәде береді. Құлан руының белді адамдары уәделі күні әр жерде қоныстанып шашырап жүрген ағайындарының басын құрай алмай, ояздың алдына қырық үйлі қыпшақты ғана алып барады. Топтың аздығын байқап қалған ояз: «Қырық үйлі Құланға сонау екі өзеннің қиылысынан осы жерге дейінгі аралық қыстаулық қонысқа жарайды», – деп үкім айтады. Жердің мүлде аздығын байқаған Сәбденбек: «Қырық үйім ертең сексен, сексенім жүз алпыс үй болмай ма! Бұлай қысқа кеспендер ағайын», – дейді. Ояздан аса алмай тұрған сол жердегі қыпшақтың жастары жерге қарап, ештеңе айта алмайды. Сәбденбек дереу атына қамшы салып, «Ойбас! Ойбас! Аруақ! Аруақ!» деп құланның ұранын шақырып, тұрғандарды үш айналып, шаба жөнеледі. Біраз жерге барып артына қараса, манағы топ сол орнында қозғалмай әлі тұр екен. Кері Оралған Сәбденбек «Ойбайласам - Құлан ермейді, Ойбастасам – қыпшақ ермейді!» – деп, «Ақжол, Ақжол!» ендеше деп күйініп, арғынның ұранын шақырған екен. Ауыс: құлан қыпшақтың бір тармағы болса, Ойбас – сол құлан руының ұраны. Ағайынның келешегі үшін басын қоса алмағанда қатты күйініп айтатын сөз [80, 20-136б.].

Қыпшақ жалғыз, құлан жалғыз, құдай жалғыз. Ауыс: ағайын басы бірікпей, ортақ мәмілеге келмей, ортақ мүддеге бас имей, өзді-өзді болып тарап кеткен шақта, шарасыздықтан айтылатын сөз [77, 77 б.].

Сөз анасы – қыпшақ, ел анасы – найман. Қазақ хандығы құрылмай тұрып, тіпті қазақ сөзінің өзінен де бұрын шыққанына, алтайдан Балқашқа дейінгі кең байтақ жерді мекендеген үлкен мемлекет болғанына ешкімнің дауы жоқ [81, 12 б.].

Елтен ел болмайды, ешкі қой болмайды. Елтен қыпшақтарға бір қақтығыс кезінде қосылған адамның есімі. Жолоба мен Елтеннің ұрпақтары халық арасында «бұралқы қыпшақ», «көлденеңнен қосылған қыпшақ» аталып кеткен. Тегінде бұл қыпшақ ұрпақтарының ала ауыздығына байланысты айтылса керек.

Құлан қыпшақ. Кейбір қазақ шежірешілері қыпшақ руларын қара қыпшақ, құлан қыпшақ, қытай қыпшақ, сары қыпшақ деп төртке жіктейді. Осыған қатысты қыпшақтың қарасы ашуланшақ, омырау келеді; сарысының көзі өткір, тілі ащы келеді деген тұрақты тіркес те бар. Қыпшақтың Қара, Сары, Қытай, Еділ, Жайық атанған аталары бар. Бүгінгі мағынасы әркімнің болмысына қарай ісі дегенді білдіреді [77, 33 б.].

Қара қыпшақ. Кейбір қазақ шежірешілері қыпшақ руларын қара қыпшақ, құлан қыпшақ, қытай қыпшақ, сары қыпшақ деп төртке жіктейді. Осыған қатысты қыпшақтың қарасы ашуланшақ, омырау келеді; сарысының көзі өткір, тілі ащы келеді деген тұрақты тіркес те бар. Қыпшақтың Қара, Сары, Қытай, Еділ, Жайық атанған аталары бар. Бүгінгі мағынасы әркімнің болмысына қарай ісі дегенді білдіреді [77, 33 б.].

Қытай қыпшақ. Кейбір қазақ шежірешілері қыпшақ руларын қара қыпшақ, құлан қыпшақ, қытай қыпшақ, сары қыпшақ деп төртке жіктейді. Осыған қатысты қыпшақтың қарасы ашуланшақ, омырау келеді; сарысының көзі өткір, тілі ащы келеді деген тұрақты тіркес те бар. Қыпшақтың Қара, Сары, Қытай, Еділ, Жайық атанған аталары бар. Бүгінгі мағынасы әркімнің болмысына қарай ісі дегенді білдіреді [77, 33 б.].

Сары қыпшақ. Кейбір қазақ шежірешілері қыпшақ руларын қара қыпшақ, құлан қыпшақ, қытай қыпшақ, сары қыпшақ деп төртке жіктейді. Осыған қатысты қыпшақтың қарасы ашуланшақ, омырау келеді; сарысының көзі өткір, тілі ащы келеді деген тұрақты тіркес те бар. Қыпшақтың Қара, Сары, Қытай, Еділ, Жайық атанған аталары бар. Бүгінгі мағынасы әркімнің болмысына қарай ісі дегенді білдіреді [77, 33 б.].

Бес таңбалы қыпшақ. Қыпшақты тарата келе, Бұлтың, Торы, Ұзын, Көлденең, Балық деп беске бөледі де – бұларды: берілген таңбасына және таңбаның басылуына орай «бес таңбалы қыпшақ» дейді.

Торымын, құдайдан басқаның зорымын деген сөз де бар. Торының ұрпағы көп болған. Көлеміне сенген елдің көршісіне зорлық көрсететіні ерте кезде болып тұрғанын тарихтан да, тарихи әдебиеттерден де кездестіруге болады [77, 33 б.].

Ұзын бітті бойыма, ерлік, батырлық толды үйіме. Бұл аңыз-әңгіме шамасы Ор, Аят, Тобыл, Торғай, Қабырға өзендерінің бойын мекендеген қыпшақ руларының кейінгі тірлік-болмысынан алынған тәрізді. Шындығында да ұзын қыпшақтар арасынан батырлар мен алып күш иелері көп шыққан. Бұрынғыларын айтпағанның өзінде, кешегі Амангелді Иманов, күш атасы Қажымұқан осы Ұзынның ұрпақтары. Торының ұрпағы көп болған. Көлеміне сенген елдің көршісіне зорлық көрсететіні ерте кезде болып тұрғанын тарихтан да, тарихи әдебиеттерден де кездестіруге болады [77, 33 б.].

Бұлтың бітті бойыма, көптік толды үйіме. Бұлтыңдар мен Көлденеңдер орыстармен ертерек араласқан. Заң-зәкүнді біліп, сауда-саттықпен айналысқан. Ішінен елге танылған есті азаматтар шыққан. Ел аузында өнегелі сөздері қалған атақты Мұғал би осы бұлтыңнан.

Торы бітті бойыма, кемшілік толды үйіме...

балық бітті бойыма, байлық толды үйіме. М. Тынышпаев еңбегінде берілген кесте бойынша Көлденеңнен Қара аспан және Шуманақ, Қарабалық жөнінде анасы: «Қарабалық бітті бойыма, байлық кірді ойыма» деп айтыпты десе, енді біреулер оны: «Қарабалық бітті бойыма, ойын-сауық кірді ойыма» деп айтыпты деп түзейді. Қайсысы дұрыс, оған төрелік айту қиын. Ойын-сауық жөніне келсек, үлкендердің айтуынша, қарабалықта өнерпаздар көп болған. Атақты Өске ақын, сауықшыл Наурызбай билер осы Қарабалықтың Танабұға деген атасынан [77, 48 б.].

Көлденең бітті бойыма, сауда кірді ойыма. Бұлтыңдар мен Көлденеңдер орыстармен ертерек араласқан. Заң-зәкүнді біліп, сауда-саттықпен айналысқан. Ішінен елге танылған есті азаматтар шыққан. Ел аузында өнегелі сөздері қалған атақты Мұғал би осы бұлтыңнан [77, 33 б.].

Қол таңбалы ұзын қыпшақ – таңбаны қолдан салады.

Әліп таңбалы бұлтың қыпшақ – таңбаны жақтан басады.

Мойын таңбалы торы қыпшақ – таңбаны мойыннан басады.

Қарын таңбалы қара балық – таңбаны қарыннан басады.

Көсеу таңбалы көлденең қыпшақ – таңбаны табаннан басады.

А. И. Тевкелевтің көрсетуі бойынша Қыпшақ 5 рудан тұрған:

Торыайғыр қыпшақ. Қыпшақтың бір руы (А. И. Тевкелевтің көрсетуі бойынша Қыпшақ 5 рудан тұрған).

Көкбөрі қыпшақ. Қыпшақтың бір руы (А. И. Тевкелевтің көрсетуі бойынша Қыпшақ 5 рудан тұрған).

Түйшіке қыпшақ. Қыпшақтың бір руы (А. И. Тевкелевтің көрсетуі бойынша Қыпшақ 5 рудан тұрған).

Көлденең қыпшақ. Қыпшақтың бір руы (А. И. Тевкелевтің көрсетуі бойынша Қыпшақ 5 рудан тұрған).

Ұзын қыпшақ. Қыпшақтың бір руы (А. И. Тевкелевтің көрсетуі бойынша Қыпшақ 5 рудан тұрған).

Бұл рулардың жеке дара билеушісі жоқ [56, 148 б.].

НАЙМАН ТАЙПАСЫНА ҚАТЫСТЫ ҚАЛЫПТАСҚАН ТҰРАҚТЫ ТІРКЕСТЕР

Найман-Керей енелес, Керейді Найман ешкімге теңемес, енелестер еніп сөйлесер, аталастар ат үстінде тілдесер. Шежіре дерегі бойынша Найманның бес жасында әкесі өліп, үлкен атасы Сарының тізесіне отырыпты дейді. Найманның шешесі Күнке деген кісі екен, ата жолымен қайнысы Қоянбайға тиеді. Қоянбаймен Күнкенің арасынан Керей туған. Осыған байланысты ел аузында «Арғын-Найман аталас, Найман-Керей енелес» деген сөз бар. «Найман-Керей енелес, Керейді Найман ешкімге теңер емес, енелестер еніп сөйлесер, аталастар ат үстінде тілдесер» деп те айтады. Ауыс: шеше жағынан туыстар қай кезде болса да батым болады дегенді білдіреді [8, 87 б.].

Қазақта Қабанбайдан асқан батыр жоқ, Төледен асқан би жоқ. Қабанбай батыр жанкешті ерліктері үшін Абылай ханнан «Хан батыр» және «Дарабоз» деген атақтар алған. Көзі тірісінде-ақ халық сүйіспеншілігіне бөленген.

Өткендегі тарихи тұлғалар туралы қисса-дастандардың ең көбі Қабанбайға арналған. Сол сияқты Төлебидің де шешендігі, кемеңгерлігі үш жүзге тараған. Ауыс: халық асқан батырын, желдей жүйрік шешенін қай кезде болмасын мақтан тұтады [71, 22 б.].

Найманда кім білмейді Боранбайды, бар найман «Боранбайлап ұрандайды» (найман-мұрын). Боранбайдың атын көзі тірісінде ұран қылу, пір тұту мына бір оқиғадан кейін басталған көрінеді. Бибаба (Боранбай) арғын жаққа жолаушылап бара жатып, үлкен бір астың үстінен шығады. Би Боранбай келді дегенді естіп, қосуға бәйге ат әкелген шығар дейді ел. Соны естіген би қасындағы немере інісі Нарботаға: – Астыңдағы атың Көктоқтыны қос, құдай қаласа, бізді ұялта қоймас, – депті. Көктоқты сол жолы неше жүз аттың алдында қара үзіп озып келеді. Баладан сұрағанда: – Орта жолға келгенше, ат жөндеп шаба алмады. Көбінің артында қалдым. Орта жолға келдім-ау дегеннен бастап, айтылғандай «Боранбайлап» ұран салдым. Аттың шабысы үдеп, ақыры ең алдынан шықтым, – депті. Осыдан бастап ол кісінің атын атап, ұран салу әуелі мұрын еліне, одан Қаракерей бойынша дәстүрге айналған. Ал аса үлкен астар мен тойларда (арғын, найман, орта жүз немесе үш жүз бас қосса) бүкіл найман елі «Қабанбай!», «Боранбай!» деп екі қасиетті баба аттарын қатар атап ұрандайтын болыпты [71, 33 б.].

Анда түз жыртқышы – қасқырдан, адамда жортуылшы – Тоқтағұлдан сақта! (найман-назар) Тоқтағұл сол кезде бүкіл наймандағы ең ірі бай болса керек. Жылқысын басқа ұрып санауға келмейтін болған соң, бір үлкен сайды өлшем ғып, сол сай толса, түгел деп есептейді екен. Тоқтағұлдың қалай байығаны туралы ел аузында аңыз-әңгімелер баршылық. Тоқтағұл жасында кісі есігінде малай болып жүруді намыс көреді де, жортуылшылық жолға түседі. Тоқтағұлдың осы жолдағы ерлігі мен ептілігі бірталай елге мәлім болса керек. Қуса жетіп, қашса құтылатын жақсы ат – жортуылшының өмір серігі. Бірде Тоқтағұл өз елінен шалғай жатқан елдегі бір адамның жанына өлшеген жақсы сәйгүлігін алып келуге аттанады. Бірнеше күн жол жүріп, діттеген жеріне жетеді. Кеш бата атын кісендеген мал иесі екі қолын жайып жіберіп құбылаға қарап тізерлеп отыра қалып: «Я, алла, бүгін жаныма балаған осы атымды аңда түз жыртқышы – қасқырдан, адамда жортуылшы – Тоқтағұлдан сақта!» – деп, тілек тілейді. Мына сөз намысты Тоқтағұлдың шымбайына мықтап жетсе керек. Сонда Тоқтағұл: «Менің жаман атым осыншама алысқа жайылған екен, енді аштан өлсем де осы абыройсыз кәсіппен қош айтысайын!» – депті. Сәйгүліктің иесіне жөнін айтып, екеуі дос болады. Осы үйден аттанатын күні таңға таяу түсінде бір ақ сақалды адам келіп Тоқтағұлға бата беріп: «Жортуылшы деген жаман атақтан бас тартып, адал кәсіпке көшкенің жөн болған. Енді дәулетің судай тасиды. Алтай тауының пәленбай деген жерінде қалмақ байының бөлініп қалған жүзден аса жылқысы жүр. Соның ендігі иесі – сен!», – деп аян береді. Осы жылқы тез өсіп, тұқымы да ерекше болып, неше түрлі сәйгүліктер шығады. Тоқтағұл әр жылдары Қабанбай мен Боранбайдың жасақтарына сәйгүлік аттар беріп отырған. Ауыс: түз жыртқышы мен атағы алысқа кеткен баукеспе ұрыдан сақтану қажеттігін мегзейді [71, 46-47 бб.].

Кәдір қажы құт болып, Сырымбайға кім жеткен? (найман – тәуке) Өз айналасына әділдігімен, парасаттылығымен танылған Кәдір Шал қажыдан соң Меккеге алғашқылардың бірі болып барып қайтқан. Ел ол кісіні рухани басшысы, құты деп таныған. Ал Сырымбай денелі, алып күш иесі, ақылды, қайырымды, Тәуке еліне аса қадірлі адам болыпты. Ауыс: бір елдің атақтыларын даңқтау [71, 93-94 бб.].

Тайлақ келмей сабаның аузы шешілмес (найман – өтеміс). Өтемістің Тайлақ деген баласының ұрпақтары көбейе келе 1917 жылға дейін 40 үй болған. Өздерін Өтеміс ішінде Тайлақпыз деп санайды. Тайлақ өз елінің биі болған. Бірде-бір іс Тайлақсыз шешілмеген. Соған байланысты «Тайлақ келмей сабаның аузы шешілмес» деген мәтел таралған және әкесі Жақсыбайдың аты аталмай, Тайлақтың аты атақты ата болып ел аузында қалған. Ауыс: бірде-бір іс сол адамның бастауынсыз атқарылмайды немесе барлық істің түйінін бір адамға қаратып отыру дегенді білдіреді [82, 8 б.].

Найманда төрт Төлегетайдың дініне сенбе (олар: Қаракерей, Матай, Садыр, Төртуыл) Үш Төлегеннің (Сары, Сарман, Сармантай) тіліне сенбе (найман) Ақсопы өлгеннен кейін оның әйелі Күнкені Қоянбайға қаратқан (Қоянбай Сарманайдың тоқал әйелінен туады). Қоянбайдан Керей туады. Сондықтан Ақсопының алтын босағасы Керейде қалған көрінеді. Осы жағдайды пайдаланып, Арғын балалары Керей мен Найман арасын шағыстырса керек. Наймандар Керейлерден Ақсопының алтын босағасын даулапты. Төлегетайдың (төрт) баласы: Қаракерей, Матай, Садыр, Төртуылдар Керей елдерінен барымта алып жібереді. Ақырында Керейлер Наймандарға үш қоныс жер бермек болып тоқтасады. Екі қоныс алынып, бір қоныс алынбай қалады. Наймандар сол үшін Керейлерге тізе көрсете бастайды. Сондықтан Керейлерден қалған мынадай сөздер бар: «Найманда төрт Төлегетайдың дініне сенбе, Үш Төлегеннің тіліне сенбе» Ауыс: қай кезде болмасын тек өзіңе өзің сен дегенге үндейді [82, 13 б.].

Найманды асырағанша жылан асыра (найман). Наймандарға барымта малы кеткен бір Керей: Сарманай Найманды асырағанша жылан асырамаған екен, – депті. Сонымен халық аузында қалжыңдасқанда: «Найманды асырағанша жылан асыра» деген мәтел қалған. Ауыс: қалжың ретінде, өлер жерінді біл дегенді мегзейді [82, 13 б.].

Ұшасын арқалаған Ақтағыс (найман – терістаңбалы). Найман елінің адамдары Сырдария бойынан Алтайға ауғанда «Ұша» деген жерде отырған Ақтағыс туған жерін қимай, сонда қалыпты. Содан бірсыпыра уақыт өткенде жұт болып әрі көшіп кеткен туыстарын қимай жер ауыстырыпты. Ақтағыстың көшіп келе жатқанын туысы Ақтанаға хабарлағанда: –Немене, ата-бабасы жатқан Ұшасын арқалап келе ме? –деп күліпті. Осыдан халық арасында қазіргі күнге дейін «Ұшасын арқалаған Ақтағыс» деген мәтел айтылып келеді. Ауыс: туған жерге деген сүйіспеншіліктің бір парасы [82, 110 б.].

Танаш асуы (найман – сарыжомарт). Танаш шамамен 1716 жылы туған. Танаш зор денелі, екі иығына екі кісі мінгендей, өте шапшаң, ашуланғанда бойына ерекше қуат пайда болады екен. Садақ тартқанда өте мерген, көздеген нысанасын қалт жібермейді. Танаш батырды әбден білетін үзеңгілес достары:

«Танаш бет бергенде ұстараның жүзіндей, сырт бергенде ұстараның сыртындай, жауына жолбарыстай айбарлы еді» – деген сөздер қалдырған. 1730-1770 жылдарда Қазақстанның шығыс жағын қорғау үшін жүргізген Абылай ханның барлық соғыстарына Танаш Көкжарлы Барақпен бірге қатысқан. Талдықорған облысының Алакөл маңында, Семей облысының Таскескен ауданында, тау жотасынан жауды қуып шыққан жер қазіргі күнге дейін «Танаш асуы» аталады [82, 127 б.].

Байторың дұрыс, ал Ерторың қай торың? (найман – қаракерей – Айрам, Мейрам) Арғын мен Найманның жылқы алысқан егесі туралы Арғын Қараменде би қонақ болып отырып, «Байторың дұрыс, ал Ерторың қай торың?»- деген екен. Сонда Мейрам айтыпты: «Ерторым да өз торым, екеуінің өзгешелігі жоқ»- депті. Мейрамнан екі бала: Байторы, Ерторы. Ерторы шидің арасынан тауып алған өз қызының баласы еді. Қызы ұялып, ши ішінде босанып, шешесі тауып алған сияқты болып, бала қылып алған. Ауыс: бітеу жараның орнын қасу, ұятты істің бетін ашу дегенді білдіреді [82, 135 б.].

Тілеулінің қырғызы (найман – мұрын – көнші – тілеулі). Тілеулі бай құнға қырғыз манаптарынан адам алған. Осыдан тараған аздаған ұрпақты Тілеулінің қырғызы дейді. (Қырғыз ата көншіде ғана емес басқа рулардың құрамында да жиі кездеседі. Қаракесектің қырғыз атасынан шыққан шежіреші ғалым, профессор Тілеукең Еңсебаев шежіре зерттеуді өз атасынан бастап, Қырғызстанда тұратын аталарына қосыпты.) Ауыс: әр түрлі себеппен келген қырғыздардың кімге қатысы барлығы, кімнің қолында болғанын білдіреді [83, 104-105 бб.].

Тоғыз үй Тоқпанбет – (найман – төлегетай – қаракерей – байыс – мұрын – көнші – қаңылбай – тоқпанбет) [83, 141 б.].

Үш көнші (найман – мұрын – көнші). Байыстың Сарымырза ұрпағының кіші бәйбішесі Жанығыздан: Берді, Бегі, Өтей деген үш ұлы болыпты. Ауыс: үш ата жұбы жазылмай бірге көшіп-қонып жүрсе керек, содан «үш көнші» аталыпты [83, 167 б.].

Ақшаға келген тастың балалары (найман – мұрын – көнші). Қоржынбай шамамен 1845 жылдары туған. 100-ден аса жас жасап, Тассай ауылында дүние салыпты. Кеңес үкіметінің тағы бір ақша ауыстырғанында, үкіметтің саясатымен келіспей «ақшамды текке бергенше, шай қайнатып ішейін» деп, жиған-терген тиын-тебенін отқа жағып жіберіпті. Қоржынбай ақсақал бірде балаларына астық сатып әкеліпті. Әрқайсысы әр оттың басы болып кеткен кезі болуы керек. Ақсақал ескіше оқыған, діндар, білімді, адал кісі болыпты. Сондықтан әкелген астығын дәлдеп, таразыға салып бөліп жатса керек. Кезегі келген бір баласы үлесін өлшетіп жатқанда, таразыдағы астықтың арасынан кішігірім тасты көріп қалыпты да алып лақтырып жіберіпті. Мұны байқап қалған әкесі, асықпай барып тасты алып келіп: «Бұл ақшаға келген тас»,- деп орнына қайта салып қойыпты. Ал қалжыңпаздар «ақшаға келген тастың балалары» деп осы күнге дейін күлісіп жатады. Ауыс: қалжың ретінде айтылады, еңбекпен келген, ақшаға алынған дүниенің қадірлі екендігін көрсетсе керек [83, 190 б.].

Қасқырдың қанын ішкен Қоржынбай (найман – мұрын – көнші). Бір жылдары қасқыр қатты болып, Қоржынбайдың бір үйір жылқысын жеп тауысыпты. Дәндеген қасқырдың ішінде бір көкжал қасқыр ерекше көзге түссе керек. Басынған қасқырға ашуы түскен Қоржынбай: «Қап, мына көкжалдың ызасы-ай, соғып алып келіндерші, қанын ішейін», – депті балаларына. Шариғат жолымен жүретін үлкен кісі арам қасқырдың қанын қалай ішеді деп ұлдары аңтаң болыпты. Тіпті дастарқаннан арақты байқап қалса, баба 40 күн бойы былғанған дастарқанның басына келмейді екен. Екіншіден айтқан серттен қайтпай, айтқанын істейтін әкелерінің бұл тұйықтан қалай шығарын білуге құмартқан ұлдары, көкжалды соғып алып, әкелерінің алдына тастапты. Қасқырды көріп, көңілі толған Қоржекең дәретін алып, аллаға сыйынып: «айтқан сөзім бар еді, бисмиллай рахман рахим», – деп шынашақ саусағын көкжалдың қанына тигізіп, аузына апарып жалапты. Содан былай «қасқырдың қанын ішкен Қоржынбай» аталып кетсе керек. Ауыс: шариғат бойынша харам деп саналса да, уәдесінде тұрып харам жыртықшытың қанына ерінін тигізуі ерлікке пара пар болып саналса керек.

Көк перілі Көкжал Барақ (найман – өтей). Барақ інісі Басар екеуі жастайынан жетім қалып, әкесі Шүректің туған ағасы Шонаның қолында өседі. Шонаның әйелі Барақта ерекше қасиет бар екенін ертеден байқап, ерекше күте жүріп, шалқасынан ұйықтап жатқан Барақтың кеудесіне кемпірқосақтың бір шеті түсіп, екінші шеті аспанда тұрғанын ағасына көрсетеді. 16 жасында жауға аттанған Барақ 70-тен асқанша аттан түспепті. «Көк перілі Көкжал Барақ» атанған. Құйымшақтан басына дейін көк жалы болған, қаһарланған кезде жалы сауытының сыртына шығып кетеді екен. Екінші ерекше қасиеті «көк перілігі», яғни көз байлағыштық, гипноздық қасиеті болған. Мысалы, бір жолы қалмақтың атақты батыры өз еліндегі төрелерімен келісе алмай, екі сұлу қарындасымен иен тауды мекендеп жүреді. Осы хабар қазақ батырларына да жетеді. Бәрі бірігіп, екі сұлу қызды алмаққа жиналады. Мерген қалмақтың мекен еткен үңгірінің алды жазық, ал үңгірге басқа барар жол жоқ болса керек. Дүрілдеп келген батырлар іркілісіп қалады. Қолында садағы бар үңгір аузында отырған қалмақ батырынан сескеніп, ешкім суырылып шыға қоймапты. Өстіп тұрғанда Барақ атын тебініп, алға қарай жүріп кетеді. Сол барғаннан мергеннің жанына жетіп, қолындағы садағын алады. Сонда батырлар қалмақтан: «Сен өзін жаның үшін, екі қарындасың үшін еліңнен безіп келгенде, жалғыз Бараққа шамаң жетпеді ме, неге атпадың?» – деседі. Сонда мерген: «Қалай атайын, маған қарай бірдей киінген қырық Барақ келе жатты. Қайсысын атарымды білмедім» – дейді. Барақтың «көк перісі» бар дейтіні осындайдан болса керек. Жалпы Барақтың өңменіңнен өтетін көзқарасының өзі-ақ қатты әсер етсе керек. Ауыс: ерекше қасиетті дегенді білдіреді [84, 45-46 бб.].

Тарбағатайдан ағады мың бұлақ, Күнгейті мен Баянға тимейді бір бұлақ. /найман – тоғас/. Тоғастың басқа аталарынан тараған ұрпақтары мықты рулар басымдық көрсетіп, аз ата Күнгейті мен Баянды жазда жайлаудан қысып, оның үстіне егіндік, шабындық жер бермей қысымшылық көрсете береді. Кезекті жер дауында Күнгейті руынан шыққан батыл әрі сөзге шешен Бимырза: – Тарбағатайдан ағады мың бұлақ, Күнгейті мен Баянға тимейді бір бұлақ, – деп

тақпақтата жөнеліпті. Сөзге жығылған ел басшылары келісіп, жаз жайлауың болсын деп жері шүйгін, суы мол «Дөненжалды» кесіп беріп, егін салатын жерің болсын деп «Жаңа тоған» егіндігінен жер мен бір құлақ су берген екен [84, 107-108 бб.].

Баланың аты Тана болсын, еліне пана болсын (найман – тоғас). Тоғас Тілеміс би түс көріп, түсінен қатты шошыныпты. Ақсақалдар ақыл қоса келе түсін Сасан биге жорытыпты. Тілеміс би түсінде қалың жаңбыр жауып, күн күркіреп, найзағай жарқылдап, найзағай оты шаңырағынан кіріп, қазанды қақ жарғанын, қазанның жан-жаққа быт-шыт болып ұшқанын айтады. Тілеміс би түсін Сасан былай жорыпты: «Қалың нөсер жаңбыр ол сізден үзілмейтін ұрпаққа жалғасқан байлық пен бақыт болар. Ал найзағай оғы қазаныңызды қақ жарса, келер жылы найзағайдай жүрегіңізді қақ жарып, бір ұл бала дүниеге келер, қазан-ошақтың быт-шыт болып жан-жаққа ұшқаны, әлгі ұл баланың ер жеткенде төрт төңірекке билігінің жүргені ғой», – деп жорыпты. Келер жылы Тілеміс бидің шаңырағында ұл бала дүниеге келеді. Сасан биді алдырып, атын қойдырады. Сасан би: «Баланың аты Тана болсын, еліне пана болсын», – деп атын қойып, батасын берген екен. Ауыс: сол Тана төрт төңірекке билігін жүргізген, мырза атанған елінің нағыз панасы болған көрінеді [84, 123 б.].

Бұл билікті Тана айтады, Тана айтса дана айтады (найман – тоғас). Ертеректе уақ, керей рулары арасында үлкен дау болады. Сол дауға арғын-тобықтыдан Өскебайдың Құнанбайын, найманнан байжігіт Сасан биді, керей жағынан абақ руынан Қали деген кісіні шақыртады. Қалиды төбе билікке шақырған екен. Қалидың ауылында дау айтылып, жиналғандар билікті Құнанбай айтсын дейді, екінші жартысы Қали айтсын дейді. Сонда ортада отырған Қалидың әкесі: «Қали несін айтады, Қали Қытайдан алған пұл, шайын айтады, Құнанбай несін айтады, Құнанбай орыстан жеген нанын айтады. Жол наймандікі, найман айтсын», – дейді. Жолды байжігіт Сасан биге беріпті. Сонда Сасан би өзі жастайынан баулып, тәрбиелеп жүрген 19 жастағы Тілемісұлы Тананы нұсқап. «Бұл билікті Тана айтады, Тана айтса, дана айтады» – деген екен. Ауыс: бұл сөз ел арасында күрмеулі істің шешімі деген мағынада қолданылады [84, 123 б.].

Құт қонған Шаянбай (найман – тоғас). Ертеректе барымта кезінде мұрын елінің бір адамы Тоғас ішінде Қабылан руының азаматтарының қолынан мерт болады. Іс насырға шауып, мұрын жағы ердің құнын даулайды. Екі жақ билікті Сасан биге (найман – тоғас) береді. Қабылан жағы ант-су ішіп, би алдында бас киімдерін тастап, күмәнға шығып, жан беруге дайын екендіктерін айтады. Ақыры құн даулап келген мұрын жағы наньп, бұл істен Қабылан жағы таза екен деген қорытындыға келеді. Сөйтіп құн кесілмейді. Ең ауыр жаза ер құнын кесерде өзіне ғана көрінетін Сасан бидің рухы – екі көк бөрі өзіне ермей, жиын болған Шаянбай үйінің төсегіне шығып жатып алады. Сыртқа шығып, шақырса да келмейді. Сонда ғана істің оң шешілмегенін біліп, туысқандары Қабылан жағына да, өзіне де ренжіп: «Қабыланның тіліне нанба, алтын берсе алма. Өмірде талай ер құнын кестім. Осы жолы қателестім. Қабылан жағына нандым. Өзіме ғана көрінетін екі көк бөрім Шаянбай үйінің төсегінде қалды. Ендігі құт Шаянбайда болады. Мен қартайған екенмін», – деп налыпты. Содан бастап

Шаянбайдың байлығы асып, дәулеті шалқиды. Аты жалпақ найман еліне белгілі болады. Ел іші Құт қонған Шаянбай атап кетеді. Ауыс: киесі бар, құт дарыған деген ұғымды білдіреді [84, 123 б.].

Қабыланның тіліне нанба, алтын берсе алма (найман – тоғас). Ертеректе барымта кезінде мұрын елінің бір адамы Тоғас ішінде Қабылан руының азаматтарының қолынан мерт болады. Іс насырға шауып, мұрын жағы ердің құнын даулайды. Екі жақ билікті Сасан биге (найман – тоғас) береді. Қабылан жағы ант-су ішіп, би алдында бас киімдерін тастап, күмәнға шығып, жан беруге дайын екендіктерін айтады. Ақыры құн даулап келген мұрын жағы нанып, бұл істен Қабылан жағы таза екен деген қорытындыға келеді. Сөйтіп құн кесілмейді. Ең ауыр жаза ер құнын кесерде өзіне ғана көрінетін Сасан бидің рухы- екі көк бөрі өзіне ермей, жиын болған Шаябай үйінің төсегіне шығып жатып алады. Сыртқа шығып, шақырса да келмейді. Сонда ғана істің оң шешілмегенін біліп, туысқандары Қабылан жағына да, өзіне де ренжіп: «Қабыланның тіліне нанба, алтын берсе алма», – деген екен. Ауыс: өз жақынына деген сенімін жоғалтқанда, құтын жоғалтқанда өкінішпен айтылатын сөз [84, 123 б.].

Қырық иттің құнын даулаған – Есенаман. Абай төбе би болатын Шар өзені бойындағы Қарамола съезі тарихқа мәлім. Сонда Найманның Есенаман руынан съезге көп келіпті. Олар өңшең өкпешіл, даукес адамдар. Көбінің ісі итпен байланысты. Бірі жоғалған итін т.б. айтып, әйтеуір есе бермепті. Содан «Қырық иттің құнын даулаған – Есенаман» атанып кетіпті. Ауыс: бос әурешілік, бос уақыт кетіру, елдің мазасын алу [85].

Ырсақ Жанайға, Жанай ноғайға жетсем дейді (найман – мұрын – жанай). Бөкен, Тентек, Еспе өзендерінің Ертіске құяр сағасындағы бір әдемі түбекке Тана мырза (Тана Тілемісұлы мұрын – тоғас) Көкпектіден он шақты үй татарларды, бірен-саран қазақтар да бар көшіріп апарып, тоқал төбелі мешіт салып берген (мешіттің салынуы 1863 жыл шамасы). Түбектегі тұрғындар Ертіс арқылы Зайсанға, Семейге, Өскеменге кеме қатынасын жасап, саудамен шұғылданып, қатты байып кетеді. Тана мырза Көкпектінің ноғайларымен етене араласып, көп жігіттеріне қазақ қыздарын алып беріп, оларды «Жанай руының адамдары» деп болыстың шаңырақ кітабына жаздырып қояды екен. Сонымен Тана мырзаның елі жанай руының адамдары ноғайлармен құдандаласып, соларға қатты еліктеген. Үй тұрмыстарын қалаша түзеп, киімдерін де ноғай үлгісінде киіне бастайды. Ырсақ (ру аты) Жанайға (ру аты), Жанай ноғайға жетсем дейді деген мәтел сол кезде шығыпты. Ауыс: тәлпіштену, кедей байға жетсем дейді, бай құдайға жетсем дейді дегенді білдіреді [84, 184 б.].

Ақымбеттен ұл туса, ағашқа күн туады. Ауыс: Ақымбет руынан ағаш шеберлерінің көп шыққандығын білдіреді [86, 5 б.].

Ағаштан түйін түйетін Ақымб. Бұл елдерден ақындар, ағаштан түйін түйетін шеберлер көп шықты. Ауыс: Ақымбет руынан қолынан өнері тамған адамдардың көп болғандығын білдіреді [86, 5 б.].

Екі Ақымбет қатар қонбас. Енші алысқан кезде Ақымбет малдың асылды тұқымын алмадым деп ызыланып, желідегі мақпал қара құлынның бірнешеуін бауыздап тастайды. Сонда Байыс бабасы: –Қалтаң толса да, араның толмайтын,

екі үйің бір жерге қонбайтын, бытыраңқы ел болармысың, – деп кейістік білдіріпті. Ауыс: әке сыншылдығы ағат емес, ел бытыраңқылығы бар жағдай [46, 23 б.].

**Төмен барсаң көрерсің, Андағұлды Нарыннан
Шымнан салған үйі бар, Терезесі қарыннан.**

Әлі бір Андағұл көргем жоқ, Қатын мен үйге жарыған. Ауыс: андағұл табының кейбір адамдары шаруаға қырсыз, мал жинауға епсіз болыпты. Бұл сөз соған қатысты айтылған [87].

Бағаналы, балталы руына қатысты тұрақты тіркестер

Бағаналы, Балталы, Киіз қынды, қапталы, Қағып қойса қалтасын, Бұрқылдайды топтарының талқаны. Ауыс: балталы, бағаналы баласын кездестіргенде қалжың ретінде айтылатын бір шумақ өлең [21, 103 б.].

Бағаналының баласы – елінің панасы, ананың көзінің қарасы. Ауыс: елдің қамын жейтін ел сүйер ұлан болуына, анасының мақтанышы болуына тілектестік ретінде айтылатын сөз [17].

Бағаналы Барлыбай, Жау шайқаған Сандыбай (найман,бағаналы). Барлыбай бағаналының биі болса, Сандыбай да сол елдің адамы болса керек. Ауыс: бағаналы баласын кездестіргенде ел ішінде мәтел болған осы сөзді айтып, жұттан аман қалған, жаудан аман қалғандықтың жөні ретінде айтылатын сөз [21, 103 б.].

Балтаның баласы болма, Балтасы бол. Еліңнің етегі болма, Арқасы бол. Ауыс: тек балтаның баласы ғана болып қоймай, елге тұтқа болатын тұлға бол дегенді білдіреді [17].

Хан Барлыбай. Бір жұт болғанда, өзгеден тігерге тұяқ, тағалы торы тай қалмағанда, Барлыбайда жалғыз ат қалып, ол заманда қазақтан өзге құрыса да, ас, той, жиын, бата оқыр құри ма? Сондай, бас қосылатын жиылысқа өзге жан жаяу-жалғыз, өгіз, түйемен шұбырса, жалғыз бұл атты болған екен де, сондықтан «Хан Барлыбай» атанған екен (найман, бағаналы). Ауыс: өзгеден бір бас жоғары тұру, шоқтығы асу, жалғыз аты болса да бар дегенді білдіреді [21, 103 б.].

Балталы, бағаналы ел аман бол. Балталы, бағаналы ел аман бол, Бақалы, балдырғанды көл аман бол. Кірім жуып, кіндігім кескен жерім, Ойнап-күліп ер жеткен жер аман бол. Жырдағы Ай мен Таңсықтың ел, туған жермен қоштасуы көркем де жүрек тебіренерлік. Ауыс: туған жерге деген ыстық махаббатын, туған жермен қимай қоштасуын білдіретін сөз [88, 96 б.].

Байғана руына қатысты тұрақты тіркестер

Байғана, түзу жерден тайғана. Найман ішіндегі Байғана елі – Алакөл, Еділ бойын мекен еткен халық. Сол жерде жаз бойы, қыста анда-санда болса да ойық ойып, өзен-көлден балық аулайтын болса керек. Сондай сәттерде мұзға тайғанап, құлап жататын кездері де болады. Бұл тіркес сондай бір

жағдайлардан тілге тірек болып, кәсіптің жақсысы да ал оның күлкілі жағы да болатынынан хабардар етеді [89].

Байғана, қия жерден тайғана. Ауыс: қалжың, күлкі ретінде құлап-сүрініп жүретіндер дегенге саяды [89].

Байыс руына қатысты тұрақты тіркестер

Байыс айтса – баптап айтар, Дау-жанжалды таптап айтар. Қаракерей руынан шыққан Байыс деген кісі өз заманында сөзге сақ, шешен болған деседі. Топ арасында, дау-жанжалдарда билік айтқанда асықпай, баппен, байыппен сөйлесе де, дегені дөп түсіп жатады екен. Сол үшін жұрт оны осылай дәріптейді. Ауыс: аузы уәлі шешен дауды өрбітпей шешетін болғандықтан да жоғарыдағы сөз қалған [90].

Байыс – тілгені қайыс, жүрген жері сайыс. Байыстар мал терісін өңдеп, қайыс жасаудың шебері болса керек. Содан соң өңделген қайыстан әртүрлі заттарды жарыса отырып жасайды. Ауыс: қолынан да, тілінен де келетін жан иесі дегенді білдіреді [91].

Ешкінің тілін кескен Байбөрді. Ауыс: құрылған қақпанға дүзге отырып кететін, отаудың төбесінен су құйып кететін қаскүнемдігі бар адам жайлы айтады [87].

Бес Байыс. Олар: Сармырза, Ақымбет, Сыбанқұл, Шүрентай, Мәмбетқұл. Осыдан осылай атанған [38, 284 б.].

Өмір, жүрген жерің көңіл. Байыс бабамыздың ұлы Өмір. Өмірден Күшік батыр туады. Ауыс: мінез жайдарылығын, қуақылығын білдіретін сөз [38, 284 б.].

Абылайдан ат мінгені, Қабанбайдан алған інгені, Байыстың ауа райын білгені (найман – мұрын – жеті жолымбет). Құттығадамұлы Байыс көріпкел, болжаушы болған. Абылай хан алдағы жазда жоңғар қалмақтары қазақ еліне үлкен шабуыл жасағалы жатыр деген хабар алады. Сол жылы қазақ елі қыстан қиналып, әзер шығыпты. Соғысты болдырмаудың амалын іздейді. Хан кеңесі шақырылады, әр түрлі ұсыныстар айтылады, бірақ бір шешімге келе алмайды. Сонда хан Абылай Байысты шақырып: «Жазғытұрым қалмақ жерінде ауа-райы қандай болатынын болжап берші», – деп өтініш айтады. Сонда Байыс: «Сәуір айының соңында қалмақ жерінде екі күн қар жауып, қатты аяз болады. Ол жақ оңтүстікке таяу, қысы жұмсақ, жылы жерге үйренген оларға бұл аяз қиынға соғады. Қалмақтар атқа мініп, қолына найза алмақ тұрмақ, аттың тізгінін де ұстай алмайды», – деген екен. Сонымен хан кеңесі ақылдаса келе, шабуылды Байыс айтқан күнге белгілейді. Расында, болжаушының айтқаны рас келіп, қалмақтар жеңіліп, қазақтар жеңіпті. Бас қолбасшы Қабанбай батырдың әмірі бойынша, қалмақтардың жарамды аттарын бөліп алып кетіпті. Мінер аттары болмаған қалмақтар бірер жыл соғыс ашпаған. Осы жорықтан кейін Қабанбай батыр Байысқа: «Сен найза ұстамай-ақ, майданға шықпай-ақ үлкен көмек жасадың. Сенің ақылыңмен қырғыннан аман қалдық», - деп қол жайып батасын берген екен. Ал, сыйлыққа үлкен нар жетелетіпті. Бұл да өз заманының қомақты сыйлығы болған. «Абылайдан ат мінгені, Қабанбайдан алған інгені,

Байыстың ауа-райын білгені» деген нақыл сөз сол заманнан қалған екен дейді қарттар. Ауыс: табиғаттың тылсым сырын меңгергендігі арқасында құрметке бөлену [84, 74-75 бб.].

Хат жазып бес Байысқа қағаз қалдырған. Бірде сыбан елінен ойдағы Тоқабай еліне жоқ іздеп бара жатқан біреулер жолда Ажығұл елінің болысы Мұқыштан Тоқабайдың болысы Шерубайдың Омарына хат жазып беруін сұрайды. Хат танымайтын Мұқыш қасындағы ақын Құсайынға: - Сен жаза қойшы, - дейді. Құсайын хатқа сыбан жоқшыларының шаруасын жазбай, Мұқыштың өз мінін қаздыртқан мына өлеңді жазып жіберіпті: Сен Кегенбай болғанда, мен – Саңырық, Құлтабар атам кеткен ол қаңғырып. Сегіз ұлдың біреуі сезбей қалып, Әлі күнге отырмыз біз аңырып. Хат білмейтін болыс бұған бармағы мен мөрін қоса басып беріпті. Омар болыс хатты оқып шығып, жоқшылардан бұйымтайын ауызша сұрап, шаруаларын бітіріп, хатты көшіріп алып, келгендерден сол хатты қайта беріп жіберсе керек. Осы әзіл үшін Мұқыш болыс ақын Құсайынмен өмір бақи араз болып өтіпті. Себебі Мұқыштың үлкен әкесінің әкесі Құлтабар 8 ұлы күтпеген соң, қаңғып, хабарсыз кеткен екен. Осыны болыс шөбересі қатты мін көріп ешкімге айтқызбайды екен. Ауыс: сауатсыздығынан өз мінін өз ықтиярымен көрсетіп, ел арасында ұятқа қалғандығын білдіретін тіркес [71, 146 б.].

Шүрге берген Шүрентай. Байыс, Балқыбек, Жалқыбек үшеуі бір туысады. Байыс пен Балқыбек бір нәрсеге дауласып, Балқыбек «айыбым» деп баласы Шүрентайды Байысқа берген. Сол себепті ол «шүрге берген Шүрентай» деп аталады. Шүр – көне түрікше айып, ұят деген мағынаны білдіреді. Ауыс: айыпқа келген бала дегенді білдіреді [92, 65 б.].

Мал кіндігі – Байжігітте. Байыс бабаның (сыбан) қызы Мақта апайға үйленген Тоқтарқожадан Байжігіт, Жанжігіт есімді екі ұл туған. Тоқтарқожа екі ұлы ер жетіп, ат жалын тартып мінуге жарағанда өзінің ежелгі атамекеніне қайтуға (оңтүстік) тілек білдіреді. Тоқтарқожа Байжігітке рұқсат беріп, анасымен нағашы жұртында қалдырады. Байыс баба Байжігітті құшақ жая қарсы алып, өзінің бір ұлы санап, үйлендіріп, енші бөліп береді. Туған жерінен табан тайдырмаған Байжігіт ұрпағы Байыстың бірі саналып, өсіп өнген. Қорасы малға толып, шалқып байыпты. Найман елінің «Мал кіндігі – Байжігітте» дейтіні содан екен. Ауыс: малсақ әрі үлкеннің ілтипатына бөленген, малдың бабын білетін адамға мал бітеді дегенді білдіреді [37, 176 б.].

Байжігіттің малын алсаң да жанын ала алмайсың. Байжігіт елінің рухы күшті, жаны жалынды, сондықтан олар малын берсе де, жанын бермейді [17].

Байжігітте ұл туды дегенше, еліне күн туды де. Елін сүйер, жерін қорғар сегіз қырлы, бір сырлы азаматтың дүниеге келуі қай елге болса да мәртебе [17].

Таста тамыр жоқ, Байжігіт баласында жалыну жоқ. Таста тамыр болмайтыны сияқты, Байжігіт елінің жігіттерінің намыстары жоғары болатындары соншалық, олар ешкімге жалынбайтынын айтып тұр [17].

Байжігіттің ұлы білікті, қызы қылықты. Байжігіт елі азаматтарының кісілігі, ал қыздарының мінез келістігі басқаға үлгі [17].

Бірәліден ұл туса, ағашқа күн туады. Бес Байыс Бірәліден тарайтын үш ата Бәйтен, Байтоқ және Жақсылық деген бабалардың ата мекені Ақшатау өңірі (Аягөз ауданы) қайың, терек, қарақат, ұшқат, мойыл, долана, шәңгіш т.б. сияқты ағаштарға бай өлке. Бірәлінің кез келген ұлы ұсталық шеберлікті жете меңгеріп, өздері жасаған бұйымдарын (сандық, киіз үй жабдықтары, шана т.б.) өздерінде жоқ заттарға айырбастап, күн көрістің көзіне айналдырған. Атақтары ауыл аралап, содан «Бірәліден ұл туса, ағашқа күн туады» деген сөз қалған. Ауыс: қолы шебер, ісмер адам нені болса да жайнатып жібереді дегенді білдіреді [39].

Қосабайлап су ішкен. Байыс баба қайтыс болған соң Туманың анасын әмеңгерлік ретімен Байыстың інісі Балқыбек алған. Балқыбектен Мұңайтпас туған. Мұңайтпас қайда барса да тоқпағы мен қазық, арқанын ала жүріп, қонған жерінде өз қазығын тоқпағымен қағып арқандайды екен, содан Тоқпақ атанып кетеді. Тоқпақтан шыққан Қосабай батыр Жоңғар шапқыншылығына қарсы соғыста үлкен ерлік көрсеткен. Қайтыс болғанда Аягөз жеріне жерленген. Сол Тоқпақ елінің бір жігіті жолдастарымен бәстесіп, туманың суын: «Ей, батыр атам Қосабай, қолдай көр», - деп ішіп, бір-ақ тауысыпты. Ауыс: аруақ шақырып, ұрандап, арқаланып, іс істеген дегенді білдіреді [93].

Бәйкісіге билік берме. Бәйкісі руынан колхоздастыру кезінде асыра сілтеуші белсенділер көп шыққан соң айтылған. Ауыс: елді ақылмен, парасаттылықпен басқармай, керісінше, елді ығыр ғып, мазасын кетірген басшыға қаратыла айтылады [70].

Қурайдан қорыққан Бәйгісі. Найман ішіндегі Бәйгісі - өте аз, шағын ел болыпты. Бірде орыстармен бірде бай-шонжарлармен жауласқан кез болса керек. Сондықтан Бәйгісі қалың шидің арасында өмір сүреді екен. Бұл елмен қалжыңы жарасқан Тума бір күні түнделетіп қурайдың ішінен арлы-берлі шапқылап жүріпті. Бұл шуды естіген Бәйгісі айқайлап, ойбайлап, «жау келді, шапты!» деп елінің ұйқысын бұзғандықтан, осы сөз қалған. Ауыс: қорыққанға қос көрінер дегендей, себепсіз қорқу, үркінді болу [58].

Жауды Марқа түсіреді, атақ Еспенбетте қалады. Жоңғар қалмақтарына қарсы халық азаттық күресінің 1739-1740 жж. Сыбанның тұңғышы Жарасқұл табынан шаққан батыр Еспенбет ерекше аталады. Қойбасұлы Еспенбет әрі батыр, әрі би – біртуар тұлға. Ел тұлғасын ұстаған, Байғарадай би қайда? Кесілмелі кең қолтық, Едігедей бай қайда? Майданды жерде топ жарған, Қамалды бұзып, қақ жарған, Еспенбеттей ер қайда? Еспенбеттің үзеңгілес қол бастап, жау түсірген серігі, тетелес інісі Құлманбеттің Марқасы (Қарабас). Қазақы дәстүр бойынша, алдымен үлкеннің аты ауызға алынатындықтан, Еспенбеттің есімі ауызға бірінші ілініп отырса керек. Ауыс: қызметті біреу жасап, атағын басқа біреудің иеленуі деген мағынада айтылады [94, 16 б.].

Шеру күзге жетпе, күзге жетсең, жүзге жетпе. Қызай руының атамекені Тоқтабарлық тауы. Қызай 16 болыс ел болған. Қызайды Үйсіннің қызы сұлу, ақылды, мерген болған деседі. Қызайды матай Құттыболаттың ұлы Шағырға атастырады. Қызайдың қайнағасы Құтым батырдың үлкен ұлы Шеру Қызайға қызығып сөз салады, бірақ ол құп алмайды. Шеру қой соңында жүрген Шағырды атып өлтіреді. Содан Қызай қайнағасын қарғап, жоғарыдағы сөзді

айтқан екен. Қызай мен Шағырдан төрт бала қалады. Сол төрт бала аналарының атымен аталып, үлкен ел болады. Ауыс: қарғыс мағынасындағы сөз [95].

Қалматайдан хат келтір, хат келтірсең дат келтір (сыбан – шақа). Шақа Есіркепұлы Есқараның тұңғышы Қалматай 80 келіп дүние салған. Өле-өлгенше елге әділ билік айтқан көсем болған. Сүйегі Сатыпалды Төлеген деген шабарман: «Қалматайдан хат келтір, хат келтірсең дат келтір», – деп, елге жар салып, шауып жүреді екен. Аталған сөз Аягөз ауданы Ақшатау өңірінде ел ішінде сақталып қалған. Ауыс: ақ сөйлеуге шақырғанды білдіреді [94, 113 б.].

Бәйтен руына қатысты тұрақты тіркестер

Бес Бәйтен, жеті Самай. Бәйтен руынан тарайтын бес тапты және Самайға қарасты жеті ұлдан тарайтын тапты көрсетеді [70].

Болатшы руына қатысты тұрақты тіркестер

Болатшы, арт жағыңнан боқ атшы. Ауыс: құрдастар арасында қалжың ретінде айтылатын, ұйқас қуған сөз [196].

Болатшы мен Байғана Тарбағатайдың күнгейінен көк есекке мінгескен. Ол ұста-шебер болған ел. Көк есекке мініп келгені, есекке құрал-сайманын артып келгені. Түйеге, атқа артпағаны, олар көзге түсіп қалмауының амалы. Ауыс: есек қазақ үшін қадірсіз мал болғандықтан да әрі жүгін есекке артып, әрі мінгесіп келгені оғаш-ақ. Соған байланысты әжуа, кекесін үшін айтылатын сөз [97].

Болатшының аузынан, Байғананың ауы артық. Ауыс: Болатшы елі етікші болады. Етікші етіктің қайысын аузымен тарта, жібін тісімен қия отырғандықтан да аузы-басы күл-қоқыс болады, ал Байғана балықшы екен. Балықшы күніге жартылай суда тұратын болғандықтан да, оның белден төменгі киімі таза болады. Бұл арада екі туыстас ел кәсіптеріне орай бірімен-бірі қалжыңдаса, бірін-бірі әжуаласа керек [97].

Болатшыда Бекжан бар, Байғанада Малай бар.

Азғана ауыл демесең, Барлығы да көкжалдар. Бекжан батыр мен Малай батыр туралы «Дарабозда» (Қ.Ж.) көп берілген. Бекжан – Болатшыдан, Малай – Байғанадан шығады. Бұндай батырлар әрбір жүзден шығып, Қабанбайға серік болған. Ауыс: Бұл батырларды – «көкжалдар» деп айту да орынды. Досқа дос, қасқа қас, бұлар өте дөңайбатты болған [64, 416 б.].

Бошанның омырау қарасы. Мәні: осылай атанған Бітебайдың Сүлеймені өз заманында адуынды би, ұтқыр сөзді шешен, бүкіл Қарқаралы дуанына беделді адам болған екен [98, 18 б.].

Бура руына қатысты тұрақты тіркестер

Алты бай Бура. Құдайқұлдың тоқалынан Аралбай, Тоғызақ, Шүрек, Сарманак, Сексен, Келдіқұл есімді алты бала туады. Бұл алтауына әлденеше мың жылқы

бітіпті. Сондықтан бұларды Алты бай атаған екен. Ұрпақтары өздерін Алтыбай-Бурамыз дейді [23, 289 б.].

Бура, қазы-қартаны тура. Ауыс: Бура руы адамдарының дастарқаны майлы болғандығына байланысты айтылған сөз [99].

Көктемде құтыратын Бура. Ауыс: Буралардың ақпан айының аяғында мінездерінің өзгеретіндіктері белгілі, соған қатысты адам мінезіндегі шалыс өзгерісті де бураға теңеп айтқаны [70].

Қаратаз барсаң – Можан бар, асулы тұрған қазан бар. Қаратаз табынан Жидебай ұлы Можан дейтін асқан жомарт адамға 12 мың қой бітіпті. Күн сайын бір қойды сол маңайдан әрлі-берлі өткен жолаушыларға арнап сойғызады екен. «Қаратаз барсаң – Можан бар, асулы тұрған қазан бар» осы үрдіске байланысты қалыптасқан. Ауыс: асқан дарқандықтың үлгісі ретінде айтылады [23, 289 б.].

Қарғыба қатын алады, Ақсуат қызығын көреді. Қарғыба Көкпекіден тарайды. Ол жерде Найман руының Бурасы бар. Ал Ақсуат – Найман елі.

Егіз қара, жегенің семіз қара. Ауыс: бұл сөз осы ел адамдарының қысы-жазы дастарқанынан жаңа сойылған жас еттің үзілмейтіндігіне қатысты қалыптасса керек [100].

Есенаман руына қатысты тұрақты тіркестер

Иттің құнын 40 жыл даулаған Есенаман. Байжігіттің әкесі Тоқтарқожаның қартайған шағында қасына баласы Жанжігітті ертіп, еліне кеткені мәлім. «Жанжігіт ұрпағы бір тайпа ел болып өсіпті. «Алты Шәрі» өлкесінде (Қытайдағы ұйғыр автономиялық республикасы) тұрады екен» дегенді естіп, Есенаман уәлаятқа жол тартады. Бірақ уәлаятқа кіргізбейді, тек бір қарауыл бастығы «іздеп келген кісілеріңнің ұрпағы бұнда жоқ. Алыстан ат сабылтып келген екенсіңдер. Біздің өлкенің көзіндей көріп, мына екеуін алып қайтындар» деп бір еркек, бір ұрғашы құмай тұқымынан күшік береді. Есенаман тобы осы сыйлықты алып, елге оралыпты. Жолшыбай бұларға Тәуке руының барымташы ұрылары кездесіп, екі күшік далада қалып қояды. Бірер жыл өткеннен кейін көршілес Жұмық, Тәуке елінде «Түлкіні қынадай қыратын, тіпті қасқыр алатын тазылар пайда болыпты» деген қауесет қалың елге тарайды. Аңға қосылған былтырғы күшіктер екенін Есенаман біліп, Тәуке руына аттанады. Бірақ олар: «Айтып жүргендерің не, өз итіміздің тұқымы» деп аяғына отырғызбапты. Одан Есенаман дауды қойып, қол күшіне жүгініп, 2 тазының 1 жыл ішіндегі алатын түлкі, қарсақ, қасқырдың терісін пұлға шағып, жыл сайын қыс түсер қарсанда, Тәуке ауылдарының жылқыларын алып отырса керек.

Бір жылы Есенаманның Жақсылық есімді баласы аттан жығылып, аяғын сындырады. Сынықшы Тәуке елінде бар. Есімі – Көсет. Есенаман сол тәуіпті алдырады. Сонда сынықшы: «Балаңыздың ауруы асқынып кетіпті. Қалағанымды берсеңіз», – дейді. Есенаманның ойлағаны мал-мүлік шығар деп, «келісемін» деп сөзін кесіп айтады.

Сонда сұрағаны: «Батыр, маған құмай тазыңның дауын қи, басқа қолқам жоқ», – депті. Ердің екі айтқаны – өлгені. Орындар алдында: «Қап, мұндай

колқанды білмедім ғой. Иттің дауы бүкіл ғұмырыма азық болатын еді», – деп санын бір соғыпты. Ауыс: өнбес дауды қоймай даулау дегенді білдіреді [44, 54-55 бб.].

Жақау руына қатысты тұрақты тіркестер

Жақау, сөзге алданған аңқау. Ауыс: бұл елдің бір кісісінің сөзге алданып, ылғи да аңқауланып жүруіне байланысты шыққан тіркес [100].

Жылқыны бүлдірген сақау, Елді бүлдірген Жақау. Ауыс: жылқы малында болатын сақау жылқыны бүлдірсе, кейбір Жақау мінезіндегі оғаштық ел ішінде алакөздік тудыруы мүмкін [101].

Малды сақау бүлдіреді, халықты Жақау бүлдіреді. Ауыс: малды сақау бүлдірсе, кейбір Жақаудың қисық-қыңыр мінезінен, мағынасыз сөзінен даудай туып жатуы мүмкін [100].

Жанай – ұнатқан ұлын жасқамайды. Бұл тұрақты тіркес Жанай руы өз ұлдарын, яғни батыр, ақылды, салмақты, елі үшін жанын аямайтын ұлдарын әрқашан қолдап, қорғап отырған [102].

Жаныс руына қатысты тұрақты тіркестер

Жаныс көп пе, қамыс көп пе? Ауыс: жаныстардың бір жерде тұтаса қоныс еткеніне, басқа ру адамдарына қарағанда сан жағынан басым болуына байланысты айтылса керек [68, 21 б.].

Жарболды руына қатысты тұрақты тіркестер

Жарболды, бір аяқ суға зар болды. Ауыс: тумысынан ауқатты тұрған адамдардың кейін кедейленіп, халі мүшкілденгенде айтылған сөз [103].

Жарболды кеше ғана бар болды. Марқакөл мен Күршімнің түйіскен жерін мекендейді. Ауыс: елдің сиреп, жоқ болуға айналғанын мегзейді [87].

Жаубасар, көрінгенмен дауласар. Ауыс: аталмыш елдің көбісінің ашуланшақ, қызба, даукес дегенді мегзейді [89].

Жолымбет руына қатысты тұрақты тіркестер

Жолымбеттің қолы айға жетті. Байыс руының баласы Жолымбет 17 болыс болған бай, ауқатты адам болған екен. 17 болысты өзі басқарған ол өздігінше адал заңдар мен шешімдер қабылдап, ісі мен сөзі ұмтылмастай ел аузында қалады. Ауыс: ел басқаруда белгілі бір мақсаттарға қолы жеткен, айналасымен үндестік тапқан, айтқаны жүріп тұрған адамның көңілі жоғары, аспанда дегенді білдіреді [104].

Ұран иесі – Боранбай. Жолымбеттен шыққан би Боранбай жауға, қасқа, дұшпанға аттанарда бүкіл қазақ батырларына ұран болып, Жолымбеттің аруағын қолдаған. Би Боранбай қашқанға да, қуғанға да ұран болғандықтан айтылған тіркес [104].

Жолымбет ішінде Ажығұлдан келген Құсайынның молласы – Ахмер моллаға жаназа шығаруды бұйырамыз. Ол кезде бес Байыстың әр жеріндегі атақты адамдар қайтыс болғанда әр елдегі атақты, беделді ел жақсыларына хабар айтылатын болған. Осындай қаралы хабармен Қыржы, Мұрын, Сыбан т.б. елдерге жиі аттанатын Құсайын қасынан жас молласын үнемі тастамайтын. Барған жерінде «Жолымбет ішінде Ажығұлдан келген Құсайынның молласы – Ахмер моллаға жаназа шығаруды бұйырамыз» деп айтылады екен. Ауыс: жиі айтылатын болғандықтан, ел ішінде тұрақты тіркес ретінде қалыптасып, жаназа шығаруды белгілі молдаға ұйғартып отырған [71, 153 б.].

Көкжарлы руына қатысты тұрақты тіркестер

Жеті Көкжарлы. Бұған Көкжарлының жеті ұрпағы кіреді. Олар: Қарамай, Өтей, Өтеміс, Аңдағұл, Жәрке, Жәрімбет, Мұңайтпас [81, 8 б.].

Көкжарлының көкжал Барағы. Барақ батыр Көкжарлының Өтей деген атасынан тарайды. Барақтың «көкжал» атануы – өзінің Құдай жаратқан бітімінен. Арғы атасынан келе жатқан нысана болса керек, Барақтың желкесінен белдемесіне дейін, қыр арқасына біткен жал бар. Жігіттері жорықта жүргенде талай шешіндіріп көріпті. Кәдімгідей омыртқаның жігін бойлай, арқаға біткен қалың түкті жал. Кейін жаратылыстың осы бір нышанына батырдың бойына біткен қалың қайраты мен ерлік қасиеті сай келеді де «Көкжал Барақ», «Көкжарлының көкжал Барағы» атанып кетіпті [64, 393 б.].

Көлбедеме балам-ай, Келеді әне Көлібай. Ауыс: Көлібай елінің кейбір адамдары сәнді киініп, ел алдында көлбедеп көп жүргенді ұнататын болғандықтан, басқаның сәні келе қоймас дегенді білдірсе керек [105]

Көнші руына қатысты тұрақты тіркестер

Ақылды ақсақалдан үйрен, Құлықты Көншіден үйрен. Ауыс: данагөй қариядан тәлім алу қазақ ішіндегі жазылмаған қағида болса, құлықты қалың жұртшылық қу деп санайтын көншілерден үйрен деген тәмсіл [65].

Көн илеген Көнші. Көнші Сармырзаның Жанығыз есімді әйелінен үш ұл туған. Аттары: Берді, Бегі, Өтей. Бұлар Мұрын руларымен аталас. Берді, Бегі, Өтей үшеуі көршілес елдерден 40 жылқы ұрлап әкеледі. Ертеңінде ізін ала қуғыншылар да жетсе керек. Бірақ айғақ боларлық еш нәрсені ауылдан таба алмапты. Жанығыз шешейдің үш ұлы сол түннің ішінде 40 жылқыны сойып, еттерін боршалап, тоғай арасына тығып тастапты. Ал терілерін дәу кеспектегі малмаға салып, көн илеп үлгерген көрінеді. Қуғыншылар малманы көрсе де бір түннің ішінде көн шығарады деп ойламаса керек. Ауыс: осы оқиғаға байланысты жоғарыдағы Жанығыз шешейдің үш ұлының ұрпақтары «Көнші»,

бір рулы ел, көн илеудің асқан шебері болғандықтан «Көн илеген көнші» атаныпты [44, 17 б.].

Тері жинаған Көнші. Ат әбзелдеріне қолдану үшін мал терілерін жинап, оны илеп, шаруаға қажетті бұйым жасай білгендіктен, осы кәсібіне қатысты бір рулы ел «тері жинаған Көнші» атанып кетсе керек. Ауыс: адамның кәсібіне қатысты айтылатын тұрақты тіркес [111].

Көнші пайдақорлықты сүйеді, Атақозы адалдықты сүйеді. Ауыс: адамдардың мінез-құлқына, іс-әрекетіне байланысты айтылған сөз [65].

Көше берген көшкінші. Ауыс: ел жайлауға көшіп, үйін бір тіккен жерін ұнатпай, қайта-қайта көше берген соң, байырқаланбағандығынан сөйтіп атап кеткен [107].

Қарақас руына қатысты тұрақты тіркестер

Жау Қарақас. Қарақастардың кейбірі қаскүнем болады деген ұғым бар. Олар Аққожа деген тоғайды мекендеген. Бір аңшы айтыпты: «Қарақастар бір-бірімен айқайлап боқтасқанда, Аққожа өңірінде бірде-бір қоян қалмай қашып кеткен» деген сөз бар. Ауыс: үнемі жауласып, жау жоқ жерде жау табатынына қарай аталып кетсе керек [70].

Қарақас – қатқан қиынды қазанға ас. Ауыс: кейбір адамдардың мал табуға епсіздігіне қаратыла, ішер асқа жарымай отырған кезіне қатысты құрдастар арасында қалжың ретінде айтылады [70].

Қарақас, қатқан боғынды қазанға ас, Жұмсағы болса ала қаш. Ауыс: қарақастықтардың кейбірі өте еріншек болған, ылғи да ауырдың үстімен, жеңілдің астымен жүргенді таңдаған [103].

Қаракұрсақтың қыры кеткенінің үйіне барсаң, сорпалық қызылы бар мал союға жарайды, ата құты шаңырақтарынан үзілмеген, қарынның майлы құрышы [104].

Қаракұрсақ руы. Қаракерей ішінде Қожағұл, Өмір, Дәуленмен бір туысқан Қаракұрсақ руы бар. Қаракұрсақтың шын аты – Арыс екен. Қырғыз батыры келіп оларды шапқаннан кейін, ойрандалған жұртты қарап жүріп Қабанбай қазанның астынан құрсағы қап-қара ала күйе бір баланы тауып алады да, «Қайран Арысым-ай, сенен де тұқымға бір қаракұрсақ қалған екен ғой», – деп баланы өз бәйбішесіне табыс еткен екен. Ауыс: береке-бірлігі таусылмаған, қонақжай, дастарқаны мол, кісілігі жоғары ел дегенді білдіреді [37, 185 б.].

Қараби, Қараш, Қатқан бокқа талас. Ауыс: Қараби мен Қараш табының адамдары өзді-өзі жауласып, бірін-бірі көре алмай, есепке алғысызға бола таласып жүретін жандар екен [108].

Қабаншуақ, Қабаншуақ, келеді иттей шұбап. Ауыс: қабаншуақ табының адамдарын «айғайдың ауылы» деп те атайтын көрінеді. Ел жайлауға қонар-қонбастан қатын-баланың берекесін алған дау-дамай туып, оның соңы даңғазашуға ұласатын болған. Осы мінез ерекшеліктеріне байланысты жоғарыдағы тіркес қалыптасқан [103].

Қаратай руына қатысты тұрақты тіркестер

Қаратай ауған. 1916 жылы патша үкіметінің қазақ азаматтарына соғысқа апарып, окоп қаздырмақшы болған жарлығы, 1917 жылғы төңкерістен кейінгі халық басына келген күйзеліс өр наймандарды атамекенінен қатты дүрліктіріп қозғалтады. «Қаратай ауған» деген жуас елдің басына келген пәле «ақтабан шұбырындыдан» кем соқпайды, халық ұлар-шу болып күйзеледі. Ауыс: қаратайлардың басына түскен зобалаңнан хабардар етер тіркес [81, 8-9 бб.].

Қожамбет ауған. 1916 жылы патша үкіметінің қазақ азаматтарына соғысқа апарып окоп қаздырмақшы болған жарлығы, 1917 жылғы төңкерістен кейінгі халық басына келген күйзеліс өр наймандарды атамекенінен қатты дүрліктіріп қозғалтады. Қожамбет ауған деген жуас елдің басына келген пәле «ақтабан шұбырындыдан» кем соқпайды, халық ұлар-шу болып күйзеледі. Ауыс: қожамбеттердің аш-жалаңаш, жаяу-жалпы шұбырынды болған кезінен хабардар етер тіркес [81, 8-9 бб.].

Төртуыл ауған. 1916 жылы патша үкіметінің қазақ азаматтарына соғысқа апарып окоп қаздырмақшы болған жарлығы, 1917 жылғы төңкерістен кейінгі халық басына келген күйзеліс өр наймандарды атамекенінен қатты дүрліктіріп қозғалтады. Төртуыл ауған деген жуас елдің басына келген пәле «ақтабан шұбырындыдан» кем соқпайды, халық ұлар-шу болып күйзеледі. Ауыс: төртуыл елінің мал-мүлкінен, қонысынан айырылған ел үркіндіге ұшырап, босып кеткенін білдіретін тұрақты тіркес [81, 8-9 бб.].

Өтей ауған. 1916 жылы патша үкіметінің қазақ азаматтарына соғысқа апарып окоп қаздырмақшы болған жарлығы, 1917 жылғы төңкерістен кейінгі халық басына келген күйзеліс өр наймандарды ата-мекенінен қатты дүрліктіріп қозғалтады. Өтей ауған деген жуас елдің басына келген пәле «ақтабан шұбырындыдан» кем соқпайды, халық ұлар-шу болып күйзеледі. Ауыс: өтейлердің мал-мүлкінен, қонысынан айырылған ел үркіндіге ұшырап, босып кеткенін білдіретін тұрақты тіркес [81, 8-9 бб.].

Самай ауған. 1916 жылы патша үкіметінің қазақ азаматтарына соғысқа апарып окоп қаздырмақшы болған жарлығы, 1917 жылғы төңкерістен кейінгі халық басына келген күйзеліс өр наймандарды атамекенінен қатты дүрліктіріп қозғалтады. Самай ауған деген жуас елдің басына келген пәле «ақтабан шұбырындыдан» кем соқпайды, халық ұлар-шу болып күйзеледі. Ауыс: самайлардың аш-жалаңаш, жаяу-жалпы шұбырынды болған кезінен хабардар етер тіркес [81, 8-9 бб.].

Қаратай қырылған. 1932 жылы Қом деген өзеннің бойында қаратай елінің адамдары босқа атылып, қырғынға ұшырағандықтан, жердің аты солай аталып кеткен [109, 270 б.].

Қара Шөгел. Қаратайдың «Қара Шөгел» атанған әділ де ақылды, атақты Шөгел деген биі [109, 270 б.].

Қайыршыны тонаған Қаршыға. Ұлан ауданында тұратын Қаршығалардың бір-екі жігіті арақтан бастары ауырып ақша іздейді (1950 жылдары). Сол елді аралап, қайыр сұрап жүретін бір шал болса керек. Әлгі жігіттер кешке молада түнеп жатқан кезбе диуана кісінің ел берген тиын-тебенін тартып алып, бір

бөтелке шарап ішсе керек. Сол әрекет сүйекке таңба болып, айтылып кеткен екен [70].

Қожакелді бір табақ етін асып ала келді. Ауыс: өзімен бірге береке, жақсы көңіл күй ала келетін адам дегенге саяды [96].

Қожамбет, қожандамай арман кет. Ауыс: қожамбет табының ішіндегі кейбір әпербақандыққа қатысты айтылған сөз [103].

Тойымбай тоғызда, Ошамбай онда. Қожакұл Тойымбай мен Тоғалақ Ошамбай екеуінің де бойлары аласа, жақын жолдас жандар екен. Тойымбайдың бойы Ошамбайдан бір елі ғана кішкене болған. Екеуі ешқашан бір-бірінсіз жүре алмаған, көшеге ел араласа да бірге барып жүреді екен. Қалжың құмар болса керек, елдің кішкене балалары «Тойымбай 9-да, Ошамбай 10-да» деп қылжақтап ойнайды екен. Ауыс: екеуінің де бойы 9-10 жасар бала шамалас болғандықтан әрі жұп жазбай бірге жүргендіктен осы сөз қалған [110].

Қожамқұлдың үйіне қонғанша, Дәуленнің жұртына қон. Қожамқұл елінің дастарқаны жұтаң, өздері сараң, қу болған ел екен. Дәулен елін кейбірде Салпанқұлақ мәмбет елі деп атайды. Олар аңқау, ашық ауыз, мейірімді ел. Бірде бір жолаушы алыстан шаршап келіп, Қожамқұлдың еліне ат байлайды. Қожамқұлдар қонағын дұрыс күтпей қойып, қонақ ертеңінде ол елден кетіп қалады. Жолда келе жатып бір ескі көшіп кеткен жұртқа келеді. Сөйтсе бұл жұрт Дәулен елінің жұрты екен. Қонақ жігіт сол жұрттан 2 орам қазыны тауып алып, әлгіні жеп нәр алады. Сондағы қонақтың қуанып, разы боп айтқаны, ел ішіне тарап тұрақты тіркестік дәрежеге жеткен. Ауыс: ниеті тар адамға қарата айтылады [111].

Қонақай, жүрген жері былық-ай. Ауыс: кейбіреулердің күлдібадам сөз айтып, сөзін сөзбұйдаға салып, жіпсік әңгіме өрбітетіндігінен осы сөз туындаған [100].

Қыдырмаш – айтқан сөзге алдырмас. Ауыс: өз айтқанынан қайтпайтын, даукес адам, аңғарымпаз дегенді білдіреді [100].

Қыржы руына қатысты тұрақты тіркестер

Жиреннен ұл туады дегенше, ағашқа күн туады де (қыржының табы). Жиреннің балалары киіз үйдің ағашын (шаңырақ, кереге, уық, есік) жасаған. Олар ер, арба, шана жасауға шебер болған. Ағашты ию үшін мор пайдаланған. Ауыс: Жиреннің балалары ағаштан түйін түйген шеберлер болған. Сондықтан ел арасында қанатты сөзге айналған [38, 46 б.].

Кешу аман болса, Өтеу өлмес. Алашапқын шабуыл уақытында оқшау ақыл-кеңес құрмақ болып, Жолымбет баласының арқа-тірегі, батыр бабалары Боранбай биді күткен жиын. Ағаларының келуін күткен өзгелері сол кезде әртүрлі өнерімен таныла бастаған әрі күйші, әрі әнші Өтеу баласы Кешуге Би ағаңның көңілін көтер деп ерекше тапсырма береді. Бір тұқымнан өрбіген ретімен малдас құрысқан елуге тарта адам Би ағаларының күйге елтіген қалпын сөзсіз түсінді. Күй де көкіректің нәрестесі дегендей, Кешудің жаңа ғана айналған күйіне «Қалмақ қырған» деп ат қойысты. Өтеудің өнерлі бір баласы бар, жаугершілік заман болмаса, жалпақ қазақтың жанын сүйсіндірер өнерпаз болар еді дейтін Кешудің атына би – бабамыз да қанық еді. Өтеу жоқтауын

есіне түсіргенде «Шіркін, боздақтың өнері іште тұншыққан екен-ау. Арты қайыр. «Кешу аман болса, Өтеу өлмес» деген сөз осыдан қалған екен. Ауыс: артында атын шығарар зерделі ұрпағы болса, өмір өз жалғасын табар немесе ұрпақ жалғастығы деген мағына береді [46, 61 б.].

Кешудің қара өткелі (қыржының бір табы). Кешу атақты батыр Қабанбайдың бас сардарларының бірі болған. Кешу батыр ұзақ жасап, қартайып өлген. Денесі Ақмоладағы Қожамқұл зиратына жерленсе керек. Есіл өзенінің қазіргі Ақмола тұсындағы жерін жергілікті халық бүгінге дейін «Кешудің қара өткелі» деп атайды. Қалмақ соғысы кезінде көзге түскен батыр атына қойылған жер атауы [38, 52 б.].

Қисая қалса, Қыржы болғаны. Негізі бұл кісінің аты Мәмбетқұл. Әкесі Байыс енші бергенде риза болмай, қыржиып жатып алады. Сондықтан Қыржы атанады. Бүгінгі берер мағынасы: негізсіз, мәнісіне, байыбына бармай өкпе туып жатқан кезде айтылады [112].

Қыржи, Мәмбетқұл, қыржи. Мәмбетқұл Байыстың жылқы түлігіне ие болған адам. Енші бөлісерде: «Жылқы бағып-қаққан – мен, еншім өзгеден озық болуы керек», – деп басқа ұлдардан артық шұбар айғырдың үйірін өзіне қалдырыпты. Бабамыз: «Ешқайсың да артық енші алмайсың, бәріне тең бөлінеді», – деп өзге ұлдардан ерекше малдануға рұқсат бермейді. Бала жасынан өкпеші Мәмбетқұл бабамыздың осы әділдігіне де өкпелеп, қыржиып қалады. Өкпелеп беткейде жатқан Мәмбетқұлға енші алған ағалары «Қыржи, Мәмбетқұл, қыржи», – деп күлсе керек. Содан «Қыржы» атанып кетеді екен. Бүгінгі берер мағынасы: қанша өкпелесең де өкпең орынсыз дегенді білдіреді [38, 25 б.].

Қыңырайған Қыржы. Ауыс: сырт көзге өкпелегенін білдірмей, тымырайған кейіптегі адамға қаратыла айтылады [113].

Қыржаңға өкпелеген – Қыржы. Бес Байысқа енші бөлінеді. Бес ағайынды Мәмбетқұл, Сыбанқұл, Ахымбетқұл, Мұрын, Сары, Байжігіт. Сонда Мәмбетқұл құла қасқа айғырды сұраса керек. Себебі, құла қасқыр айғыр төлдің басы болса керек. Ал айғырдың мүшесін – «қыржаң» деп атайды. Бірақ айғыр Мәмбетқұлға берілмейді. Мәмбетқұл өкпелеп жатып қалады. Сонда бір құрдасы жылқының қыржаңына өкпеледі десе керек. Содан «Қыржаңға өкпелеген – Қыржы» деген сөз тіркесі қалыпты. Бүгінгі берер мағынасы: болмашыға өкпелеп, күлкіге ұшырадың дегенді білдіреді [114].

Сегіз Жәркен. Өскенбай бидің Әлпеш есімді бір қызын қыржыдағы Қуандық ұлы Жәркен бай алыпты. Өзі бай, өзі Меккеге барған қажы. Әлпештен сегіз ұл сүйген. Бұл сегіз ұл сегіз рулы ел болып тарайды. Жәркеннің ұлдары да Қағбаға сәжде жасап, қасиетті «Қажар» тасын сүйген. Мәдинеге барып пайғамбарымыздың басына зиярат еткен. Демек, шетінен діншіл болған. Осындай атақтарына байланысты сол кездегі көне көз қарияларымыз «Сегіз Жәркен» деп атап кеткен [44 , 46 б.].

Сығымның Қаражалы. Тау аты. Сығым Кешу (қыржының бір табы) ішінен қажыға барған жалғыз адам [38, 58 б.].

Тау қыржы. Тарбағатай тауының жоны мен оңтүстік беткейіне орналасқан Қыржы ұрпақтарын Тау қыржы деп атайды. Солтүстік бұйраттар мен

жазықтарға орналасқан қыржы ұрпақтарын Ой Қыржы деп екіге бөледі [38, 150 б.].

Ой қыржы. Солтүстік бұйраттар мен жазықтарға орналасқан қыржы ұрпақтарын Ой Қыржы деп екіге бөледі [38, 150 б.].

Малтүгел руына қатысты тұрақты тіркестер

Астындағы атын алты ай іздеген Малтүгел. а) Малтүгел Құйғанның батпағына аунаған күрең айғырды танымай қалады. Көп жылқының ішінде төрт аяқтыда тұлпар санайтын күрең айғырға көзі түсіп құныққан біреу киліккен ғой деген оймен қатты уайымдайды. Таңғы шай үстінде түсіп, аттанып жататын ағайынға да, балаларына да:

–Күрең айғыр қолды болды. Ел құлағы елу ғой. Жолаушы жүргендерің құлақ салып, көз қырларыңды сала жүріңдер. Күрең айғырын шын жоғалдыға жорыған Малтүгел кім көрінсе соған тапсыра берген көрінеді. Күн бесінге таянғанда намазға қамданып, суат бойына келеді. Осыған дейін үстіндегі батпағы кеуіп, аунағаннан қалпына келген күрең айғырды көреді. Иесін көрген жануар оқыранбай ма?

–Ой, тәңірі алғыр, сен де менімен тығылмақ ойнап жүрсің бе? Таңертең осы арада қара айғыр тұр емес пе еді, – деп табылғанына қуанады. Мұндай іс жата ма, елге тез тарамай. «Малтүгел астындағы атын алты ай іздепті» – деген. Бір ауыз сөзге, алты ауыз сөз қосатын қазақ, таңнан түске дейінгі оқиғаны алты айға созады. Бүгінгі берер мағынасы: белгілі бір іске деген ретсіздікті, қырсыздықты білдіреді [46, 104 б.].

ә) Өткен замандарда бір бай өзінің жылқышысы Малтүгелге жылқысын түгендетеді. Сонда әлгі жылқышы қайта-қайта бір жылқыны жеткізбей тастайды. Оны алты ай бойы іздейді, бірақ таппайды. Бай қайта қоя береді, жылқышы сонда да бір жылқыны жеткізбей келеді. Сонда бай жылқышысына: «Әй, сен астындағы атыңды санға қостың ба?» – деп сұрағанда ғана, жылқышы санын бір соғып, тұра шауыпты [115].

Ат пен тазы табылар, түлкі мен тымақ болмаса. Тымақ киген түлкі, Ат жетектеген тазы іздеген Малтүгел. Бірде Малтүгел өзінің күрең айғырына ер салып, балалары баптап жүрген екі тазыны артына ертіп, аңға шығады. Алдынан түлкі қаша жөнеледі. Екі тазысының бірі күшік болады да, көп ұзамай шаршап қалады. Түлкінің өкшесіне түскен тазы әне алады, міне, алады-ау деп келе жатқанда, түлкі ініне кіріп кетеді. Түлкі мен тазыдан қалыспай Малтекең де ін аузына жетіп келіп тоқтайды. Түлкі кірген ауызға тазы жата қалады. Аттан түскен бетте, күрең айғырының шылбырын тазысының қарғысына байлап, ін аузына тымағын тыға салады. Өзі іннің екінші аузына барып, от қояды. Түтін шыдатпай, түлкі тазы жатқан ін аузындағы тымақты кие-мие жүгіре жөнеледі. Түлкіні көрген тазы артынан қуа жөнеледі. Айғыр да тазымен бірге кетеді. Шаршап жіңішке өзеннің бойына жетіп су ішіп отырғанда бір топ салт атты келіп, жөн сұрайды. Жолаушылардың бастарындағы түлкі тымаққа қарап: Жол жөнекей, ат жетектеген тазы, тымақ киген түлкі көрдіңдер ме? – деп сұрайды. Жолаушылар күлкіден аттарынан құлай жаздап:

–Осы өңірде Малтүгел дейтін бар деуші еді, тегі ақсақал содан сау емессіз ғой?– деседі.

–Дәл соның өзімін. Малтүгелден жаман ат естіп пе едіңдер? – деп шамданыпты.

–Онда сізге дауа болмас, – деп жолаушылар кетіп қалады. Суына қанып, ел шетіне келіп, жаяу қалмасына көңілі жайланған жарықтық «Ат пен тазы табылар, түлкі мен тымақ болмаса» деп өзін жұбатады. Отыз тістен шыққан сөз отыз рулы елге жайылып, жолаушылар бұл уақиғаны өрге апарса, өз ағайындары ойға аарады [46, 102 б.].

Тұз еккен – Малтүгел. Тарбағатай тауының табиғатына байланысты малды ащылату қиын болған. Әсіресе, қой, сиырлар аусыл болады. Сол үшін ауылдың атпал азаматтары керуен алып, сонау ойдағы көгілдір көлден (Балқаш) т.б. жерлерден тұз, ащы сор таситын болған. Азап дегендері осы еді. Бірде Малтүгел (Малтүгелдің үшінші буыны Бектемір мен Есенжар ауылы) ауылына бірнеше түйеге қап-қап жүк артқан керуен келіп тоқтапты. Керуен басы Малтекеңнің ескі танысы Сыбанбек екен. – Оу, Сыбанжан, өзің олжалысың ғой, мына әкеле жатқаның не жүк? – депті. Осы сәтте Малтекеңнің сырын жақсы білетін Сыбекең: – Семіз Найман жақтан, нағашымнан келемін. Біз сияқты қыстан қалт-құлт шықпай, малдары семіз, қойлары егіз туып жатыр екен. Өйткені Семіз Наймандар Аягөз бен Айқыздың маңайына тұз себеді екен, – дейді. Малтекең Сыбекеңнен қолқа сап, екі ісек қой беріп, бір қап тұзды алып, қаратопырақты бұлақ маңайына сепкен екен. Содан «тұз еккен Малтүгел, тұз еккеннің тұқымдары» атанған. Бір ғажабы, Малтүгел бабаларымыздың өзінен бастап, бүгінге дейінгі ұрпақтарының аңқаулығы мен аңғалдығы, ақылға сыя бермейтін қимыл-әрекеттері арада қанша жыл өтсе де, Малтүгел есімімен айтылады. Аңқаулығы бабалардың бойына құт боп дарыған. Бір Малтүгел емес, қазақтың жомарттығы мен береке татулығының ұйтқысы – сенгіштік пен аңқаулық емес пе? Малтүгел бабамыз балаларының естиярларын жинап алып, өлерінде өсиет айтады: «Сенгіштікті өздерінше ездікке балап, кімде-кім әжуа-сықақ қылып, менің атымнан сендерді кемсіткісі келсе, оған ашуланбаңдар. Егер ыза болып, жел сөз иесін жағасынан ұстап, қолдарың тисе, аруағым риза болмайды. Осы өсиетімді ұрпақтарыңнан ұрпақтарыңа жеткізіңдер», – деген екен. Малтүгел ұрпақтарының кісілікті кісілері әзіл-әжуаға ыза болмай, керісінше, сол ортада өздері бірге қосылып, күлісіп отырады екен. Бүгінгі берер мағынасы тосын күлкілі жағдайға душар болғанда айтылады [37, 79 б.; 46, 108 б.].

Малтүгел атаң аты тұз салатын, Түлкіге томаға алмай құс салатын. Бірде Малтүгел Сыбан ішіндегі жорықтас досы Серғазы дегеннен қасқырға дейін алып жүрген қыран бүркітін сұратыпты. Жай ағайын қолқасы емес, қыранның аяқ бауына арнап боталы түйе жетектетіп жіберіпті. Серғазы Малтекең бүркіт ұстап көрмеп еді, өз қолынан аң алдырғанша саятшылықтың жайына қандырайын деп келушілермен бірге аттанады. Серғазының келуін, бүркіттің өз үйінде тұғырға қонуын Малтекең кішігірім той қылып өткізеді. Өкпеті тауының баурайына екінші рет қар жауып, қансонардың із жасырмас алаңына айналады. Дәл осындай сәтте Малтүгелдің қолына бүркітті ұстатып алаң-переннен бір топ адам саятқа шығады. Қағуылшылардың дабылымен бір түлкі бетке қарай қаша

жөнеледі. Сол сәтте Малтүгел бүркіттің аяқ бауын босатып, құсын серпе лақтырып жібереді. Қыран тік самғаудың орнына қалбалақтап көлбей ұшып, омырауымен қарсыдағы тұрған қара тасқа соғылып, қалбаң ете түседі. Атағы аймақты таңдандырған ақиықтың қарақұс құрлы болмағанына саятшылар таңданысады. Малтүгелдің көңілі қалғандығы соншалықты, кешегі қанды қырғында қан жейделі дос болған жолдасым соқыр бүркітін бұлдады деп бүк түсіп жатып алыпты. Ал Серғазылар жаралы бүркітті қолына алып қараса, томағасы алынбапты. Көзі көрмеген соң, бүркіт қайтып ұшсын. Серғазы сонда: «Айып бүркітте ме, жоқ әлде ағаларыңда ма?» – деп жанындағыларды куәға тартып, Малтүгелдің басын көтертіп: «Сен маған емес, томағасын алмай құс салған өзіңе өкпеле», – дейді. Еш нәрсені бұра тартып көрмеген Малтүгел: «Құс қызығы деген де ұялы жын болса керек. Алжасқан өзім. Тұмсық жағына қолым бармап еді, бәрі содан болған ғой. Әйтпесе, Серғазы саған өкпем қара қазандай еді. Енді сіркедей де дақ қалған жоқ», – десе керек. Осылайша ағаттығын мойындап, өзінің қолынан саятшылық келмейтінін білгеннен кейін құсты балаларына тапсырыпты. Бүгінгі беретін мағынасы: өзің жөнін, ретін білмейтін іске кіріссең, күлкіге қаласың дегенді білдіреді [46, 104 б.].

Тау құлатқан Малтүгел. Малтүгел Найман ішіндегі аңқау ел. Сол Малтүгел елінің Әкімбек деген кісісі қалаға келіп, елін сағынады. Артынан бір ай шамасында қалаға келген бір Сыбан руының жігітінен: «Ел аман ба?» – деп сұрайды. Сонда қалжыңқұмар Сыбан тұрып: «Ел аمانы аман, бірақ Өкпеті тауы құлап кетіпті» – дейді. Сонда аңқау Әкімбек Сыбанға «құласа құлаған шығар, түбі шіріп тұр еді» депті. Содан «тау құлатқан Малтүгел» атанып кетсе керек.

Үйдегі өгіз бұзаулапты – деген Малтүгел. Бір қария немересіне: «Балам, сиыр туды ма екен көріп келші», – деп жұмсайды. Барса сиыр туыпты да, түпкі қорадағы оттыққа шөп жеуге өріп кетіпті. Орнына өгіз кіріп кетіп, бұзаудың қасында тұрады. Оны көрген немересі: «Ата, ата, үйдегі өгіз бұзаулапты», – деп айқай салыпты. Сөйтсе, баяғы Малтүгел атаның немересі екен.

Бүгінгі берер мағынасы: адамның соншалықты аңқаулығы мен сенгіштігін білдіреді [116].

Әбдіразақ атаң құсап ант ал да қоя бер. Мұрын, сыбан руларында дүние-мүлкін Құдай жолына қиып, қажыға бару ертеден басталған. Солардың бірі Сыбан ішіндегі Байкөбектің белді адамы Қуанышқазы қайтар жолында, Стамбулдан не өзіне жаққан, не тағдырына аяныш еткен, қалайда, 11 жастағы Әбдіразақ деген баланы ала келген. Әбдіразақтың жақсы қасиеттері бозбала шағынан таныла бастайды. Әбдіразақ арабша оқуға жетік, көріпкел сәуегейлігі бар, ауру-сырқауға қолы жеңіл емші адам болған. Діндар адамның сенгіштігі де Малтүгел бабалардан кем болмапты. Бір күні Жаулыбай баласының бірі оның жақсы атын ұрлап алады. Басқа жердің жылқысымен ауыстыруға қимай, із басылды-ау деген кезде сол атты мініп жүрсе керек. Атын таныған Әбдіразақ: «Мынау менің атым, өзіме қайтар», – дейді. Алушы Жаулыбай баласы мойындай қоймайды. Сонда діндар: «Шын өзіндікі болса, еллаһи-беллаһи деп үш рет қайталашы», – дейді. Алушы айтудан бөгелмейді. «Жарайды, онда өзіндікі екен. Жолың болсын!» – деген екен.

Бүгінгі беретін мағынасы: әділдігі анық болса да, ел ішінде дау туғызып, даңғаза болатын істе, наданның көздегеніне көз жұма қарайтын сәттердің де болатынына меңзейді [46, 108 б.].

Көкебай қорасы. Көкебай шілігі. Көкебай күзегі. Көкебайдың мол бастауы (найман – мұрын – малтүгел). Сейітұлы Көкебай қажы (1834-1931) патша өкіметінің жаңа низам заңы бойынша 1868 жылы Өкпеті болысы құрылғанда соған тұңғыш сайланған ол 1898 жылға дейін 30 жыл үздіксіз болыс болады. Ел ұстаудағы ақылы мен айласы, айдыны мен ешкімнің бет-жүзіне қарамайтын турашылдығы бір-біріне сай келгендіктен, әрі күнделікті ісінде бұрынғы өткен даналардың: Би Боранбай, Шал қажы, Шәкі, Кегенбай, Боқбасар билер, Тана мырзаның жолымен ел тізгінін, көбінесе, тең ұстағандықтан, 30 жыл бойы болыстықты қолынан шығармаған. Оқымағанмен, жаратушы берген ерекше қабілеттің арқасында орыс тілінде ауызекі сөйлеуді меңгеріп, орыс шенеуниктерімен де тіл табысып отырады. Жасы ұлғая келе ағасы Кененбай екеуі қажылық сапарына барып, халқын мұсылмандық жолымен мұсылмандыққа баулуды мақсат еткен. Кембағал нашарларға қайырымды болған. 20 ғасырдың 30-жылдары Көкебайдың мал-мүлкі тәркіленіп, жасы 90-нан асқандықтан жер аударылмапты. Сол күндері белсенділер ауылдың үстінен қайшы шапқылап, қайда барасың дегенге «кеңеске» барамын дейді екен. Сонда Көкебай: «Мен бір күн кеңес өткізбей, елді 30 жыл басқарып едім. Кері кеткеннің кеңесі бітпес», – деген екен. Осы сөз ел ішінде осы күнге дейін құр айғай, негізсіз дөң-айбат деген мағынада айтылатын мәтел болып кеткен [71, 113-119 бб.].

Құздан құласа да өлмеген, Құлекем не көрмеген? Өкпетінің өріндегі Себдір құлаған (Ақсуат ауданы) атты жартас басындағы бүркіт ұясын байқап, Себдір биік жартас үстінен түсетін болған. Ақ үрпек екі балапанды жайлап, құндақтап арқасына таңып алғаннан кейін, шың басындағылар арқанды саумалдап тартып ала бастайды. Қайтар жолда тиянаққа қойған ағаштың бірі сынады. Жоғары шығу мүмкін емес, төменге секірсе құз тым биік. Сонда Себдір: –Тиянаққа қотандағы қойды әкеліндер, не басқа айла жасаңдар, – деген екен. Жердегілер ақылдаса келіп, қалың ғып киіз төсеп, тұңліктің төрт бұрышын әлді жігіттер ұстап тұрып, секір деп белгі береді. Халық болып қаумалаған Себдір де, арқасындағы балапандары да аман қалыпты. Сол жерде тұрғандар «Құздан құласа да өлмеген, Құлекем не көрмеген?» деген сөзді ел ішіне таратып жіберіпті. Ауыс: су ішерлігі бар адам неден болса да аман қалады дегенге саяды [46, 168 б.].

Жеті кезеңде жеті ешкісі үсіп өлген Құлеке. Ауыс: ешкі малы өте өсімтал екені белгілі, сондай өсімтал малды өсіре алмайтын құнтсыздықты білдіреді [108].

Отын таусылса, тоғай бар, мал таусылса, Мамай бар (найман). Дәуітбайұлы Мамай би 1842-1932 жылдарда өмір сүрген. Сөзінің дуалы, батасының уәлігімен халқына қадірі артқан шешен бидің есіміне байланысты «Отын таусылса, тоғай бар, мал таусылса, Мамай бар» деген мақал да қосақталған. Бүгінгі берер мағынасы: қай кезде болмасын тығырықтан шығар жол бар, тек адамның үміті кесілмесінге саяды [37, 104 б.].

Палуан келін. Түбек ақын баласы Көмекке Шыңғыс тауындағы Мамай руының бір ауқатты ауылынан Жидебайқызы Бөртпені үлкен ұлына айттырып әперген. Бөртпе «Палуан келін» атаныпты. Шөккен түйеге қара ала қап бидайды (100 кг) жалғыз өзі көтеріп тиейді екен. Келінінің келбетіне және күшіне риза болған атасы Түбек:

Құда болдым Андабай Жидебайға,

Екі ортасы шылқыған толы майға.

Жақсы жерден келінді мен түсірдім,

Ризамын осы күнде бір Құдайға, – деп өлең шығарыпты [37, 142 б].

Ала жерде мая жүр, Мая жүрген жерден тая жүр. Ауыс: Мая руынан шыққан адамдардың жанында аяғыңды аңдап бас дегенге саяды [101].

Мая, жегенің қоя. Ауыс: Мая руынан шықтым деп кеудем соқтыққа салынсаңда, кәкір-шүкірді малданасың дегенге саяды [103].

Мұса да шықты Маядан, жылқысы кетпес саядан. Әкесі Рүстемге 1600 жылқы біткен, бірақ азаматтың атын шығаратыны малы емес, аруағы ғой. Мая – XVIII ғасырдың бірінші жартысында Көкжарлы Қаратай тайпасын атамекені Өр Алтайға қайтадан алып келіп қоныстандырып, жұрт қатарлы терезесі тең қылған игі жақсылардың бірі. Кейіннен әулие атанған. Мұса би осы Мая тұқымы. Ауыс: Мұса сияқты атақты адамы барлығын мақтан тұтып, ардақтау ретінде айтылған сөз [109, 3 б.].

Халықтың айтқаны көпке жағады, Маяның айтқаны найманға жағады. Мая найман руының ішіндегі қаратай табының атақты биі болса керек. Ел сөзін ұстап дау-шарды жөн шешіп, ел намысын қолдан бермейтін белді би болған. Ауыс: өзің өзегіңнен теппес, әр ортаның өз жақтасы, өзі сүйеу тұтар жақыны болады дегенге саяды [93].

Мәмбет руына қатысты тұрақты тіркестер

Мәмбетпін дегенше, ержеттім десеңші. Найманның мәмбет табынан батырлар көп шыққандықтан, мәмбеттік ертең-ақ ер жетіп, ел қорғайды дегенге саяды, дөңайбат та жоқ емес [17].

Бітіспес Мәмбет, ердің артқы қасын сұрайды. Дау іздесең, жау іздесең, табасың, яғни ердің артқы қасын сұрау, дауласудың, жауласудың белгісі [17]

Мәмбет қызы үшін қалың береді, ұлы үшін жанын береді. Қазақ қыз алғанда қалың беруші еді, ал мәмбеттік болса, өз қызы үшін қалың беруге де дайын, ал ұлы үшін жаны да құрбан, тек баласы бақытты болса, соның жолына малы да жаны да құрбан дегенге саяды [17].

Қаракерейдің баласын ұрысқа қой, данасын ырысқа қой. Қазақтың дәстүріне бой ұрған елде келісім алда жүреді, яғни жастары өзіне лайық іспен айналысса, қарты, данасы маңындағы елде жөнімен басқарады дегенге саяды [17].

Қаракерейдің қызы қылықты, ұлы ұлықты. Қаракерей елінің қыздарының мінездерінің ел сүйсінердей қылықты екендіктерін, ал ұлдарының рухы биік, күшті, ұлықты екендіктерін айтып тұр [17].

Салпанқұлақ Мәмб. Мәмбет елін білетіндер оның аңқаулығын да жасыра алмайды. Мәмбеттен көп ұлы адамдар шыққан да ел оны өте жуас, жүр десе жүре беретін, аңқау ел деп танып «Салпанқұлақ» атандырып жіберген [118].

Мұрын руына қатысты тұрақты тіркестер

Қанды Қареке. Найманның ішіндегі Мұрыннан тараған ұрпақтың бірі – Қареке, елі Мырзас. Қалмақпен соғысқан кездері қалмақ, жоңғар жерлерін жайпап-жайғап отырған жауынгер болғандықтан қанды, кекшіл Қареке деп атанып кеткен. Ел ішінде бұл сөзді Қабанбай айтыпты делінеді [104].

Қағыбаның жолын тапқан Шалғажы қажы. Мырзас руының Шалғажы деген кісісі Найманнан бірінші басшы болып, Меккеге (Қағбаға) барған. Ел аузында қалған бұл ұлы адамның ісі енді мәтел ретінде қалыпты.

Мұрын баласы ат келгенше палуанын шығармайды. Ежелден құдандалы сүйек-шатыс болып кеткен Тобықты елінің кейінгі бір кездегі ұлы жиынында палуан күрестіріп, ат жарыстырған той болады. Төбе басында палуандарды қызықтаған тойшылардың ортасына батырларын аруақтандырып атпен әкеліседі. Мұрын елі, а, дегенде «Боранбайлап» аруақ шақырып, бірер палуанын әкелсе, жығылып қалыпты. Қу тілді қазақ тыныш тұрған ба: – «Боранбайлап» айғайлаған қиқулары жер жарса да, айғайына болайын. Ал палуандары тырындап жығылып жатыр ғой, – депті. Ол сөзді естіген ел басшыларының бірі – Қоңыр дейтін ақсақал: – Мұрын баласы ат келгенше, палуанын шығармайды. Боранбай бабамыз ат жанды еді, аруағы атқа кетті, – деп палуан күресіне кісі шығармапты. Айтқанындай-ақ, Бұланбай жылқысының тұқымы Мырзастың Саршегірі бәйгеден келеді. Қайта күрес болғанда, Мұрын палуандары бет қаратпаса керек. Ауыс: аруаққа, киеге сену, жөнін, ретін білу деген сөз [46, 82 б.].

Мұрын – ауыздан жоғары ел. Мұрын елі 17 болыс болған. Одан көп дана батыр шыққан ел. Мұрындар Дүзей бәйбішенің атымен аталған. Мұрын бәйбіше ақылды, елге қадірлі, мұрыны үлкен адам болыпты және осы анадан тараған ұрпақ мұрын аталып кетеді. Ауыс: біріншіден, дене мүшесіне қатысты болса, екіншіден, ел арасындағы қадір-қасиетіне де қатысты сый-құрметке бөленіп жүретін тап дегенді білдіреді [119].

Мұрын бір жиынды қалдырмай, келіп алар бұрын. Ауыс: саны жағынан көп болғандықтан да қандай жиында болмасын сол таптың өкілі болады әрі көпшіл, сауыққұмар, жиынды құр тастамайтын да болған [96].

Мұрындай мол қыл. Ауыс: бұл ел, халыққа қолы ашық, мейманжай, үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсете білген [46, 82 б.].

Мұрындай мол қыл, Сыбандай сырдаң қылма, Қыржыдай қырысқақ қылма, Ақымбеттей ұрысқақ қылма, – деп Мәмбетқұл бабамыз бата береді екен. Ауыс: Найман ішіндегі Байыс балаларының мінез-құлқы әртүрлі болса да барлығын бір жерге ұйыстырып, бірлігін арттырып отырған қара шаңырақ [100; 38, 26 б.].

Мұрын – жұртта қалған жұрын. Мұрын 17 болыс өскен ел. Көппіз деп мақтанады. Біреулер көп болсаң да шөпсің, еліңнен шыққан билікті адам аз,

көшкенде жұртта қалатын кедей адамың көп, қиқым-сиқым жұртта қалатын жұрын деп атайтын, соған байланысты айтқан [120].

Не Мұрат өлсін, не сұр ат өлсін – деген сөз тіркесі Тарбағатай өлкесіндегі ел арасында қалыптасқан екен. Қазақ қолынан жеңіліп, қалмақтар қашқан ғой. Сонда Долан қара тауының бір шоқысының түбінде бір қалмақтың батыры көшпей қалып қойыпты. Әлгі батырдың жалғыз қызы бар екен. Шоқыда отырған қалмақ батырын бірден барып алу қиын. Ол да қамсыз емес. Әлгі қызды әйелдікке алуға Мұрын елінен тарайтын Айдар руының ағайынды жігіттері Болат, Мұрат, Темір таласса керек. Сонда әлгілердің көңілін қимаған Қабанбай батыр: «Кім барып қалмақты өлтірсе, қыз соныкі болсын», – депті. Сонда ішіндегі ер жүректісі Мұрат болса керек. «Не Мұрат өлсін, не сұр ат өлсін» деп шоқының күншығыс жағын ала шағыл жартасқа астындағы сұр атты салыпты. Содан Шоқыға жетіп, атты бір тасаға жасырып, өзі жартастан секіріп түсіп, тұспа-тұс келген қалмақ батырын өлтірген екен. Содан қалмақ батырының қызын Мұрат алыпты. Ауыс: нендей кедергі болса да серттесіп барып, өз дегеніне жету [121].

Сиыр мінген Құтан. Құтан жылқыға бай болған. Кісіге зияны жоқ, момын, жомарт кісі екен. Құтанды ел «Сиыр мінген Құтан» дейді. Бірде ол сиырға мініп, ауыл қыдырып келе жатса, оған танымайтын бір топ жігіт кездесе қалады. Жігіттер: «Құтан ауылы қай жерде отыр» деп сұрайды. Құтан: «Құтан менмін» дейді. «Қойыңыз, мыңды айдаған Құтан сендей сиыр мінуші ме еді» – деп сенбейді. «Сиыр мінсем жүрісі жайлы ғой ол шіркіннің. Құдай басыма мал мен бақ берген екен, соған тасуым керек пе? Көппен бірге елеусіз-ақ жүрейін», – депті. Ауыс: көшпелі қазақ сиыр міне қоймайды, яғни көзге қораш, өрескел көрінгенмен, байға тай мінсе де жарасады дегендей сөз [37, 105 б.].

Шақырмаған тойға бір үйлік Мұрын келеді. Ауыс: Мұрын 17 болыс екен. Көптігін малданып кеудесін де соғып қоятыны болады әрі мұрын елінің адамдары әнші, күйші, сауықшыл, той-жиында жанып түссе керек. Шақырылмаса да ауылдасының тойына жатсынбай барып, тойдың сәнін келтірген. Сондықтан шақырмаған тойға бір үйлік мұрын келеді деген сөз қалған [104].

Шойтабан жығылар дауын даулайды. Сүйін деген даукес Жұман деген Шойтабанның жерін нақақ даулап, әлденеше рет айтқан басқаның билігіне тоқталмай, ақыры жүгініске Шәкі биге келіпті. Даукес Сүйін бірден биге өзінің дауын айта бастаған екен, Жұман оның сөзін бөліп: –Би, егер жер менікі деп осы Сүйін жанын берсе, осының-ақ айтқаны болсын, – депті. Сол кезде төсекте кесте тігіп отырған бидің бой жетіп қалған Нұрилла деген қызы жалт қарапты да: –Әй, Шойтабаным-ай, жығылар дауынды дауладың-ау, беттің арын белбеуге түйіп ап жер даулаған адам жанын аямас, – дейді. Бұл мұрын елінде мәтел болып кеткен. Ауыс: дауласатын болсаң, даудан жеңілемін деп емес, аржақ бержағын ойланып, сайланып барып даулас дегенге үндейді [71, 63-64 бб.].

Қызай руына қатысты тұрақты тіркестер

Қызайдың қазбасын әріден ізде, қызын әнінен ізде. Қызай жерінен іздесе, тереңірек қазса, қазбабайлық табылады, ал қыздары шетінен әнші [17].

Қалың қызай XIX ғасырдың 60-жылдарында патша саясатының қысымынан өзінің атамекенін тастап, Қытайға (Күнес, Қас) қоныс аударған. Бүгінгі күнде 400 мыңға жуық қызайлықтар бар деп саналады [95].

Ұл туса – қызай қуанар, гүл – өссе қыз қуанар. Қызай елінде ұл балалар дүниеге келсе, елі қуанады, себебі қызай елін жалғастырушы ұрпақ, мұрагер бар және елін, жерін қорғаушы дүниеге келді деп есептелінеді. Ал қыздың көзі қызылда дегендей, қыз баланың жаны нәзік болғандықтан, гүлге қуанары, қызығары табиғилық [17].

Қызайдың баласы – тамырың, рухы – жалының. Қызай елінің баласын адам бойына қан тарататын, көп салалы тамырға баласа, оның рухын ыстық жалынға теңейді [17].

Қыздың баласы болма, Қызайдың баласы бол. Бір ру ел аналарының атымен аталып, қанатын жайып, өрісті ел болғанын меңзеп, анаңа тартып қана өмір сүрме, керісінше алдында өнегесі жоғары қабырғалы ел бар, сондай ел болуға талпын дегенге саяды [17].

Ертуған ұлдың тірлігі – ұрыс, ұрысы – Қызайға кіріс. Ұрыс-керіс жүрген жерде береке-бірлік болмауы заңды. Сондықтан ертуғандықтардың берекесіз, бекемсіздіктері, оларды өз несібесінен айыратыны сөзсіз, яғни оның несібесін, сыбағасын бірлігі жарасқан жейтіні ақиқат [17].

Қымыз ішсең Қызайға барып іш. Қызай елі қымызды ерекше баптап, бабына келтірер қонақжай, әңгімешіл ел [17].

Қыз алсаң қожадан ал, қабырғалы ел боласың. Көшсең Қызайға көш, қазыналы ел боласың. Қожа әулетінің бәрі Мұхаммед пайғамбардың алғашқы халифтерінен өрбіген деп есептелгендіктен қадірлі, қасиетті саналады, яғни ондай жерден қыз алсаң, өрісің кең, шұрайлы болары сөзсіз. Сол сияқты орын ауыстырғанда да бірлігі жарасқан, қамқор, тілеуқор – қызай сияқты елге көш түзесең, ісіңнің алға басары сөзсіз дегенге саяды [17].

Кең даланы дүбірлеткен Қызай елі, Алтай тауын күбірлеткен Қызай елі. Әнді, сәнді қызай елі [17].

Арғыннан ән таңда, Қызайдан қыз таңда. Арғыннан өнерлі адамдар көп шыққаны белгілі, ал қызай қыздары қай кезде де мақтаулы [17].

Жер байлығы – Алтайда, сөз байлығы – қызайда.

Бұл мақалда Алтай өңірінің жер, табиғат байлығының тамаша екендігі, ал қызай елінің адамдарының сөзге шешен, тілі ұшқыр, көркем екендігі сөз болып тұр [17].

Мысқал, көзіңді қысып қал. Ауыс: аталмыш адамдардың кейбірі жымысқы, әккі келеді дегенге саяды [100].

Сары руына қатысты тұрақты тіркестер

Сайтанды да алдаған сары (назар – жанболат – сары). Ауыс: Сары табының адамдары аяғын аңдап басатын сақ, өте қу болатындықтарына орай айтылған сөз [122].

Сарыда құдаң Боқбасар, билік айтса дөп басар. Шақабай елі – Сары ұрпағынан тарайды. Назардың тоқалының баласы. Мал мен еншіге өкпелі болып, Қытай елінде тұратын нағашыларына көшпекші болғанда Би ата (Кегенбай би, Боқбасар би) егіндікке Кегенбай-Байел тоғамының Көкбұқа тоғамымен шекаралас жерінен жер беріп, енші бөліп, жайлауын би балаларының қайсысымен қанаттас болсаң, сонымен бірге болады деген кесім айтады. Би атасының батасы тиіп, Шақабайдың бір баласы Сары елімен құдандалас болып, ел аузында «Сарыда құдаң Боқбасар, билік айтса дөп басар» деген сөз қалыпты. Ауыс: дуалы ауыз адамның айтқаны Құдайдың құлағына шалынып, өмірде іске асып жататындығы жиі болып тұратын құбылыс [13, 38 б.].

Сарының арыстаны. Бәкім Орта жүзден тарайтын Байболаттың үлкен ұлы ел тартысында табанының бүрі мықты, бірбеткей өжет адам болған. Саны аз Сары руын сан жерде қорғап шыққандықтан осы есімге ие болған [13, 411 б.].

Ағанас, Манас, көк байталдың етіне тойда көкпар алып талас. Ағанас батыр руы Тоқабай ішінде жомарт болып келеді. Ағанас кезінде батыр да, бай да, елінің бірлігін, халқының ынтымағын, жерінің тұтастығын сақтаған, әділдікті мұрат тұтқан адам екен. Ағанас аулының ойын-тойларының бірінде Манас деген қонақ келеді. Той жасағанда өңкей тайға мінген балалар: «Ағанас, Манас, көк байталдың етіне тойда көкпар алып талас», – деп шапқан екен деген аңыз бар [13, 411 б.].

Әуелдің көп батыры. Ауыс: Найманның мұрын руы ішіндегі сары тармағының әуел табынан көптеген атағы асқан батырлар шыққан. Жанболаттың бір баласы Сары руының Әуел атты атасынан «он сегіз» батыр шыққан деген аңыз бар. Оны Кәрібай ақынның мына шумағы дәлелдей түседі:

Сарының Бәкім атты арыстаны,

Дұшпанның шақ келмейтін алысқаны.

Әуелдің көп батыры ұран болып,

Жоқ еді бір-бірінен қалысқаны [13, 413 б.].

Білсең Кегенбаймын, Білмесең деген баймын. Найман – Байыс (Мұрын) – Тоқабай Кегенбай Жомартұлы ұзақ жасап, 100 жасында дүние салған. 13 жасынан билікке араласқан. Қалмақ елі Кегенбай биді: «Білдірмей шешетін, қан шығармай кесетін би екен» деп бағалаған. Бидің жоңғар-қалмақ басқыншыларының шабуылынан құтқарудағы азаматтық орасан зор еңбегін ел аузындағы шешендік сөздер, әңгімелер мен аңыздар дәлелдейді. Ауыс: Кегенбай – Байыс Тоқабайының жуаны, бай ел болады. Олар өздерін «Білсең Кегенбаймын, білмесең деген баймын» деп таныстырады. Қазіргі кезде де Кегенбай табынан шыққандар арасынан ел билеп, жақсы аты шыққан азаматтар да, сонымен қатар басқа кәсіпті де жетік меңгеріп, ел аузына ілінген адамдары да баршылық [12, 46 б.].

Жанболат ұрпақтары кейде сегіз, кейде алтау. Ауыс: бұл тіркесті өрбітушілер, Жанболаттан тарайтын адамдар мінездері шым-шытырық, кейде тату, кейде араз болғаннан туған дегенді айтады [13, 23 б.].

Қарғыба-Базар жерім-ай, қалың Назар елім-ай. Ауыс: Қарғыба, Базар өзендердің аты, сол өзендерді жағалай қалың Назар елі қоныстаған. Туған жерге деген қимастықты, сүйіспеншілікті білдіретін тұрақты тіркес [123].

Қарғыба, Базар – қалың Назар. Ауыс: Қарғыба, Базар екі өзеннің бойын қалың Назар руы мекендейді [123].

Қарғыба қатын алады, Ақсуат қызығын көреді. Өткен ғасырдың 20-30-жылдары Ақсуат ауданынан 10 шақырым жерде орналасқан Қарғыба колхозында болған оқиға (қазір Тана мырза аталады). Сол жылдарда жоғарыдан түскен тапсырманы орындату үшін уәкілдер жиі келетін кез. Сол уәкілдер Қарғыба ауылының жас келіншектеріне маза бермесе керек. Қуғын-сүргін кезі, елде бір ауыз сөз айтарлық дәрмен жоқ.. Бір күні осы колхоз бастығы есеп тапсырып тұрып: «Жоғарының жоспарын орындау қолымыздан келетін-ақ шаруа, бірақ қолымыздан келмейтін бір шаруа – ол мынау Қарғыбаның қатын алатыны, қызығын Ақсуат көретіндігі», – деп салыпты. Осыдан кейін жымсықы әрекет бірден тыйылыпты. Ауыс: бір шаруаның қызығын екінші біреу үптеп кетеді дегенді білдіреді [120].

Сегіз Жанболат. Назардың ішіндегі ең көп өскені Жанболат. Одан Шойтабан, Жарылғап, Қарабай, Қажет, Ырсақ, Жанай, Сары, Тоқабай дейтін ұлдар дүниеге келген. Сегіз Жанболат аталатындар осылар. Бұл тіркес Жанболаттың көптігінен туған тіркес болса керек. Бұл жайында халық ақыны Сапарғали Әлімбетов былай жырлайды:

Тоқай Жанболаттың өскен ұлы,

Жайлауға ши бойынан көшкен күні.

Қырық ауыл ауа көшсе жоқтамайтын

Көптігінің белгісі дескен мұны [13, 22 б.].

Тоқабай Сарыны сәнге сабайды. Тоқабай мен Сары бір атадан туған ағайындас адамдар. Бала күндері ойын арасында Тоқабай інісі Сарыны қатты сабайды екен. Кейін екеуі де беделді адамдар болып, осы тіркес ел арасында таралып кеткен. Тоқабай мен Сары-Ақсуат өңірін мекендейтін рулар. Ауыс: Тоқабайдың әмірі Сарыға жүреді [13, 22 б.].

Тоқабайдың үйіне қонғанша, Жанайдың жұртына қон (Найман – Байыс (Мұрын) – Жолымбет – Назар – Жанболат – Тоқабай). Жанболаттан өрбіген ұрпақтар ішінен Тоқабай мен Сары көп өсіп-өнген және бұлар бір анадан туғандай өте тату болыпты. Сондықтан да Тоқабай мен Сары болыс сайлауы кезінде, шар ұпайын көп жинап, болыстыққа үздіксіз ие бола беріпті [13, 18 б.].

Андағұлдың кеудесіне сиыр тышқан. Ауыс: мінездері жуас болғандықтан айтылған тұрақты тіркес [87].

Арпа көженің сұйығына мас болған Айтқұл. Ауыс: біріншіден, дене қуатының әлсіздігін білдірсе, екіншіден, ішкі қуатының әлсіздігін білдіретін сөз [87].

Айтқұл үзеңгісіне қарап отырып, ат үркітеді. Ауыс: мақтаншақтау, тасадан тас атады-ау дейтін адамдарға қаратыла айтылады [124].

Ұзақтың ең жаманы ат үркітеді. Ауыс: ең жаманының бір селт еткізер әрекеті болса, жақсысы тау қопарар деген мағына білдіреді [125].

Ұзақ көпірден шығып, ат үркітеді. Ауыс: қысылтаяң кезде ши шығаруы мүмкін дегенге саяды [125].

Ұзақ, мойнына салар тұзақ. Ауыс: ұзақ табының өкілімен істес болсаң, байқа дегенге саяды [87].

Садыр руына қатысты тұрақты тіркестер

Садырмысың, мінезің шадырмысың? Найман руынан тарайтын Садыр елінің кейбір адамдарының мінезді, көпшілікпен сыйыса алмай, сөзге келісіп қалатыны болса керек. Шадыр мінезді адамдар шыққан ел ғой, сондықтан елінің кім екенін айта бастағанда үлкен қариялар: «Е, сен Шадыр мінезді Садырмысың» деп күліп танысады екен. Ауыс: кез келген адамның табиғатынан сіңісті мінезі болады дегенге саяды [58].

Садыр қу ма, сайтан қу ма? Үш Боғас маңы Қожакелдінің мекені. Сол Боғастың құйғанында көп адам көрінеді. Олар жау болсын, ел болсын әуелі тілдесіп, жолығып алайық деп батыр баласы Жылқыайдардың қасына бір топ кісілер қосып, жаушылыққа жібереді. Олар өзеннің жылғасымен төтелей жортып лагерьдің өкпе тұсынан шыға келген. Бұларды байқамай үстерінен өткізіп алған күзетші солдаттар «Стой, стой» деп айқайлайды. Жылқыайдарлар болса «ұста, ұста» деп айтты деп түсініп, кілт бұрылып кейін қашады. Солдаттар бұларды тоқтатуға әрекеттеніп, үстерінен асыра оқ атады. Мылтық дауысын естіген Қожакелді бастаған сарбаздар да көмекке лап қойғанда, қаңғыған бір оқ батырдың кеудесінен тиіп өледі. Үш боғас руының адамдары өлген адамымызға құн берсін, не жазықты адамды ұстап берсін дейді. Содан Семейдің бер жағында Қарамолда деген жерде барлығы бас қосуды ұйғарады. Сол жерге Жолымбеттен Шерубай, Тана, Боқбасар би, Сусабай би, Қыржыдан 96 жастағы Қыстау батыр т.б. келгенде төрт Төлегетайдан Садыр мен Матай ғана қатыспапты. «Садыр қу ма, сайтан қу ма» деген мәтел содан шыққан екен. Ауыс: мүмкін болашақта зияны болар деген қауіппен бас сауғалап қалу деген мағына береді [44, 69-70 бб.; 23, 89 б.].

Шайтан білмеген – садыр білген. Садыр руының кейбір адамдарының әсіре пысықтығына байланысты айтылған [126].

Қаракерей қалың орман, Садыр-Матай оған қорған. Найманның ішіндегі айтулысы, өрістісі матай, садыр саналатындықтан, қалың қаракерейдің мақтаны, іс бастаса ақылшысы саналады [108].

Матай – тауға қарай талтай. Исі найман ішінде «найман болсаң – матай бол» деп матайды ерекше қадір тұтады. Ауыс: жуан ата болсаң да, тауға қарап, бой түзеу де, кеуде керу де ұнамсыз дегенге саятын кекету мағынасында айтылатын сөз [127].

Садыр сайтанды да алдаған. Найманның садыр тармағының адамдары кәсіпшіл, саудагер болса керек. Жерінің, елінің ішкі-сыртқы әңгімесін, ағын-

карасын түгел біліп, барлығына құлақтары түрулі жүреді екен. Саудагарлікпен де айналысып, өз пайдасы дегенде ешкімге дес бермесе керек. Сондықтан бәрін біліп отыратын, орайы келіп, сәті түссе, алдап та жіберетін қырпулы ел болғандықтан осы мәтел қалыптасса керек. Ауыс: қу, бәрін білгіш дегенге саяды [97].

Сайболат түске дейін дос, түстен кейін жау. Ауыс: бір сәтте жайдарыланса, сол сәтте қабағы түсіп, ашуға бой жеңдіретін, яғни мінезі құбылмалы, толқымалы дегенді білдіреді [128].

Самай, Самай, Сартепсең, Самай өлген картоптен. Шикі картоп жеймін деп, Жұқа шаптан «шарт» еткен. Ел ішінде осы бір тіркес өте жиі айтылатындықтан, кейбір самайлықтар көпшілік арасында картошка жеуден бас тартып та жатады. Сартепсең Қатонқарағай ауданындағы Өрел деген елді мекендегі ауыл шетіндегі тау. Өрел ауылын, негізінен, қалың самай мекендейді. Ауыс: құрдастар арасында әуестігіне қатысты қалжың ретінде айтылатын тіркес [70].

Самай жүр картөшкеге тоймай. Бұл ел картөшкені өлердей жандарын беріп жақсы көрген. Қай жерде жүрсе де ас берген кезде картөшке немесе картөшкеден жасалған тағамды сұрап отырған. Ауыс: самай руының картошкаға әуестігіне байланысты үнемі қалжың ретінде айтылатын сөз [129].

Ат қойғыш, Айдар таққыш Сарман. Сарманның бір Қасымхан деген жігіті Жұпар деген жігітке, «сен «Духисың», осыдан былай сен духи атанасың», – депті. Аты қойылған «Духи» Сарманның арқасында ел аузында қалыпты. Содан былай осы сөз жиі айтылатын болған. Ауыс: әліне, шамасына, өз болмысына қарамай біреуге мін таққыш дегенге саяды [130].

Сарманның сойқысынан сақта! Сарман елі өзі дегенде өзегін берер, сойқан, пәлеқор ел екен. Бұл елден көп беделді азаматтар шыққан. Туматай елінің Қондыбай деген биі болыпты. Бұл Қондыбай мен Сарман ағайынды туыс адамдар екен. Бірде Қондыбайдың жылқысын Үйсін Жаппастың барымташылары алып кетеді. Қондыбай жылқысын бір жыл іздеп, ұрлықшыларды табады. Қасына Сарманның өзі мен адамдарын ертіп алып Үйсін еліне келеді. Үйсін Жаппастар оларды оңаша ақ үй тігіп күтіп алады. Қондыбай жоқ жоғалтып келгенін айтып жиын ашады. Үйсін биі мұрыннан сөйлеп, сөзге есе бермеуге. Сонда Қондыбай ашуланып: «Ей, жарандар, мынаның не сөзін түсінбейміз, не сөзге құлақ бермейді, мұнан басқа мұрны бүтін біреу жоқ па?», – дейді. Сонда Үйсін би тұрып: «О, Қондыбай, пұшықты таптасаң, мына Сарманды неге өлтіріп тастамайсың?» (Сарманның да мұрны бүтін емес екен). Сонда Сарман тұрып: «Мен немене қарқ боп отыр дейсің, ана мұрны бүтін біреуге жығылмай, менің үстіме «жалп» ете түскенің не?», – депті. Сонда Үйсін жеңілгенін біліп, малын қайтарып беріпті. Қондыбай туысына разы боп «Сарманның сойқысынан сақта!» – деген екен. Ауыс: орайы келгенде ұтымды сөзбен дауды кескен де бір, кішігірім шайқаста жеңіп шыққан да бір дегенге саяды [130].

Әкесін өлтірген Сарғалдақ. Сарғалдақ туарда шешесі қасқырдың бауырына жерік болады. Кейін сол бала аң аулап жүргенде, өз әкесін атып өлтіріп алыпты деген аңыз бар [70].

Екінші нұсқа: Сарғалдақтан тарайтын онтағарлар немесе ешкіемерлер арасында жерге, малға талас болып ағайындылар бірін-бірі өлтіріп алып, содан әкесін өлтірген сарғалдақ деген сөзге қалса керек (онтағар, көрінгенге мін тағар; онтағар оңа ма?) [131].

Онтағар, көрінгенге мін тағар. Ауыс: өз басындағы отты көрмеген, біреудің басындағы шоқты көреді дегендей, үнемі біреуге кінәрат артып, мін тағып, пәле тізбелеу дегенге саяды [131].

Бит қаптаған Сарғалдақ. Сарғалдақ – аңғарымпаз, ақылды, көреген кеңпейіл. Елінен ауып, көшіп-қонып жүргендерге пана, ақылшы дана болып, еңбекке баулып, бауырына баса білген ел. Қара мылтық жанады білтесінен, сарғалдақтың биті көп сіркесінен, – деген жыр жолдары сарғалдақтың қонды екенін дәлелдеп тұрғандай. Өйткені қоңсыз арық-тұраққа бит жолай ма? Майлы қолтық, қарын тойғызар елді кім ұнатпайды [132].

Онтағар оңа ма? Ауыс: мінезге қатысты кемшін тұста айтылады [133].

Отырады жамырап, Топқайыңда Сарыжомарт. Қатонқарағай ауданының қазіргі Топқайың ауылының орнында бұрын ауыл болмай тұрған кезде шағын бір ғана қоныс болған. Сол жерде Сарыжомарт елі бірыңғай жамыраса отырған деген сөз бар. Содан бұл елге біртіндеп басқа ел қосылып, Топқайың ауылын құраған. Бұл сөз осы ауылға, осы руға қатысты жиі айтылады. Бір ашаршылықта Сары тоғыз таңбалы найман ұлдарына 100 бие сойып, тегін ас таратқаннан кейін жомарт атағын алып, содан былай Сарыжомарт атанған [134].

Сыбан руына қатысты тұрақты тіркестер

Байғара – Сыбанның ұраны. Ақтайлақ, Түбек, Сабырбай бастаған Сыбан-Жангөбектен шыққан бүкіл елге белгілі он жеті ақынның түп қазығы – Байғара би, соның бәрі шетінен бидің өз ұрпақтары көрінеді. Қу дауысты Құттыбайұлы Байғара – Сыбан елінің ұраны болған. Содан «Байғара – Сыбанның ұраны» деген мәтел сөз қалған екен [71, 30 б.].

Ел тұлғасын ұстаған, Түзу жолды нұсқаған, Байғарадай би қайда? Байғара би 1699 жылы туып, 1775 жылы 76 жаста қайтыс болған. Кемеңгер М.Әуезов ерекше ден қойған әрі әлі күнге дейін ел аузынан түспей айтылатын Ақтайлақ, Түбек, Сабырбай бастаған Сыбан-Жангөбектен шыққан бүкіл елге белгілі он жеті ақынның түп қазығы – Байғара би, соның бәрі шетінен бидің өз ұрпақтары көрінеді. Әсет ақын Әріппен айтысында: «Байғара он жеті ақын сенен шыққан» – дегенде осы шындықты дәл айтып тұр. Ауыс: бидің философиялық ойға, халықтық шындыққа толы түйінді сөзі, ақындық, шешендік мектеп ұстазының бейнесін танытады. Байғара дана, ел көсемі ғана емес, әулие ретінде де танылған. Ол кісі сыбан елінің ұраны болған [71, 17-18 бб.].

Кісілігім Ақтайлақта, Сопылығым Сәметте қалар. Байғара биден қалған бір ауыз сөз. Байғара би сопылық жолда болғанын өзі де мойындаған. Оған өлерінде «...сопылығым Сәметте қалар (баласы)» деген сөзі дәлел. Бой тазалығының, ой тазалығының шырқау шыңы тариқат сапарының соңы ақиқатқа, ақиқат тазалыққа, яғни періштелікке жеткізбек. Өз көзі жеткен шындықты басқаға дәлелдеп беру, өзгені мойындататын сенімге ие болу –

бойы, ойы таза білімдардың, шешеннің, шебердің ғана қолынан келетін іс. Қазірдің өзінде жаңбыр сиреп, жер шөлдесе, дерт қысып, жан шөлдесе, қиындық туып, ел зарығып, жұрт тарықса, Байғара бидің басына барып, құрбандық шалып, тасаттық береді. Ауыс: адам бойындағы игі қасиеттері баласының бойына жұғысты болуы жөнінде айтылған сөз [135, 24 б.].

Дүние-мүлкін Құдай жолына қойып, қажыға барған Мұрын мен Сыбан. Ауыс: мұрын мен сыбан арасынан қажылыққа барғандар көп шыққандықтан айтылған сөз [108].

Қу дауысты Құттыбай. Семей облысының Жарма, Аякөз, Таскескен аудандарын мекендеп отырған Найман ішіндегі Сыбан руының Жангөбек тармағынан шыққан Нарынбай сөзге шешен, әділ би болған екен. Оның жалғыз баласы Құттыбай қазақ шежіресінде асқан шешендігіне орай «Қу дауысты Құттыбай» деген атпен белгілі болған [136, 4 б.].

Нар дауысты Нарынбай. Ақын Түбектің әкесі Байқошқар Қондыбайдан, Қондыбай – Сатыбалдыдан, Сатыбалды әйгілі Қу дауысты Құттыбайдың бір әйелінен туады, бір әйелінен Байғара туады. Қу дауысты Құттыбай Нар дауысты Нарынбайдан туады. Сыбанның Жангөбек тармағынан Нар дауысты Нарынбай деген атақты адам шыққан. Белгілі тарихшы Мұхаметжан Тынышпаевтің 1924 жылы Ташкентте орысша басылған «Қазақ тарихы» кітабында Нарынбайдың он екі қақпалы Ташкент шаһарының бір бөлігін билейтін Бек болғандығы айтылады. Құттыбайдан Байғара, одан әйгілі Ақтайлақ туып, Сабырбай ақындар тараған [37, 142 б.].

Сақтықты – Сыбаннан үйрен, Момындықты – Мұрыннан үйрен. Сыбан руының қыз-жігіттері Салмақты, жаудан қорғануда өздеріне сақ болған. Ал мұрын руының халқы қой аузынан шөп алмас, жөпшеңкіге көтерілмейтін момын болуы керек. Осы қасиеттеріне орай жоғарыдағы сөз қалыптасқан. Ауыс: өзінде жоқ қасиетті басқалардан жұғыстыр, үйрен, байыпта деген мағынағы саяды [102].

Сыбан қызындай үйде қартайтамысың? Бұл тіркес Найманның бір бұтағы Сыбан елінің ескі әдеті бойынша қыздарын жастай ұзатпайтынына байланысты шыққан. Ауыс: «қыз мұраты – кету» дегендей жасы келген қыз баланы жолынан қалдырып, үйде ұстап отыру лайықсыз іс [137, 333 б.].

Сыбан, Аягөзде өріп жүрген сыған. Аягөзде жиын-тойда отырған қария жан-жағындағы адамдармен танысып, қай елсің? деп сұраса, бәрі Сыбанмын дейді екен. Сонда қария «Сыбан, Аягөзде өріп жүрген сыған» деп елдің бәрін күлдіріпті. Ауыс: Аягөз қаласын негізінен сыбан руы мекендейтіндіктен, сан жағынан басым түсіп жататындықтан сол ортада жиі айтылатын тұрақты тіркес [138].

Түкінің қызы арсыз, сіз де оның ішінде барсыз. Ауыс: Түкінің қызы өжет, еркекшора болса керек, бірде атқа мініп алып, жиылып, әңгіме-дүкен құрып отырған ақсақал аталардың жанынан шауып өтпек болады. Сонда жеңгесі тұрып: «Ей, арсыз, тоқта» – депті. Жеңгесінің қасында тұрған қайын сіңлісі: «Түкінің қызы арсыз, сіз де оның ішінде барсыз» – деген екен. Себебі жеңгесінің елі басқа болса да, Түкі еліне келін болып, балаларының елі Түкі

болып отыр ғой, сондықтан өзіңе тиетін сөзден сақ болғайсың, жіптің ұшы өзіңе келіп тиюі мүмкін дегенді білдіреді [139].

Сыбан, сиырға отыр да сылан. Кейбір сыбан табының адамдары кербез, кірпияздау болғандықтан, кекесін ретінде айтылатын сөз [140].

Жеті Жолымб. Бұл сөзде Мұрын анамыздың өркенін өсірудегі аса кіндікті ұлдардың бірі – Жолымбет туралы. Жолымбеттен Ажығұл, Ажы, Назар, Рақ, Қыдыр, Арызғұл, Қосмұрат аталатын жеті ұл туса, Ақнайманмен сегіз ұлдың қара шаңырағы болған [46, 26 б.].

Сыбанның сары шегірі. Әріптің айтқыштығына ұлы ақын Абай сүйсінгендіктен: «Сыбанның сары шегірі» атаған емес пе. –Арғы атам сұрай қалсаң Сыбан, Мұрын, Жеті ата Жолымбетке құйған нұрын. Кешегі Тана мырза ер Шерубай, Қай қазақ сөз сөйлеген одан бұрын, – деп жырлаған ақын. Орта жүзге белгілі ақын Әріп Тәңірбергенұлы елі мен жерін шабытының аруағы еткен [46, 26 б.].

Тіненнің бес сарысы. Ауыс: Сыбан руының адамы Тіненнің балалары: Есқожа, Тілеміс, Қарақұла, Лау, Жеке – «Тіненнің бес сарысы» атанған батырлар.

Үш сом Жангөбек. Ауыс: бұл жердегі «сом» деген сөз – тұлға, азаматтығы сомдалған тұлға ретінде жұмсалып тұр, яғни азаматтығы елге үлгі болған Жангөбек деген мағынада беріліп тұр [106].

Сыбандай сырдаң болма. Сыбан елі Малтүгел елімен қатты қалжыңдасқан екен. Бір күні Малтүгелдің Тойке деген қажысы Сыбан жігітінің бүркітіне қызығып, қанша құн алатынын сұрайды. Сонда Сыбан жігіті бүркітін бір құлынды бие мен бір боталы түйеге балапты. Бұл сөз сол оқиғадан қалса крек. Ауыс: шектен шыққан пайдакүнемдік жақсылыққа апармайды дегенге саяды [106].

Шоңайдың шотындай. Нар дауысты Нарынбай қайтыс болғаннан бір жылдан кейін бидің орнына лайықты адам белгілейміз деп, игі жақсылар Нарекен аулына келеді. Сонда 13-14 жастағы Құттыбай тайға мініп, қонақтардың алдынан шығып, өз үйіне түсіреді. Нарынбай бәйбішесінен Ожар, Шоңай деген екі ұлы болған, олардың азамат кезі екен. Игі жақсылар халықты жиып: – Нарекеннің орнына Құттыбай лайық десіпті. Оған іштей наразы Шоңай қолындағы шотымен үндемей тобылғыны ұнтақтап шаба беріпті деседі. Ауыс: іштей қарсылықты білдіретін сөз ретінде «Шоңайдың шотындай» деген сөз қалыпты [135, 17 б.].

Сүйеніш пен Сүгіріш, Екі арасы жүгіріс. Өкіреш – найман атасы, Табылар содан жүгініс. Ауыс: ағайынға өкпе жарасқан дейді қазақ, ағайындылар арасындағы өпе-наз үлкеннің араласуымен жайма-шуақталар дегенді білдіреді [17].

Тоғас руына қатысты тұрақты тіркестер

Тобай ұлы орыстан да көп. Ауыс: Тобай табының адамдары бір туысқан аталардан бас жағынан көптігін мақтан тұтып айтатын сөз [14].

Тоғас ертеңін ойлайды, Әлекең Тоғасын ойлайды. Үлкені кішісіне құрмет, кішісі үлкеніне ізет көрсету қазақтың жазылмаған заңдарының бірі [17].

Тоғас ұлы ойшыл, Жұмық баласы сойылшыл. Әр рудың өзіне ғана тән мінез ерекшелігі болатыны белгілі, сондықтан тоғастық ойланып барып, әрекет етсе, жұмықтық әрекетке бірден көшуі мүмкін [17].

Даудың бәрі талас емес, ат мінгеннің бәрі Тоғас емес. Дауды өршеленген таласқа ұластырмай реттеуге болады, ал атқа мінгеннің бәрі басшы емес [17].

Ашыған көжеге мас болған Тоғаспысың? Тоғас Байжігіттен тарайды. Орта жүзден хан сайлау керек болған, бұны хан сайлайды. Бұрынғы қазақ халқы ашыған айранды ішімдік ретінде пайдаланған екен. Сондағы арақ сияқты ашыған ақ көжені хан болып сайланған Тоғас ішіп алып мас болып қалыпты. Бұл жерде қазақ халқының көже дайындауда әртүрлі әдіс-тәсілдерді қолданғандығы, арақ ретінде пайдаланғандығы байқалады. Ал тұрақты тіркестің мәні Тоғас елін басқа елге таныстыруда кекету, күлдіру мағынасында жұмсалыуында [58].

Үш айлық хан Тоғас. Тоғас – Байжігіт руының бір тармағы. Қатаған ханның тұсында құбақалмақ батыры Босмойын деген қалмақ қазақ баласына апат болып тиеді. Қатаған хан: «Кім қалмақты өлтірсе, хандығымды соған беремін», – депті. Тоғастың ұрпағы Анар батыр көкірек керіп шығып, Босмойынды өлтіреді, сөйтіп қалмақтың 3 қызын олжаға әкеліп, бірін Жұмыққа, бірін Қожақұлға, бірін Тоғасқа беріпті. Сонда Қатаған хан «Маған бірін бермеді» – деп өкпелеп, хандығын үш айдан кейін алып алған. Ауыс: бүгінде мысқыл ретінде болмасаң да ұқсап бақ, уақытша болса да кеуде керу дегенді білдіреді [37, 69 б.].

Қонақасы – қазақтың бөлінбейтін еншісі. Ауыс: Тоғас руының ұстанатын қағидасы. Қонақжай қазақ халқының ежелгі салтын берік ұстануына қатысты айтылған [141].

Тауда – Сасан, ойда – Қосан. Орта жүзге әйгілі Тоғас елінің биі Сасан би болған. Сасан би Абайдың әкесі Құнанбаймен тұстас болған. Сасан бидің туа біткен қасиеттері көп болған: от ауызды, орақ тілді шешендігімен, алдағы күнді болжағыштығымен, ел қамын ойлаған көсемдігімен, әділдігімен аты аңызға айналған адам. Қосан да сөзге ұста, шебер дойбышы, суырыпсалма ақындығы да бар би болыпты. Ауыс: даналығы теңдес адамдардың екі жақты бірдей басқарып отыруы [13, 187 б.].

Тоғастың келіні мен қызы пысық болады, Ұлдары мен күйеу жігіттері жуас болады. Ауыс: ел ішінде қалыптасқан салт бойынша, қыз бен келіннің пысық болуы отбасының берекесі, әулеттің абыройы саналған, ал ұл мен күйеу баланың ел тынышта жуас болуы жақсылыққа баланған [122].

Тоғастың киігінен ханның Едігеге берген сыйыты артық болды. Едігенің ұлы Қиғараға Тоғас бидің Нақ есімді қызын атастырыпты. Едігелер жаз шыға Күркілдек өзенінің бойында отырған Тоғас бидің ауылына келсе, елдегі «кәрі қатты – Жәңгір ханның» жалғыз баласы қайтыс болып, сегіз күн өтсе де нәр сызбай, орнынан тұрмай күйзеліп жатқан ханмен бірге халық та күйзелсе керек. Еш адамның сөзіне құлақ аспаған хан Едігенің тауып айтқан басу сөзінен кейін: «Менің өшкенім өнді, өлгенім тірілді. Алып кел малды, қыр да сой. Мен жұртыма беремін зор тамаша той!» – деп, Едігеге сый-сыяпат көрсетсе керек.

Ауыс: тиісті рәсімнен оңынан келген бір ауыз сөздің құнының артықтығын білдіретін бұл сөз осылай тұрақты тіркес болып қалыптасса керек [6, 129 б.].

Ту түбінде тулап өлген Қазымб. Құттымбет баласының жайшылықта момын, жау мен шайқаста жанын олжа көрмейтін өжеттілігі мен ұстамдылығына сеніп, қазақ-қалмақ соғысында бақылап жүрген ендігі нөқта басы Қазымбетке туын ұстатып топ алдында үзеңгілес жүруді ұйғарады.

Қалың қолдың айбынындай туды құлату, ту ұстаған батырды өлтіру екі жақтың да мергенге қойылған нысанасына айналған. Тақымында тудың сабы, қолында найза қылышы Қазымбет бабамыз әлденешеуін жер жастандырған екен. Аңдыған жаудың ашынған тобы қырылғанына қарамай Қазымбетті қоршауға алады. Тұс-тұсынан найза, қылыш сұғылып жатса да, батыр ақырғы қайратын жұмсап, қарсыласып баққан екен. Осы сәтте қалмақ туы құлап, Оранқой ұранды жау кейін шегінеді. Денесіне түскен жарадан қолындағы қаруы жерге түскен Қазымбет, туды қасарып ұстаған күйі ер үстінде тік отырып жан тапсырған. Батыр серіктері өліміне қайғырса да, ерлігіне таңдай қағысқан сонау жорықты жылдардан күні бүгінге дейін батыр даңқы ел аузында. Ауыс: ел үшін ел рәмізін қорғауда жан қияр еңбек сіңірген, ұлт үшін, ұлт намысы үшін қиналған жандарды дәріптеу мағынасында айтылады [46, 95 б.].

Қазымбеттің отауы он үйден аспасын. Құттымбеттің алты ұлынан сегіз Қазымбет, сегіз Орыс аталатын ұрпақ тарайды. Бірде жекпе-жекте опат болған қалмақ Қаранайдың кегін қуып жүрген әйелі Таңшебер майдан даласында жүздеген жауынгерлермен бірге қолға түседі. Қазымбет батыр әйелден туған ұрпағым осал болмас деп Таңшебермен неке қиғызады. Одан Келдібек, Жаулыбай, Майлыбай атты үш ұл туып, бүгінгі ұрпақ осы үш ұлдан тараған сегіз ұлдан өрбіп, өркен жайған. Бірнеше жылдардан кейін Таңшебердің Қаранайдан туған баласы Қабек жасанған қолмен ел шетіне келеді. Таңшебер қантөгісті болдырмау үшін өз еліне, яғни қалмақ жеріне кететін болып шешеді. Қазымбет Таңшеберді он қыздың ұзатылуындай салтанатпен шығарып салынуын бұйырады. Ауылдан қош айтысып ұзап бара жатқан анасына Келдібек атты ұлы садақ кезене бергенде, інісі Жаулыбай садағын қылышпен кесіп түседі. Шешесі өкпелеп «Отауың он үйден аспасын» деп теріс бата беріп кетеді екен. Содан бері Қазымбеттің осы ұрпағының ұрпақтары он үйден асар емес. Ауыс: ұнамсыз, ұят қылығы үшін теріс бата алғандықты, елге, ағайын-туысқа қадірсіздікті білдіреді [46, 98 б.].

Тоғалақ руына қатысты тұрақты тіркестер

Тоғалақ келді деп жардан құлаймыз ба? Тоғалақ елі Барқытбел тауында қоныс тепкен. Олардың бойлары аласа, өздері жылдампос болған. «Тоғалақ» келді деп жардан құлаймыз ба? – деген қалжың сөз ел аузында қалған. Ауыс: ел ішіндегі болып жатқан оқиғаның барлығына құлағы түрік жүретіндіктен, олардан сескенудің де болатыны рас. Сондай жағдайда, жасырып қалуға реті келмей қалғанда айтылған сөз [97].

Тоғалақ, неғып жүрсің жағалап? Ауыс: Тоғалақ елі бәрін білгіш, бәрін көргіш ел. Олар елдегі барлық жайды біліп жүретінге ұқсайды. Не нәрсені де біліп, білмесе аңдысын аңдуға деген құмарлықты білдіретін сөз [119].

Тоғалақ, қайда жүрдің домалап? Ауыс: Тоғалақтардың көбінің бойлары аласа, тіпті кішкентай деп айтса да болады. Өздерінің дене бітімдері ірі болған. Бой аласалылығы мен дене толықтығы, домалаңданып көрініс беретіндіктен ел оларды: «Тоғалақ-домалақ» немесе «Тоғалақ, қайда жүрдің домалап» деп атап кетсе керек [118].

Төбесіз жер болмас, Төртуылсыз ел болмас. Төртуыл руы, табының адамдары басқа таптарға қарағанда сан жағынан басымырақ болғандықтан, ел арасында жиі айтылатын сөз. Ауыс: істің тетігі соған қаратылды дегендей сөз [118].

Төртуылға төрт қой, төбесіне өрт қой. Ауыс: Төртуыл руы Ұржар ауданының Мирный ауылын мекендейді. Найманнан тарайтын бұл тап саны жағынан көп деп есептелген. Төбесіне өрт қойсаң да көбейе береді дегенді білдіреді [118].

Төртқара болсаң, үйге сыймайсың. Ауыс: баяғыда Төртқара руының бір жігіті жолаушылап келе жатып, түн батқасын бір үйге келіп есік қағып кімсің деген үй иесіне «төртқарамын» деп жауап беріпті. Сөйтсе үй иесі сараң болса керек, сыймайсың депті. Ауыс: төрт қара, яғни қарасы көп, сондықтан бір жерге барлығы сыйып кетуі неғайбыл дегенді білдірсе керек [96].

Тума руына қатысты тұрақты тіркестер

Көбелдестер би болып, Көппен кеңес құрған жер... Көбелдес шешендігімен тоғыз туманы аузына қаратқан. Ол күнде Қарақұм, Қарақолдағы Туманы Қоңыр төре билеген. Қарақұм – қасиетті құтты мекен, қыста қара жататын. Қызыл изенді, ақ отты қалың сексеуілді, төрт түлікке Жиделі – Байсын атанған. Осындай қонысты төре билігінен толықтай өзіне қаратып алу үшін Тума көп жыл тартысқан ақыры амалын асырып өзіне қаратқан.

Тумада Жаментіктей көсем бар ма,
Көбелдес, Биболдайын шешен бар ма.

Баласы Қарабастың түгел тұрсаң,

Басқаға кетер сенің есең бар ма! (Жанақ ақын). Ауыс: көпшілікпен араласа-құраласа жүріп, өз елінің мүддесіне орай шешім шығартып отыру [142, 100 б.].

Тоғыз тума. Тумадан Ақша, Тілеуберді туған. Ақшадан алты ұл – Үкі, Қарабас, Қисық, Қылыш, Иман, Мәнду. Тілеубердіден үш ұл – Шолпанқұл, Балпанқұл, Базарқұл. Алты Ақша, Үш Тілеубердіні қосып, Тоғыз Тума дейді [37, 179 б.].

Туматай туыс, Көті қуыс, Бәрін жиып бір–ақ уыс. Ауыс: Туматай Қытай жеріндегі ел. Таудың арғы бетінде отырғандықтан қашқан, қуған, қырдан түскендердің барлығы сол елді паналап, сол елдің құрамында болған. Егер Туматайлардан келіп қосылғандарын бір ажыратып, бөліп қойса, Туматай бір–ақ уыс қой дейді екен, яғни негізгі қоныс иесі туматайлықтардың санының аздығын айтады [119].

Тума десе, ерегесіп туған. Ауыс: мұның мәнісі, қандай соғыс болғаны белгісіз, әйтеуір орыс елдерімен шабынды соғыс кезінде туманың бір әйелі толғатып,

найза ұстаған ерлерінің, ауыл, көш бастаушы ақсақалдардың жұмыстарына бөгет болған екен. Сонда уақсыз-уақта, жаумен соғысып жатқанда, оқапта, аяқ астынан «тума десе, туып қалған» дегенге саяды [58].

Тума туыс арты қуыс. Қолға салсаң бір-ақ уыс. Ауыс: Тумалықтар өте қаншыл болған. Мереке болса бәрі жиылады екен. Жиылғанда бәрі бір бөлмеге сыйып кететіндіктен осы сөз қалса керек [104].

Тума, Туманың ішінде қума. Тума елі адамдарының кейбір іс-әрекеттері мен қылықтары қалыпты жағдайда қабылдауға оғаштау болып көрінетіндіктен осы сөз қалса керек [104].

Тұзақшыдай ел болмас, Зайсанға жетер жер болмас. Ауыс: әркімге өз жері, өз елі ыстық [143].

Шоңмұрын руына қатысты тұрақты тіркестер

Қарақайың қыздары жақсы, Шоңмұрынның жігіттері жақсы. Ауыс: Катонқарағай ауданындағы елдімекен атауы. Тағдырдың тоқайластыруымен қатар жүрген елдің қыз-жігіттеріне деген ризашылықтарын білдіретін сөз [70].

Мақтаншак Шоңмұрын. Шоңмұрынның бірі керейлерге қонаққа барады. Олар: «Еліңнің үлкені кім? Игі жақсылар бар ма?» – деп сұрайды. Сонда әлгі адам: «Елімде Иса, Мұса дегендер бар. Содан кейін өзім», – деп жаман етігінің қонышын тартып қалғанда, ұлтарағы сөгіліп кетіп, санына бір-ақ келіпті, – дейді. Ауыс: Катонқарағай ауданындағы белді рудың бірі әрі атақты, белгілі адамдары өте көп болғандықтан, шоңмұрындықтар өткен-кеткендерін айтып, мақтан тұтып отыратындықтан айтылған [144].

Түтінге шапқан шоңмұрын. Бірде дөң басында атқа мінген ауыл жастары қалжыңдасып әңгімелесіп тұрса керек, таудың арғы беткейінен қалың түтін шығып жатады. Әлгі жігіттердің бірі: «Мынау не түтін» деп сұрайды. Сонда жас жігіттер қалжыңдап, «Ас беріп жатыр, түрлі ұлттық ойындар өткізіліп, қара қазанға ет асылып жатыр», – депті. Әлгі шоңмұрынның жігіті түтінге қарай бет алып, шаба жөнелді. Алып-ұшып, жетіп барса, әйелдер қауымы түрлі шөптерден (алабота, жусан) қайнатып, сабын жасап жатыр екен. Жігіт сасып, күлкіге қалады. Осыдан соң «түтінге шапқан шоңмұрын» деген сөз тарих қойнауына енеді. Ауыс: дәметіп, малданып барғаны бос жүріс болды, құр түтінге шапқандығын, құр алақан қалғандығын және құрдастар арасында күлкіге ұшырағандығын білдіреді [144].

Түтінге қақалған Шоңмұрын. Ауыс: істің жөнін, ретін таба алмағандықтан, қырсыққа шалыну, күлкіге ұшырау [129].

Шоңмұрын биі Шөгелді-ай, сөйлер сөзге келгенде, жорғадай есіп жөнелді-ай! Ауыс: сөйлегенде тайпалған жорғадай мінсіз, шешер дауға келгенде алмастай өткір қылыш, ел ішіндегі атақты, Қаратайдың белгілі биі жөнінде айтылған сөз [109, 271 б.].

Қара Шөгел. Қаратайдың «Қара Шөгел» атанған әділ де ақылды, атақты Шөгел деген биі [109, 271 б.].

Шоңмұрын келеді шоғымен, Кешегі ішкен қара көженің тоғымен.

Көптігін содан біл, Бұқтырманы бөгеген боғымен. Ауыс: Бұқтырма ағысы қатты, буырқанған, ағысы жылдам өзен. Осындай өзенді бөгеген шоңмұрынның көптігін содан біліңіз [103].

Тас лақтырсаң, Шоңмұрынға тиеді. Ауыс: Қаратай елінің табы Шоңмұрын өсіп-өнген, жанды-жақты, белді таптың бірі, әрі Катонқарағай ауданында тұтаса қоныстанған. Сондықтан Шоңмұрынның көптігіне орай айтылған сөз [145].

Келдіғұл кедейіне өш. Алтыбай-Бураның биі, Келдіғұл тармағынан шыққан Тоғалақ Байболатов деген кісінің «Аздың атасы, көптің батасы бір», «Келдіғұл кедейіне өш», «Өлер кедейдің өлгенінен жоғалып кеткені игі», «Құрбыңнан озғанды, құдаңнан байқаймыз» деген мақал-мәтелдері бар. Ауыс: кедейлік, жүдеулік көп жағдайда еріншектікпен, қырсыздықпен қатар жүретін болғандықтан, қыры кеткендікті сынау, әжуалау мақсатында айтылған [39].

Боқ жеген Кәлім. Ауыс: құрдастар бәстесіп, алтын таяқшаның бір жағына боқ жағып, кәлім табының жігітіне алдап жалатқызып, бәсіне ат-шапан алса керек. Содан «боқ жеген Кәлім» аталып кеткен [124].

Қараменде, Құлетек, жиған тезек бір етек. Бір атадан тараған бұл екі ел өте тату болса керек, тіпті тезекке дейін бөлісіп жаққан. Ауыс: шағын, жинақы, тату.

Жалайырдың жаласына қалғанша, найманның таяғына қал. Ауыс: жалалы болып, басың бәлеге қалғанша, бір рет таяқ жеп, тыныштал мағынасын береді [126].

Бікенге қонғанша, тікенге қон. Ауыс: қонақжайлылықтан хабары жоқ адамға қаратыла айтылады [126].

Қыдыралы Құлшанның көшіп кеткен жұртына қон. Қыдыралы Құлшан бидің он бір ұлы болып, сол он бір ұлдың үстіне тағы он бір ұл асырап алса керек. Өскен ұрпақ болғандықтан, көші– қон кезінде өкше ізін басып келе жатқандарға азық болсын деп, қазан-қазан ет пісіріп, дастарқанды жаюлы күйінде қалдырады екен. Ауыс: жомарттық жоралғысы ретінде айтылады [126].

Өз, өз-өзінен мәз. Найман – қарауыл жасақ – мәз. Өз табының адамдары көп жағдайда, өздерімен өздері болып, жел сөзге қосылмай, көпшіліктің ауанына жығылмай, іш пікірі ішінде болатын байыпты жандар болса керек. Ауыс: біртоға, діншіл, көпшілікке сырын шашпайтын адамға қаратыла айтылады [146].

Найман тайпасының атақты адамдарының аттарынан қалыптасқан тұрақты тіркестер және нақыл сөздер

Арап сайы. Арап – қазақ-қалмақ соғысында аты шыққан соғыста тоғыз бірдей ұлынан айырылған Жиенұлы Кешу батырдың немересі, атақты көкжал Барақтың жиені. Араптың батырлығы, қайсарлығы, жауына деген мейірімсіздігі аталарына тартса керек. Араптың атақонысы қазіргі Ақсуат ауданы, Карл Маркс кеңсарының Кіндікті селосы мен Сарбұлақ елді мекенінің ортасындағы «Арап сайы» деген жерде. Арап батыр болған адам. Арап есімі бүкіл қыржының ұранына айналған [38, 55-58 бб.].

Айтақтай ұл туар, Ардагердей ат тумас. Тума Шыңқожа батырдың ұлы Айтақ Ардагер деген атымен, жоңғарға тұтқынға түскен [147, 249 б.].

Әдеттің алты қасқыры. Әдеттің алты ұлы өжет, ер-жүрек батыр болғандықтан қасқырға теңеген. Және олардың аттарын жеке-жеке атамай, бір тіркес ретінде «Әдеттің алты қасқыры» деп атаған болу керек [136, 86 б.].

Қазақта Қабанбайдан асқан батыр жоқ, Төледен асқан би жоқ. Қабанбай батыр жанкешті ерліктері үшін Абылай ханнан «Хан батыр» және «Дарабоз» деген атақтар алған. Көзі тірісінде-ақ халық сүйіспеншілігіне бөленген. Өткендегі тарихи тұлғалар туралы қисса-дастандардың ең көбі Қабанбайға арналған. Сол сияқты Төлебидің де шешендігі, кемеңгерлігі үш жүзге тараған [71, 22 б.].

Барақтың Тойбикесі мен Жолбикесі. Барақ батыр жолға шыққанда бір әйелін «Керек тастың ауырлығы жоқ» деп ертіп жүреді екен. Барақтың әйелдері көп болыпты. Оразымбет деген батыр Бараққа: «Ей, тәйірі, Барақтың да адам сияқты қалың төлеп, айттырып алған қатыны Тойбике ғана. Басқаларының бәрі тегін олжадан түскен Жолбикелер ғой», – депті. Ауыс: қыздың жолы жіңішке дегендей қыз бала өз ретін, қалыптасқан жөн-жоралғыны сақтамаса, көрінгеннің қол жаулығы іспеттес болып та кетуі мүмкін [64, 394 б.].

Бармақ мырза. Шыңқожа батырдың Бармақ немересі. Жасынан ерке өсіп, сәнді үлгімен киініп, қасына көп жолдас ертіп, сейіл-серуен құрған. Бармақтың 3000 жылқысы жайылған кең қоныс, мол суат күні бүгінге дейін «Бармақтың құмы» деп аталады. Біреу жылқының жауы сонаның тоғызын қылға тізіп әкеліп, Бармаққа тарту етеді. Атасы Тоғыз туманы ишара қып әкеп отыр-ау деп, Бармақ әлгі адамға тоғыз байталға сәйгүлік айғыр қосып берген екен. «Қозы Көрпешті» жырлаған Жанақ ақын Бармақтың мырзалығы мен кісілігін Орта жүзге жайған. Шығыс Қазақстан өңірінде Бармақ мырза, Тана мырза, Құнанбай да мырза атанған [147, 179 б.].

Береген Белгібай. Найманнан тарайтын Байбөрінің Қыдыралы бұтағынан жарқын үмбетіндегі Алдабергеннің Белгібайы белді азамат болыпты. Жазушы Қалмұқан Исабаевтың тауып, «Қазақ әдебиеті» газетінде жариялаған дерегіне қарағанда, Белгібай Алдабергенұлы М.Дулатовты патша түрмесінен 2 мың сом залог беріп, бір-екі күнде шығарып алған. Бұл болса ол күнде толық екі айғыр үйір жылқының құны екенін ескерту керек. Нақ осындай жомарт, бергіш қылықтары үшін ол «Береген Белгібай» атанған [8, 134 б.].

Бес бөрі. Шыңқожа батырдың ұрпағы Бармақ биден Бектұрған, Бектұрғаннан бес ұл туған. Бұларды «Бес бөрі» деп атаған. Олар: Көбентай, Бадан, Тортай, Бытыке, Жабық [37, 194 б.].

Билік айтса, Құлшыгеш, Атанның да құнын кеш. Би деген дәрежеге лайық болған адамдар әрқашан аталы сөздерімен, іс-әрекеттерімен ел бірлігін сақтауға күш-жігер, ақыл жұмсаған. Қара қылды қақ жарған әділ, терең ойлы, аса сабырлы, дарынды, иманды, мол ақыл иесі, сөзге шешен, халқы үшін қабырғасы қайысып қызмет еткен ұлдарына ғана Би деген атақ берген. Міне, сондай бидің бірі – Қаракерей Қабанбайдың Мәмбет ұрпағынан шыққан Құлшыгеш Еділбайұлы. Құлшыгеш 1877 жылы Мақаншы ауданы «Үлкен Арқалды» тауындағы қыстақта туған. Зор денелі, қызыл шырайлы адам болған.

Сөзге шешен, сабырлы, мол ақыл иесі Мәмбет елінің биі болып төрт рет сайланған. Әділ билігімен халыққа жаққан. Көрші елдермен, Тума, Байғана, Болатшы руларымен береке-бірлікте болып, ел бірлігін сақтаған, беделді би болған. Халық арасында: «Билік айтса, Құлшығеш, Атаңның да құнын кеш» деген нақыл сөз – биге берілген зор құрмет, сенімнің айғағы болған [37, 198 б.].

Билікті ең әуелі Бәйел айтсын, Бәйел қате дегенге дәлел айтсын. Ауыс: Бәйел би әділдігімен өмірінде өзіндік ізін қалдырған, ел құрметіне ие болған, төрт рет би болып сайланған. Руы – Тума. Ел ішінің бірлік-берекесі үшін ерекше ықпал еткен би болыпты. «Билікті ең әуелі Бәйел айтсын, Бәйел қате дегенге дәлел айтсын», – деген сөз қалған екен [37, 201 б.].

Емші құда. Түрлі аурулардан азап шеккен адамдарды емдеп, Шығыс Қазақстан, Талдықорған өңірлеріне есімі әйгілі болып, атағы жер жарған емші-әулие Ырғызбай Досқанаұлы, Ақсуат ауданының Күмісті деген жайлауында 1787 жылы туып, 1850 жылы 63 жасында қайтыс болған. Тобықты елінің көбі Ырғызбай әулиенің атын тура атамай осылай атаған екен [38, 211 б.].

Жауды батыр қашырды, жақсы аты Бараққа қалды. Ауыс: негізгі істі атқарушы көпшілік болса да, аты басқарушыға немесе белді адамға қалады дегенге саяды [21, 68 б.].

Жақсы да болса қарағым, Жаман да болса қарағым. Солтабай төре бере ме, Жақсы туған Барағын. Ақтайлақ би Дулаттың әкесі Бабатайға: «Солтабайдың Барағы әкесінен өте туып, ел билеп аға сұлтан атанды. Айбарынан ешкім аса алмады, алыптығына да жан тең келтірмеді. Батыр атанып, қол бастады. Ал сенің ұлың Дулат қолында бар дәулетіне ие болмай, ел кезіп, сөз қуғаннан аса алмады. Әкеден кете туды деген осы», – дегенде, Бабатай жоғарыдағы сөзді айтқан екен. Ауыс: кім болса да, қандай болса да өз балам, біреудің баласы біреуге бала болмасы анық дегенді білдіреді [136, 23 б.].

Жәлмәмбет, жалмандамай арман кет. Ауыс: кейбіреу шығар жерде шыдамсыздық танытып, қомағайлық көрсетіп, берекесіз іске басқанда айтылатын сөз [100].

Жеті арыс ел (Арғын, найман, қыпшақ, қоңырат, керей, уақ, тарақты). Қазақтың ауызекі шежіресі бойынша, Жанарыстың екі әйелі болыпты. Бәйбішеден туған төрт бала: Қарақожа, Аққожа, Ақтамбердіқожа, Дарақожа. Қарақожадан - Арғын, Аққожадан – Найман, Ақтамбердіқожадан – Қыпшақ, Дарақожадан - Қоңырат, тоқалдан туған Есімқұлқожа мен Қасымқожаның біреуінен – Керей, екіншісінен – Уақ рулары жайлаған «Орта жүз - алты арыс ел» саналады. Шежіреші А.Сейдімбекұлы Орта жүзді жайлаған жетінші арыс қылып Тарақтыны қосады. Сондықтан Орта жүз Тарақтымен қосылып, «жеті арыс ел» аталған. Бұлардың ең ірісі Арғын тайпасы болғандықтан, халық арасында «Орта жүз – Арғын» деп те атайды. Ата-баба салты бойынша, арғын аға баласы саналып, жол-жоралғыны, тарту-таралғыны өзгелерінен бұрын иемденуге қақысы бар [38, 13 б.].

Жеті атасынан қаракөк арылмаған. Жеті атасынан қаракөк арылмаған ұрпақты дүт деп атаған. Мысалы, Бес Байыс руында «Дүт» екі-ақ жерде:

1.Сыбанда Нарынбай, одан Қу дауысты Құттыбай, одан Ақтайлақ, одан Сабырбай. Бұлар осылай жалғаса береді. 2.Мұрында Қарымсақұлы Төле, одан Ермек, одан Ағыс, одан Байдалы, одан Смайыл, одан Райымбет, одан Жүніс – жеті атаға ұласқан билік (яғни «Дұт»). Бұлар елдің шексіз сеніміне ие болып, өле-өлгенше билік жүргізген. Ал олар қартайған шағында өзінің балалары мен інілеріне елді өзіндей тең, әділ ұстай алатын би болуға бата берген. Ауыс: ұрпақтан– ұрпаққа жалғасып, ғасыр аралаған, босағасынан ырыс кетпеген әулет дегенді білдіреді [37, 138 б.].

Көкте – құдай, жерде –Құлбай. Боранбай бидің төртінші ұрпағы Құлбай үздіксіз 24 жыл Ажығұл еліне болыс «Ақылы асса, аға тұт» деген мәтелді қолданып халық Құлбайды әр жыл сайын үздіксіз сайлап отырған екен. Боғас руының ішінде де, сыртында да осы мәтел айтылса керек. Ауыс: бұл жерде қаһарлы, қатал басшы емес, керісінше қамқоршымыз – көкте Құдай болса, жерде – Құлбай деген қарауындағы елдің сүйіспеншілігін білдірсе керек [71, 142 б.].

Қазақтың қара тілдісі. Қара тілдің шешені. Халық атасы. Ақтайлақ озық ойлы шешендік толғау өлеңдерімен, парасатты биліктерімен «Қазақтың қара тілдісі», «Қара тілдің шешені», «Халық атасы» атанған. Ақтайлақ Байғараұлы 1720-1816 жылдары өмір сүрген қазақ ақыны. Алқалы топты аузына қаратқан білгір би, ақиық ақын болған. Найман руының сыбан табынан шыққан [37, 135 б.].

Қаратеке, Арысын Қырғыз шауып, Қан жұтты Қаракерей ер Қабанбай. Шежіре бойынша, Байжігіттен Тоғас, Жұмық, Мәмбет, Қаратеке, Арыс деген аталар тарайды. Бұлардың ауылдары қазіргі Талдықорған жерінде көшіп-қонып жүреді екен. Бір жылы ар жағынан қырғыздар шауып, әлгі екі аталықтың бас көтерер адамдарын түгел қырып салады. Жас қыздар мен балаларды тұтқынға әкетеді. Жоғардағы айтылған мәтел осы оқиғаға байланысты шыққан [44, 256 б.].

Қабанбайдың жеті ұлы – жеті жұлдыз, Назымы жалғыз. Қабанбай батыр (Ерасыл, Ізбасар) Қожағұлұлы (шамамен 1691-1769) Абылай ханның бас батыры, XVIII ғасырда Жоңғар шапқыншылығына қарсы күресті ұйымдастырушылардың бірі, қазақтың біріккен қолының Бас қолбасшысы, жекпе-жекте жеңіліп көрмеген халық қаһарманы, ел азаттығы жолында күрескен киелі батырлар әулетінен. Оның атасы Мәмбет те, әкесі Қожағұл да, Қожағұлдың әкесі Күшік те өз заманының аты шыққан батырлары болған. Қабанбайдың Үмбетай, Кішкентай, Сырымбет, Едіге, Байтық, Мойнақ, Әлі деген жеті ұлы және қызы Назым болған.

Жеті Қабанбай бір Назым немесе Қабанбайдың жеті ұлы – жеті жұлдыз, Назымы жалғыз және жеті Қабанбай деп атанған.

Жеті Қабанбай, сегіз Әлі. Қабанбай батыр (Ерасыл, Ізбасар) Қожағұлұлы (шамамен 1691-1769) Абылайханның бас батыры, XVIII ғасырда Жоңғар шапқыншылығына қарсы күресті ұйымдастырушылардың бірі, қазақтың біріккен қолының Бас қолбасшысы, жекпе-жекте жеңіліп көрмеген халық қаһарманы, ел азаттығы жолында күрескен киелі батырлар әулетінен. Оның атасы Мәмбет те, әкесі Қожағұл да, Қожағұлдың әкесі Күшік те өз заманының

аты шыққан батырлары болған. Қабанбайдың Үмбетай, Кішкентай, Сырымбет, Едіге, Байтық, Мойнақ, Әлі деген жеті ұлы және қызы Назым болған.

Жеті Қабанбай бір Назым немесе Қабанбайдың жеті ұлы – жеті жұлдыз, Назымы жалғыз және жеті Қабанбай, сегіз Әлі деген тұрақты тіркестер қалыптасқан [148, 154 б.]. Сегіз Әлі деп аталатыны Әлі жоңғардың соңғы ханы Әмірсананың Мәней деген қызын алып, одан бес перзент көреді және оның басқа әйелдерінен де үш, барлығы сегіз баласы болады, сондықтан «сегіз Әлі» атанса керек. Орта жүз найман тайпасының ішінде Қаракерей табының Байжігіт атасына жатады.

Наймандай ел болмас, Қабанбайдай ер болмас. Найман тайпасының Байжігіт тармағынан Қабанбай, Дәулетбай т.б. сияқты атақты батырлар шыққандықтан да сый-құрмет алдымен байжігіттерге, сосын наймандықтарға көрсетілетін болған, яғни бұл сөз ел-жұрт алдындағы белгілі бір қадір-қасиетіне қатысты айтылған уәж [17].

Садырбай, Жақас туысқан, намысқа белін буысқан. Бір атаның адамдары бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығара білетін берекесі берік дегенге саяды [17].

Төбет ұрды дегенше, дауды жеңді де! Ауыс: Төбет би, өте білгір, шешен [96].

Төбет – елге айбар, жауға бөгет. Арғын-найман арасындағы атақты Қаз дауысты Қазбектің баласы Бекболат би Төбет биге мынандай сұрақ қойыпты: – Найманның батыры – Қабан, сұлтаны – Барақ, биі – Төбет келетіні несі? Мұның өзі жай ма, жоқ аттарың заттарыңа сай ма? – депті. Сонда Төбет би бөгелместен: «Екі аяқты, төрт аяқты, қос қанатты» деп жіктелгеніміз болмаса, әкең Қазбектің дауысы қазға ұқсар ма еді? Батырым – Қабан болса, қалмақты қамыстай қырған шығар. Сұлтаным – Барақ атанса, қотанын қасқырға бермей алысқанын алып ұрған шығар. Ал менің атым – Төбет, еліме айбар, жауыма бөгет. Сырттағы ел басынбасын, ешкімнің сөзін басынан асырмасын деп қойған болар,– депті. Содан Бекболат жеңіліп, Төбет би осылай өзін таныстырыпты.

Қисық хан. Өз заманында халық арасында «Қисық хан» атанған Көкпекті дуанының алғашқы аға сұлтаны – Қисық Тезеков. Бүкіл Семей өңірінде аға сұлтан болған екі адамның бірі Құнанбай, екіншісі – Қисық [37, 64 б.].

Қонақ біреу болса, Жанұзақпен екеу. Жанұзақ Шынан баласы – Байжігіт руының Жұмық тармағынан шыққан. Бүгінгі Шығыс Қазақстан облысының Тарбағатай ауданында туып-өскен. Ауыс: жасынан сөзге үйір Жанұзақ ауылындағы бір үйге қонақ келіп қонса, ескі сөз естімек үшін сол қонақтың қасынан түні бойы кетпейді екен. Сол себепті «Қонақ біреу болса, Жанұзақпен екеу» деген екен [44, 256 б.].

Мәкиле дарасы. Қаракөлден ары, Мұзтаудан бері Мәкиле дарасы деген үлкен жайлау бар (қазір Ресейге қарайды). Қаратай елінде бетің-жүзің демейтін, ешкімнің көңіліне қарамайтын, сөзі қылыштай өткір, қорғасындай салмақты Мәкиле дейтін атақты би болған (найман) [149, 14 б.].

Тана мырза. Тана мырзаның әкесі Тілеміс өз руының ақылды да дәулетті, өз ортасында сыйлы адам болған. Содан да болар, Тана өз кезегінде заман ағымын

аңғарып, алдын болжай білетін зеректігімен де өз қатарластарынан алдыңғы қатарда көрінген. Кедей-кепшікке аса қайырымды, мейірімді, қолы ашық болғандықтан, оның есімі құр ғана Тана емес, Тана мырза аталатын болған [13, 506 б.].

Төйкеден ұл туыпты, ел үшін күн туыпты. Төйке қажы баласы Ақшайықтың ел үстіне ағайыны қол бастап жау боп келгенде, ел састы, етек басты, басқа күн туғанда апатты сейілткендігіне қатысты осы сөз қалыпты. Елдің берекесін аман сақтап қалған Ақшайық кейінде Найман баласының бұлбұлы атанған. Ауыс: әр заманда маңдайында жұлдызы жарқыраған, елім деп еңіреген ерлер аз болмаған [46, 177 б.].

Түбек базы. Түбек (Байқошқарұлы) ақын қазіргі Жарма ауданы «1-Май» кеңшары орталығынан 40 шақырым қашықтықтағы «Қарабұжыр» деп аталатын атақоныс қыстауында дүниеге келген. Бүгінде ірі қара орналасқан сол жер «Түбек базы» аталады. Ақын 1870 жылы жүзге жетіп, қартайып өлген. Түбек – қазақтың әйгілі айтыс ақыны. Өз дәуірінің ең бір аты шулы, бүкіл Арқа мен Жетісу өңірін ән мен жырға бөлеген, талай алқалы тойлардың сөз сайысында тыңдаушысының жүрегіне нұр құя білген арқалы өнер иесі болған [37, 141 б.].

Шайкөздің берекесін берсін, Мүлкаманның мерекесін берсін. Шайкөз ақыл-парасатымен, кемел азамат ретінде күллі ағайындарының құрметіне бөленіпті. Шайкөз тегінде қасиетті адам болса керек. Өйткені ел– жұрты басын қоса қалса, бата бергенде «Шайкөздің берекесін берсін, Мүлкаманның мерекесін берсін» дейді екен.

Кененің өретасы. Кене сегіз ағайынды Жәментіктің үлкені (тума) ХІХ ғасырдың жетпісінші жылдарында Россия-Цинь империяларының шекара жігін белгілеуге қатысқан билердің бірі. Оған осы үшін Қытай жерінен «Кененің өретасы» атанған арнаулы қоныс сыйға берілген» [147, 33 б.].

Ата су – Манақыдан келгендей-ақ сөйлейді. Бір жылы бидің алдына бір даукес адам келеді. Ол аптығып, күпірлене сөйлеп, бидің алдын орап, басқаларға да есе бермепті. Сонда би «Атасу – Манақыдан келгендей-ақ сөйлейсің ғой» деген екен. Осы сөз кейіннен сол төңірекке мәтел ретінде тарап кетіпті. Атасу мен Манақы қазіргі Жезқазған облысына қарасты Ұлытаудан ағатын екі өзен екен. Алтыбай-бура руы жоңғар шапқыншылығынан кейін Арал теңізінен бірте-бірте атамекеніне қарай жылжып, осы екі өзеннің бойын ұзақ жылдар қоныстаныпты. Ата-бабаларының сүйегі де сонда жатса керек. Ауыс: жол-жоралғы жағынан артықшылығы бардай немесе өткізіп қойғаны бардай ділмарсып, көсемсіп сөйлеп отырғанға қаратыла айтылады [39].

Бер деп еді Сұбхан, бермей қойды сұлтан немесе бер деп еді сұлтан, бермей қойды Сұбхан. Бұл мәтел Алтыбай - Бура елімен көршілес Матай руының жекелеген бөлігін билеп - төстеген Ханбабаұлы Дастан төреге арналыпты. 1844 жылы Орта жүздегі сегізінші дуан болып, Көкпекті сыртқы округінің ашылғаны белгілі. Жаңа округке аға сұлтандыққа жұрттың басым көпшілігі Досан төрені ұйғарыпты. Алайда Омбының генерал-губернаторы, мұрын еліндегі Қожакелді батырдың заңсыз атылуына байланысты (бұл өз алдына жеке тарихи оқиға) аға сұлтандыққа сол рудан шыққан Қисық Тезековтің кандидатурасын жақтапты. Сөйтіп, Досан төре биік лауазымнан махрұм қалыпты. Аға сұлтандыққа

сайлану мерзімі 5 жыл. Келесі сайлауда Қисық орнынан түсіп, генерал-губернатор Досан төренің халық алдындағы зор беделін есіне алып, енді соның кандидатурасын ұсынбай ма. Өкінішке орай, қартаң тартқан төренің хал үстінде жатқан кезі екен. Омбыдан жақсылық хабар жеткенде мәңгілікке аттанған ғой. Ауыс: Сонда Тоғалақ би аталы сөз қалдырыпты. Мұнысы: «Сұбханның» алланың бір есімі екені белгілі. «Сұлтан» дегені Омбының генерал – губернаторын тұспалдап сұлтан деп ұқсастырып айтқаны [39].

Құлақайға күлмегеннің аузы қисайып кетеді. Құлақайдың өмірі күлкімен басталады. Құлақайдың істері әлі күнге дейін жалғасуда. Құлақайдың жай түрінің өзі кісі күлерліктей. Оның кейпінің өзі – ыржалақтап күліп тұрған адам секілді. Құдайым анадан туғанда-ақ оған ондай сұқытты сыйлаған: қалқан құлақ, тарбақ танау, қысық көз, жайын ауыз. Қыран-күлкі, сайқы-мазақ, оның күлкісі кейде рақымсыз қатігездікке де баулиды. Бұл оралымның айтылуы, оның ісіне не күлерінді, не жыларыңды білмей тыржиып, дал-дұл боласың. Бірақ оның қылығының қызықтығы жеңіп, күлкіге бой бересің. Сол себепті «оған күлмегеннің аузы қисайып кетеді» дейді халық [50, 82-83 бб.].

Құлақай қу. Құлақай – мұрын ішіндегі 7 Жолымбеттің Қыдыр атасынан шыққан. Ал, жастан ұстанған жолы мен қуған кәсібі жағынан Қожанасыр мен Алдаркөсеге туыс боп келеді. Оның жүрген жері - әзіл-оспақ, келеке-күлкі. Солар үшін осы елден «Құлақай қу» деген атақ алған. Құлақай асқан қу ма, кесіп айту қиын. Сірә, соның екеуі де бар болса керек. Құлақайдың азан шақырып қойған шын аты - Елеусіз. 7 жасында «Құлақай» атанған. Өзі ауыл ақсақалының еркелеу немересі болса керек. Мал сойған үйге атасымен ере барып, ылғи құлақ жеуге дәндепті. Бірақ ауылда мұндай молшылық күнде бола бере ме? Мал сойылмайтын, ақсақалдарды ешкім қонаққа шақырмайтын күндер де болып тұрады. Сол кезде 6 жасар Елеусіз мынадай амал ойлап тауыпты. Күнара көрші отырған бір ауылға түн жамыла ұрланып барып, көгендегі қозыларын түгел ағытып жібереді екен. Таңертең мал өріске кетерде саулық пен қозы араласып, бірге өретін сұмдық шығыпты. Бейуақытта қозысы жамыраған ауыл сол күні аруақтарға мал сойып, ақсақалдарды шақырып, батасын алатын болған. Ал Елеусіз бұл кезде атасының қасында қутың қағып, құлақ жеп отырған. Содан келе «ұры» қолға түседі. Бүкіл ел дүркіреген «сұмдық» ашылады. Сол күннен бастап құлақ жегіш қу «Құлақай» атанып кеткен екен. Ауыс: қу, алдампаз [50, 82-83 бб.].

Кешегі үлкен Қойшан бүгін кішірейіп қалып па? (мұрын – малтүгел – дауыл) 19 ғ. екінші жартысымен 20 ғ. бірінші жартысында өмір сүрген Дауыл руының беделді биі. Қансонарда аңға шыққан аңшылардың бүркіті түлкі алып, оны олжа деп Қойшан бидің қанжығасына байлапты. Ертеңінде түскен олжаны тағы бір ақсақалдың қанжығасына байлай бергенде, би: «Немене, кешегі үлкен Қойшан бүгін кішірейіп қалып па?» – депті. Ауыс: бүгінгі сый-сыяпатқа лайық адам, ертеңінде қалайша татымсыз болып қалады дегенді білдіреді [120].

Найман руының таңбалары

Балта таңба. Ұлытаудағы Балталы руының таңбасы.

Бақан таңба. Бағаналы руының таңбасы.

Ергенек таңба. Ергенекті руларының таңбасы. Ергенектіге Сарыжомарт, Бура, Көкжарлы рулары жатады. Ергенек деп ерте кезде, ескі тілде киіз үйдің киіз есігінің ағаш маңдайшасын айтқан.

Қайырмалы жебе. Қаракерей таңбасы.

Бөрі таңба. Садыр мен матайға ортақ таңба.

Теріс таңба. Найман таңбасы.

Найман атауынан қалыптасқан тіркестер

Ақ найман. Жолымбеттен Ажығұл, Ажы, Қыдыр, Рақ, Арызқұл, Құсмұрат аталатын жеті ұл туса, Ақ Найманмен сегізінші қарашаңырағы болған. Жолымбет өзбек ішіне барғанда мал бағып жүрген қазақ баласын көреді. Оның азып-тозған жағдайына қарап, одан құтылу үшін өз бауырына тартады. Баланы иемденіп жүрген. Өзбек қожасымен дауға түседі. Өзбек баланың қандай белгісі бар екенін айта алмағанда, Жолымбет ол баланың арқасында қалы бар екенін дәлелдеп, «Өзімнің балам», -деп ауылына алып қайтады. Баланың өңі қара болса да, өзіме аппақ «Ақ Найман» деп ат қояды. Содан Жолымбеттің бөлінбес бір шаңырағына айналған [46, 299 б.].

Ақ найманның бес сарысы. Ақ найманнан – Желабыз, Абыз, Селебе. Желабыздан – Жауғаш, Меңлі, Меңлібай. Меңлібайдан – Байсары, Тайсары, Қойсары, Әбілсары, Бисары. Жұрт бұларды – «Ақ найманның бес сарысы» деп атаған [44, 47 б.].

Ебінің желі тозбайды, найманның жері тозбайды. Белгілі уақытта, белгілі бір бағытта Ебі желі соғатыны табиғаттың заңы болса, ұлан-ғайыр жерді мекендеген найман тайпасының жерінің тозбауы да табиғи заңдылық [17].

Найманның ұлы жол іздейді, намысқа тұрар қол іздейді. Өршіл, намысты найман елі, ел де бола алатын, атыса да, шабыса да білетін ел [17].

Алты Ақша, үш Тілеберді, Тоғыз Тума. Найман – Қаракерей – Байыс – Тума. Тумадан Ақша, Тілеуберді туған. Ақшадан алты ұл – алты Ақша, Тілеубердіден үш ұл – Үш Тілеуберді туған. Алты Ақша, үш Тілеубердіні қосып Тоғыз Тума дейді [37, 179 б.].

Ер тұлғалы қыздар Найманнан табылар, Ерліктері майданнан танылар. Ауыс: найманның қыздары ер жүрек, батыл, өжет болған [17].

Қыздары найманның, Қызығы жайлаудың.

Ұлдары найманның, Қазынасы қойнауың. Ауыс: бұл ретте біз даладай дарқан, көрікті де ақылды, сабырлы да сарбаз найман тайпасының жастарын көреміз [17].

Қыз алсаң найманнан, шығарсың майданнан. Ауыс: найманның қыздары өр, жігерін намысына жаныған батыл болуына орай осы сөз қалған [17].

Найман болсаң, Қаракерей Садыр-Матай бол. Қабанбай атаға байланысты айтылса керек. Ең көп ру Қаракерей, ұраны Қабанбай. Ал ол Байжігіттен тарайды. Садыр мен Матай сол ұранды айтып жүрген. Жаугершілік заманында жеңіс үстіне жеңістер әкеліп, Найманның Қаракерейіне Садыр мен Матай кіреді.

Найман болсаң – Матай бол! Матай елінің қай адамын алсаң да, өздерін Найманнан жоғары санап, «Біз – Найман ішіндегі Матаймыз» деудің орнына, біз – Матаймыз деп тура айтады. Олар өздерін танытуда «Найман болсаң – Матай бол» деп айтады [151].

Найманның елі – батырдың елі, Ақылдың кені. Мұнда найман елінің жаугершілік замандағы бірлігін, соның айғағындай адамдары алғыр, ақылды, батыр келетінін айтады. Яғни бұл жауға сес, досқа ес болсын деп рухты түрде айтылған сөз [17].

Найман билейді, Найман билемесе, бұлар қайдан билейді. Баяғыда бір әйел үш жүздің үш жігітінен үш ұл тауыпты. Ұлы жүзден – Ыстыдан, Орта жүз – Найманнан, Кіші жүз – Адайдан. Әлгі әйел ақсүйектеу болса керек, балалары ер жеткен соң, бар байлығымды қайсысы иемденеді деп, үшеуін таластырыпты. Сөйтсе, Ұлы жүздің баласы шығып: «Мен Ыстымын, Құдайыңнан да күштімін!» – десе, Кіші жүздің баласы: Мені танысаң – Адаймын, танымасаң – Құдаймын!» – деп екеуі қырық пышақ болып төбелесе кетеді. Соны көрген Орта жүздің баласы таққа отырып жатып: «Найман билейді, Найман билемесе бұлар қайдан билейді», – деп, байлық пен атақты иемденіпті [152].

Найманның қызы – саумал, жігіті – қымыз. Ауыс: қасыңдағы қосағың найман руынан болса, қандай да бір қиындықта қасыңнан табылып, өзіңе демеу болатынын білдіреді [17].

Найманның үш төбе биі. «Найманның үш төбе биі» атанған атақты үш би – Бәйжігіт Сасан би, Сыбан Байғара би және Мұрын Боқбасар би [13, 183 б.].

Найманның қызын алған, жұмаққа барады. Ауыс: алғаны найман қызы болса, көрген қиындығың бір күнгідей болмай, жақсы тұрмысқа жетесің, себебі найман қызы әр уақытта қасыңнан табылып, барлық істі сенімен бірдей көтеріп, жаныңа медеу береді [153].

Найманның қызына шыдағанға тозақ жұмақтай болады. Ауыс: найманның қыздарының кейбірі тікмінез, бірбеткей болған [153].

Найманнан әйел алсаң, Тозақты жұмақтай көрерсің. Ауыс: қасыңдағы қосағың найман руынан болса, қандай да бір қиындықта қасыңнан табылып, өзіңе демеу болатынын білдіреді [158].

Найманның қызы намысты келер, Бұлағының бойы қамысты келер. Найман қыздарының өркөкірек, намысты қолдан бермейтіндігін көрсетсе, қоныстарының, өзендер мен бұлақтарының бойы жайқалған құрақ екендігін көрсетеді [155].

Алтайдай жер қайда, наймандай ел қайда. Алтай өңірі табиғатының ерекше көркемдігімен адамды баурап алса, найман елі де өзінің ерекше қасиетімен кез келгенді өзіне ықыласты етеді [17].

Алакөл қамысты келер, найман намысты келер. Алакөл бойының қамысты болуы табиғи заңдылық болса, найман елінің намысты болуы да ғасырлар тезінен өткен дәлелдеуді қажет етпейтін шындық [17].

Найманның найзасы бітсе де, айласы бітпес. Найман тайпасынан атақты батырлар көп шыққаны тарихтан белгілі, найман батырлары алып күш иесі ғана емес, соғыс тактикасын өте жақсы меңгерген әдісқой да [17].

Найманның жері – арқасы Алтайда,

Кендігі – аттың тұяғында.

Жайлауы шалғайда,

Қыранның қияғында. Ауыс: найманның жерін қанатты қыранның самғауынан, тұлпардың жер апшысын қуырған шабысынан көруге болады, яғни найманның жері шетсіз-шексіз [17].

Найманға ұл туды дегенше күн туды де. Ауыс: қазақы таным бойынша, әулет түтінін өшірмейтін, ұрпақ жалғастығын табар, елі мен жерін қорғар ер баланың, азаматтың орны ерекше. Ұл баланы дүниеге әкелген ана да бақытты [17].

Найманның жері қазыналы келер, Жігіттері базыналы келер. Сәйгүліктері жілікті келер, Сұлулары қылықты келер. Ауыс: найман тайпасы адамдарының бес аспабы түгел, қай кезде болмасын сақадай сай дегенге саяды [17].

Найман біле ме, сайман біле ме? Екі керей руының адамдары келе жатып бір Найман руының адамының жұқаяқ жасап отырғанын көреді де, Найман естімеген екен деп: «Апыр-ай, мынау не деген шебер жігіт. Қолынан келмейтіні жоқ қой тегі», – дейді де – Наймансың ба, ей?» – деп айқайлайды. Сонда Найман жігіт: «Найманмын ғой, бірақ бұл істі Найман білмейді, сайман біледі ғой», – деп жауап қайтарыпты. Ауыс: бір кәсіпті жете меңгерумен қатар, жұмыс барысында затты бабына келтірер құрал-жарағың да соған сай болуы қажет дегенді білдіреді [104].

Найман болмай – хайуан болмайды. Ертеде Қоянды жәрмеңкесіне Найман елі барғанша төрт түлік малдың таңдаулысы тапшылық болады екен. Жәрмеңкешілер: «Ой, Найман келмесе, базарда хайуан да болмайды» – десетін көрінеді. Ауыс: найман руы, біріншіден, сан жағынан көп болғандықтан, екіншіден, малсақ, мал басы көп өсіп-өнген ел болғандықтан жәрмеңкеге басқа руларға қарағанда малды өте көп әкелген. Сондықтан жәрмеңкеге наймандар келгенше татымды мал басы да болмаған [46, 146 б.].

Найман – жапырағын жайған. Ауыс: найман өсіп-өнген, сан жағынан қай рудан болмасын басым, бала-шағасы, үрім-бұтағымен жайқалып өскен ел.

Найман жолы. Уақ, Керей арасында бір үлкен дау болып, сол дауға Найманнан Сасан биді, Арғын, Тобықтыдан Құнанбайды, Керейдің Абақ руынан Қали дегенді билікке шақырыпты. Қалидың ауылында дау айтылып, жиналғандар билікті Құнанбай айтсын дейді, екінші жартысы Қали айтсын дейді. Сонда ортада отырған Қалидың әкесі: «Қали несін айтады, Қали қытайдан келген, шайын айтады. Құнанбай несін айтады, орыстан жеген нанын айтады, жол Наймандікі, Найман айтсын», – дейді. Жолды Сасан биге беріпті. Онда Сасан өзі атын қойған, өзі жасында тәрбиелеп баулыған Тілемісұлы Тананың 19 жастағы кезі, соны нұсқап: «Бұл билікті Тана айтады, Тана айтса, дана айтады», – деген екен. Сол жиында Танаға бірінші рет жолын беріп, билік айтқызыпты. «Найман жолы» деген сөз содан қалса керек [156].

Семіз Найман. Ауыс: найман өсіп-өнген, сан жағынан қай рудан болмасын басым, бала-шағасы, үрім-бұтағымен жайқалып өскен ел.

Терістаңбалы Найман. Найман атадан Белгібай туса, оның бәйбішесінен төрт Төлегетай: Төртуыл, Қаракерей, Садыр, Матай – бір буын. Ортаншы әйелден – Ергенекті Найман: Көкжарлы Бура, Сарыжомарт, Терістаңбалы. Найманның осы 9 баласына таңба үлестіргенде, ең кенже оныншы отауға таңба жетпей қалып, бір ағасының таңбасын теріс басқандықтан Терістаңбалы Найман атанып кетеді [64, 352 б.].

Ұлың жуас болса, найманнан әпер, ұлың тентек болса, арғыннан әпер. Мұндағы қазақы түсінік: ерлі-зайыптылар бірін-бірі асып кетсе – басу, басылып қалса – асыру ғой [151].

Аягөз – туған жеріміз, найман – жүрген еліміз. Ауыс: туған елім, туған жерім мағынасын береді [157, 51 б.].

Шектібайдың асы бар, Құнан қойдың басы бар. Бала-шағанды ала бар, Қоржыныңды сала бар. Өте дәулетті, бай Шектібайға ас берерде асына мыңдаған мал сойылады, қымыз көл-көсір болып ағады деген сөз тарап, сол кезден осы сөз қалыпты. Ауыс: халық жиылатын жиыннан қала көрме, саған да бір нәрсе бұйырар, тек салып алар қалтаң болсын дегенді білдіреді [154].

Есімбектің есерінен сақта, Есенғұлдың кеселінен сақта. Бір кезде, Ертіс бойын мекендеген Есімбек руының азаматтары шөл өңірге су қаптату үшін тал буып, туырлықтан қанар тігіп, ішін құм топырақпен толтырып, Ертіс арнасын бөгеп алмақшы болады. Алайда жойқын су бөгеуді бұзып шая берген. Әбден мезі болған көптің бірі:

– Ертістің осы тентек суын өлшесе неше саба толар еді? – деп сұрапты.

Сонда екінші біреуі:

– Жүз сабадан онша аса қоймас, – десе, біріншісі тұрып:

– Бәсе, көңіл – қазы, көз – таразы деген рас, өзім де солай шығар деп ойлаған едім, – депті.

Рас, олардың еңбегі еш болып, талабы сәтсіздікке ұшырайды. «Есімбектің есерінен сақта» деген сөз төркінінің мәні осы екен [101].

Селебе – селебені елеме. Ауыс: пәле шығаратын елден аулақ жүр дегенге саяды [139].

Ботқа жемес, Ботбай тоқ. Ауыс: анау-мынау асты менсінбей, қазы-қарта, жал-жая жеп үйренген дегенді мегзейді [158].

Байсалды оқыра билейді. Ел жайлауға көшкен кезде бар, бай ауылдар түйемен көшсе керек, бір кедейлеу ауыл жүгін сиырға артып көшіп келе жатқанда, қарсы кездескен адамдар қазақтың дәстүрі бойынша «көш байсалды болсын!» – депті, сол кезде кедей ауылдың азаматы «байсалды оқыра билейді ғой!» – десе керек, содан бұл сөз ел арасына тарап кеткен екен. Себебі, оқыра тиген сиыр құйрығын тік шаншып, алды-артына қарамай қаша жөнелетіні белгілі, ал ондай жағдайда көштің қай қиырдан шығатыны белгісіз [120].

Тойған сияқты едік. Қонақтардың алдына табақ-табақ ет тартылып, қымыз әкелініп, басқа да тамақтың түрлері қалыс қалмаса керек. Қонақта әбден тойды-ау деген кезде дастарқанға ыдыспен кебек әкелініпті. Дастарқан басындағы сыйлы қонақ кебектен уыстап аузына салып жіберіп, кептеліп қала жаздапты да «тойған сияқты едік қой!» – депті. Сөйтсе, ертеректе бүгінгі күнгідей емес, қол

орамал тапшы кез, кебекпен қолға жұққан майды кетіреді екен, оны білмеген қонақ жоғарыдағыдай кепке тап болып, бұл сөз ел ішіне тарап кетіпті [120].

А. И. Тевкелевтің көрсетуі бойынша Найман 11 рудан тұрған:

Ақ найман. Найманның бір руы (А. И. Тевкелевтің көрсетуі бойынша Найман 11 рудан тұрған).

Бура найман. Найманның бір руы (А. И. Тевкелевтің көрсетуі бойынша Найман 11 рудан тұрған).

Болатшы найман. Найманның бір руы (А. И. Тевкелевтің көрсетуі бойынша Найман 11 рудан тұрған).

Қаракерей найман. Найманның бір руы (А. И. Тевкелевтің көрсетуі бойынша Найман 11 рудан тұрған).

Терістаңбалы найман. Найманның бір руы (А. И. Тевкелевтің көрсетуі бойынша Найман 11 рудан тұрған).

Төрт ауыл найман. Найманның бір руы (А. И. Тевкелевтің көрсетуі бойынша Найман 11 рудан тұрған).

Кекжарлы найман. Найманның бір руы (А. И. Тевкелевтің көрсетуі бойынша Найман 11 рудан тұрған).

Іргеншілі (Ергенекті — ред.) найман. Найманның бір руы (А. И. Тевкелевтің көрсетуі бойынша Найман 11 рудан тұрған).

Семіз найман. Найманның бір руы (А. И. Тевкелевтің көрсетуі бойынша Найман 11 рудан тұрған).

Бағаналы найман. Найманның бір руы (А. И. Тевкелевтің көрсетуі бойынша Найман 11 рудан тұрған).

Садыр найман. Найманның бір руы (А. И. Тевкелевтің көрсетуі бойынша Найман 11 рудан тұрған).

Бұл рулардың билеушісі – Қарасақал [56, 148 б.].

Бетеге Найман. Ежелгі Найман хандығының құрамындағы бір арыс ел.

Кешеуіт Найман. Ежелгі Найман хандығының құрамындағы бір арыс ел.

Ақсауыт Найман. Ежелгі Найман хандығының құрамындағы бір арыс ел.

Найман-Керей. Ежелгі Найман хандығының құрамындағы бір арыс ел.

Найман-Қаңлы. Ежелгі Найман хандығының құрамындағы бір арыс ел.

Дүрмен-Найман. Ежелгі Найман хандығының құрамындағы бір арыс ел.

Барлас-Найман. Ежелгі Найман хандығының құрамындағы бір арыс ел.

Төре-Найман. Ежелгі Найман хандығының құрамындағы бір арыс ел деген сегіз ру болған.

Шығыс Қазақстан облысын мекендейтін ру-тайпалар

Күршім ауданы – Төртуыл: қойсары, бисары, ; қалқаман, селебе, сарыжомарт, өтей, матай; Бурабайда – өтейлер [139].

Қатонқарағай ауданы – Топқайыңда – сарыжомарт; Қабырғада – шимойын, қоян, сарғалдақ.

Жаңаүлгі – шоңмұрын; Шыңғыстайда – дәулет, Еңбек – бәйтен; Берелде – самай; Чернова – шоңмұрын, сарғалдақ; Өрел – самай; Аршаты – Жамбылда – самай [159].

Аягөз ауданы – сыбан-бес байыс, мұрын, ақымбет, қыржы, байжігіттер, керей, шақантай, төлеңгіт, біраз уақ, Кіші жүзден – жағалбайлы, қарақалпақ, қырғыздар бар (шабындыда Қабанбай әкелген – 3000 үй) [39].

Көкпекті ауданы – бура, қарауылжасак, қыржы, матай, ноғай [39].

Ұржар ауданы – тума, болатшы, қырықмылтық, семіз найман, байғана, қожағұл [23].

Ақсуат ауданы – Сұлуталда – қыржы, Кіндіктіде – қыржы; Өкпеті – Доланқарада – жолымбеттен – малтүгел, дауыл, жантүгел, майлыбай, жаулыбай, сәменбет, барат, соларға туыс, күлеке, сейіт, жолымбеттен – ажығұл одан айдар, мырзас, кенже (хан қисық) қыдыр, қыдырдан – қараби, қараш, сәменбет, сатыбалды, боғас, тапақ, ыршан, құттықадам-жанбике; Қызылкесік-мырзас, Ойшілікте – тоғас, Көкжырада – Сатпаевта – айдар қыржы, жандос қыржы, Құлбабаста – көнші, қарғыба – назар, тоқабай, жанай, сары, құттықадам, жанбике, ырсақ [120].

Тарбағатайда – сайболат, қыдыр.

Бесқарағай ауданы – уақ, арғын, қанжығалы, тобықты [160].

Ново-Шульба – арғын, уақ.

Абай ауданы – тобықты, тарақты, арғын.

Абыралы – арғын, қамбар, тарақты, жағалбайлы.

Шар – матай, бура [39].

Жарма – сыбан, байкөбек- түкі [39].

Жалғыз төбе – матай, сыбан [39].

Зайсан – есенғұл, санияз, байбол тоғас, жақау, қошан, ақболат, тұзақшы, тоғыз, дәулетбай және керей, уақтар тұрады.

Глубокое ауданы – айтқұл, керей, жастабан, сырымбет, өтей, молқы, бура, дәулетбай, жарылғап [161].

Зырян – қаратай, шоңмұрын, қожамбет, төртуыл, бәйтен [161].

Шемонайха – керей, шеруші, қарақас, садыр, матай, арғын, адай, аздаған жетіру [161].

Ұлан ауданы – терістанбалы, сарыжомарт, көкжарлы [162].

Шығыс Қазақстан аймағындағы ру-тайпа атауларынан қалыптасқан тұрақты тіркестерді жинастыру дереккөздері

- 1 Қайсенов З. Найман шежіресі. – Өскемен: Полиграфия, 1998. – 149 б.
- 2 Қожахметұлы Ә. Аталар салған даңғыл жол. – Алматы: Атамұра, 1992. – 176 б.
- 3 Шакенов А. Аманат немесе Арғын Қаракесек шежіресі. – Новосибирск: Литератор, 2006. – 44 б.
- 4 Жанболатұлы М. Тобықты – Шыңғыстау шежіресі. – 1 т. – 520 б.
- 5 Төлеков Т. Ұрпаққа айтар сөзім бар. – Астана: ҒТАО, 2003. – 186 б.
- 6 Көпейұлы Мәшһүр-Жүсіп. Қазақ фольклоры. – Павлодар: ЭКО, 2006. – Таңдамалы. – 4 т. – 392 б.
- 7 Хабарлаушы: Сұлтанова А. 47 жаста, Семей қаласы.
- 8 Сәрсекеев М. Тарақты және Қаракесек шежіресі. – Алматы: Атамұра, 1995. – 272 б.
- 9 Арғынбаев Х., Мұқанов М., Востров В. Қазақ шежіресі хақында. – Алматы: Атамұра, 2000. – 464 б.
- 10 Көпейұлы М.Ж. Қазақ шежіресі. – Целиноград: Қаламгер, 1991. – 92 б.
- 11 Исабаев Б. Ұлылар мекені. – Новосибирск, 2001. – 623 б.
- 12 Көпейұлы М.Ж. Қазақ шежіресі. – Алматы: Жалын, 1993. – 76 б.
- 13 Нұрғалиұлы Т. Ақсуат – атамекенім. – Семей: Полиграфия, 2003. – 508 б.
- 14 Тарақты Ақселеу. Балталы, бағаналы ел аман бол. – Алматы: Қазақ университеті, 1993. – 224 б.
- 15 Олыбаев С. Қазақ шежіресі. – Алматы: Жалын, 1992. – 144 б.
- 16 Рымжанов Т. Жалықпас шежіресі. – Алматы, 1997. – 30 б.
- 17 Хабарлаушы: Абылқасымов А. 50 жаста (ақын). Ұржар ауданы. Жарбұлақ ауылы.
- 18 Жәнібек Тархан. Деректі повесть немесе поэмалар мен құжаттар. – Алматы: Айқап, 1994. – 255 б.
- 19 Хабарлаушы: Шәкетайқызы Қ., Адамқызы Қ. Баянауыл ауданы.
- 20 Хабарлаушы: Кәрібжанов Р. 49 жаста. Семей қаласы.
- 21 Көпейұлы Мәшһүр-Жүсіп. Қазақ фольклоры. – Павлодар: ЭКО, 2006. – 3 т. – 400 б.
- 22 Төреқұлов Н. Қанатты сөздер. Алматы, 1977.
- 23 Хабарлаушы: Тілеубердиев Д. (қолжазба) Сүйіндік – Күлік. – 200 б.
- 24 Нәсенов Б. Абыралы – Сарыарқаның кіндігі. – Новосибирск, 2002. – I бөлім. – 1 кітап. – 569 б.
- 25 Нәсенов Б. Абыралы – қанды жылдары. – Новосибирск, 2002. – 2 бөлім. – 3 кітап. – 110 б.
- 26 Көпейұлы М.Ж. Қазақ шежіресі // Ұлт тағылымы, 2003. – №1.
- 27 Көпейұлы М.Ж. Қазақ билері // Жұлдыз. – 1992. – №8, – 196 б.
- 28 Маданов Х. Кіші жүздің шежіресі. – Алматы: Атамұра-Қазақстан, 1994. – 121 б.
- 29 Көпейұлы М.Ж. Қазақ шежіресі. – Павлодар: ЭКО, 2007. – 445 б.
- 30 Хабарлаушы: Мұсаева Ы. 41 жаста. Көкпекті ауданы. Мамай ауылы.

- 31 Қайдар Ә. Қаңлы. – Алматы: Дайк-Пресс, 2004. – 610 б.
- 32 Неталиев М. Алты ата Әлім // Қазақ әйелдері. 2005. – №2, – 13-14 бб.
- 33 Жылқыбайұлы Т. Жидебай батыр // Қазақ батырлары. 2005. – №3. – 4 б.
- 34 Хабарлаушы: Кәмәш апа. Семей қаласы.
- 35 Хабарлаушы: Нүрила апа. 70 жаста. Семей қаласы.
- 36 Мұқанов С. Халық мұрасы. – Алматы: Қазақстан, 1974. – 236 б.
- 37 Сәдуақасұлы Ә. Тарихыңды танып біл. – Алматы: Шартарап, 1996. – 295 б.
- 38 Смағұлұлы Т. Найман Мәмбетқұл және Ырғызбай әулие әулеттері. – Семей: F1, 2004. – 284 б.
- 39 Хабарлаушы: Қажығұлов Қ. 75 жаста. Аягөз қаласы.
- 40 Сапаралы Б. Байшөгел. – Алматы: Ер - Дәулет, 1995. – 368 б.
- 41 Жанболатұлы М. Тобықты – Шыңғыстау шежіресі. 2004. – 1т. – 520 б.
- 42 Әуезов М. (мақалалар, зерттеулер), Абай өмірбаянының алғашқы нұсқасы (1927-1933). – Алматы: Ғылым, 2002. – 8 т. – 46 б.
- 43 Абай. Өлеңдер мен поэмалар. – Алматы: Жазушы, 1986. – 1-т. – 302 б.
- 44 Алтынбаев Қ., Жұмахан Е. Ақсуат. – Алматы, 1998. – 17 б.
- 45 Хабарлаушы: Ардақ Арна. 43 жаста. Алматы қаласы.
- 46 Өзбекұлы С. Мұра. – Алматы: Қайнар, 1992. – 304 б.
- 47 Мұсаұлы Ы. Құнанбай. – Новосибирск: Современная Сибирь, 2000. – 1 к. – 423 б.
- 48 Әуезов М. (әңгіме, зерттеулер). М.Әуезов жариялаған ауыз әдебиеті нұсқалары. – Алматы: Ғылым, 2002. – 6 т. – 361 б.
- 49 Әуезов М. Абай жолы. – Алматы: Жазушы, 2002. – 1т. – 295 б.
- 50 Жүнісжанұлы Ж. Отыз әулет – мың ұрпақ. – Алматы: Қағанат-ҚС, 1999. – 340 б.
- 51 Хабарлаушы: Жоламанова Ш. 45 жаста. Семей қаласы.
- 52 Оңғаров Р. Қайран, Бәйхуа // Ертіс өңірі, 2006. – 14 б.
- 53 Құрбанғали Х. Тауарих Хамса. – Алматы: Қазақстан, 1992. – 304 б.
- 54 Қырғызханов Х. Найман Садыр-Матай шежіресі. – Павлодар: ҒӨФ.ЭКО, 2006. – 200 б.
- 55 Жанболатұлы М. Тобықты – Шыңғыстау шежіресі. 2004. – 3т. – 520 б.
- 56 Арғынбеков Х., Мұқанов М., Востров В. Қазақ шежіресі хақында. – Алматы: Атамұра, 2000. – 464 б.
- 57 Неталиев М. Жеті ата – Жетіру // Қазақстан әйелдері, 2002. – №4. – 9 б.
- 58 Хабарлаушы: Ақшәулин С. 50 жаста. Семей әкімшілігінің пресс хатшысы.
- 59 Хабарлаушы: Рымжанұлы Т. 69 жаста. Бородулиха ауданы. Петропавловск ауылы.
- 60 Төлемісұлы К.К. Жондағы Жобалай Керей елінде. – Семей: Семей-Печать, 2001. – 250 б.
- 61 Атаханова Р.К. Туыс емес тілдердегі мақал-мәтелдердің этнолингвистикалық сипаты. «Хабаршы» фил. сер. – Алматы, 2002. – №18. – 52 б.

- 62 Хабарлаушы: Сәменбетов Н. зейнеткер. Алғабас ауылының шежірешісі. Аягөз ауданы.
- 63 Хабарлаушы: Қандыбаев Т. 65 жаста. Семей қаласы.
- 64 Жұмаділов Қ. Дарабоз. – Алматы: Шабыт, 1994. – 1 кітап. – 416 б.
- 65 Хабарлаушы: Қожақанова К. 62 жаста. Ұржар ауданы.
- 66 Хабарлаушы: Қабдуалиева Г. 49 жаста. Семей қаласы.
- 67 Хабарлаушы: Жансұлтанов С. 52 жаста. Семей қаласы.
- 68 Атаханова Р.К. Туыс емес тілдердегі мақал-мәтелдедің этнолингвистикалық сипаты: фил.ғыл.док. ... автореферат. – 22 б.
- 69 Хабарлаушы: Салимов Б. 48 жаста. Қатонқарағай ауданы. Белқарағай ауылы.
- 70 Хабарлаушы: Бияров Б. 44 жаста. Өскемен қаласы.
- 71 Егізбай Қ. Тағлым. – Семей: Семей-Полиграфия, 2001. – 336 б.
- 72 Хабарлаушы: Мұқатаева Ф. 54 жаста. Семей пединститутының аға оқытушысы. Семей қаласы.
- 73 Әжібеков Б. Өмірзақ ұрпақтарының ата шежіресі. – Алматы: Информ-Арна, 2005. – 136 б.
- 74 Хабарлаушы: Әжібеков Б. Семей қаласы.
- 75 Ерiмбетов М.М. Қоңырат шежіресі. – Алматы: Жалын, 1993. – 134 б.
- 76 Мыңжан Н. Қазақтың қысқаша тарихы. – Алматы: Жалын, 1994. – 400 б.
- 77 Көпейұлы М.Ж. Қазақ шежіресі. – Павлодар: ЭКО, 2007. – 10 т. – 445 б.
- 78 Салғарин Қ. Қазақ шежіресі // Жұлдыз. – 1992. – № 10.
- 79 Мұқанов С. Халық мұрасы. – Алматы: Қазақстан, 1974. – 236 б.
- 80 Қылышбайұлы Ә. Тайпалар тарихы // Қазақстан әйелдері. – 1999. – № 12.
- 81 Кітапбаев Б. Шежіре. – Алматы: Қайнар. Саржайлау, 1994. – I бөлім, – 309 б.
- 82 Қайсенов З. Найман шежіресі. – Өскемен: Полиграфия, 1998. – 149 б.
- 83 Сыдықов М.Қ. Көнші шежіресі. – Павлодар, 2004. – 214 б.
- 84 Саяхов О. Естен кетпес есімдер. – Алматы: Тамыр. 2002. – 232 б.
- 85 Хабарлаушы: Исабаев Б. 65 жаста. Семей қаласы.
- 86 Құдайбердіұлы Ш. Қалың ормандай Қаракерей. Қалихан Алтынбаев(авт.) // Үш анық, 1992. – № 6.
- 87 Хабарлаушы: Орынбай Н. 66-жаста. Қатонқарағай ауданы.
- 88 Қозы Көрпеш – Баян Сұлу. Екімыңжылдық дала тарихы. Қазақ энциклопедиясы, – Алматы, 2000. – 752 б.
- 89 Хабарлаушы: Тоқтарова Б. 20 жаста. Семей қаласы.
- 90 Хабарлаушы: Жұмағазы Ә. Семей қаласы.
- 91 Хабарлаушы: Майжанова К. 61 жаста. Ақсуат ауданы.
- 92 Солтамбекова Н. Байыстың: Ақымбет, Сыбан-Түкі шежіресі. – Семей, 2005. – 65 б.
- 93 Хабарлаушы: Исмағұлова Р. 47 жаста. Семей қаласы.
- 94 Қажығұлова Қ. Жеті атаң – жарық жұлдызың. – Алматы: Информ-Арна, 2003. – 208 б.
- 95 Хабарлаушы: Кәрімов М. 54 жаста. Семей қаласы.

- 96 Хабарлаушы: Сакенова Ә. 19 жаста. Семей қаласы.
- 97 Хабарлаушы: Бокпаев О. Абай лицей мектебінің ұстазы. Ұржар ауылы.
- 98 Қошқарбеков Д. Абыралы асулары. – Алматы: Санат, 1995. – 18 б.
- 99 Хабарлаушы: Мырқасымова М. 89 жаста. Қатон-Қарағай ауданы, Белқарағай ауылы.
- 100 Хабарлаушы: Мырзажанова М. 52 жаста. Семей қаласы.
- 101 Хабарлаушы: Алтынбаев Ы. Зайсан қаласы.
- 102 Хабарлаушы: Мұсаева Ы. Көкпекті ауданы, Мамай ауылы.
- 103 Хабарлаушы: Бөгістанова Қ. 71 жаста. Катонқарағай ауданы, Қабырға ауылы.
- 104 Хабарлаушы: Шаяхметов Т. Ұржар ауданы.
- 105 Хабарлаушы: Сандыбай ата. 79 жаста. Катонқарағай ауданы, Белқарағай ауылы.
- 106 Хабарлаушы: Омарғалиева Н. 60 жаста. Семей қаласы.
- 107 Хабарлаушы: Қазекенов С. 76 жаста. Қатон-Қарағай ауданы, Белқарағай ауылы.
- 108 Хабарлаушы: Бейсенбаева А. Тарбағатай ауылы.
- 109 Кітапбаев Б. Шежіре. – Алматы: Қайнар. Саржайлау, 1994. – II бөлім, – 276 б.
- 110 Хабарлаушы: Мотанқызы Ж. 45 жаста. Ұржар ауданы, Мақаншы ауылы.
- 111 Хабарлаушы: Еркембаев М. Мақаншы ауылының қарты.
- 112 Хабарлаушы: Бекбосын О. Қаз. Журналистер одағының мүшесі.
- 113 Хабарлаушы: Сұлтанова Ә. 48 жаста. Семей қаласы.
- 114 Хабарлаушы: Ибрагимов Т. 70 жаста. Семей қаласы.
- 115 Хабарлаушы: Төлегенова К. Көкпекті ауданы, Көкжота ауылы.
- 116 Хабарлаушы: Қабланбеков Н. Аягөз ауданы.
- 117 Хабарлаушы: Бөгістанова А. 47 жаста. Катонқарағай ауданы.
- 118 Хабарлаушы: Нұрықсанқызы Т. Мақаншы.
- 119 Хабарлаушы: Шакенов Н. Қызылту. Ұржар ауылы.
- 120 Хабарлаушы: Қабышев М. 73 жаста. Семей қаласы.
- 121 Хабарлаушы: Саяханов О. Н. Тарбағатай ауданы, Жантікей ауылы.
- 122 Хабарлаушы: Ибраева Б. Зейнеткер. Үштөбе.
- 123 Хабарлаушы: Малғаждаров Ә. 65 жаста. Талдықорған облысы, Шамалған ауылы.
- 124 Хабарлаушы: Қаржаубайқызы Ш. 79 жаста. Катонқарағай ауданы, Қабырға ауылы.
- 125 Хабарлаушы: Кәкітайұлы Е. 51 жаста. Катонқарағай ауданы, Жаңаүлгі ауылы.
- 126 Хабарлаушы: Ибрайымова Ж. 18 жаста. Шәкәрім атындағы СМУ студенті.
- 127 Хабарлаушы: Төлепбергенов Х. 69 жаста. Катонқарағай ауданы, Белқарағай ауылы.
- 128 Хабарлаушы: Базарханова Б. 49 жаста. Семей қаласы.

- 129 Хабарлаушы: Қадылжанова Б. 45 жаста. Қатонқарағай ауданы. Белқарағай ауылы.
- 130 Хабарлаушы: Нұрықсанқызы Т. 52 жаста. Мақаншы.
- 131 Хабарлаушы: Саниязова Л. 48 жаста. Семей қаласы.
- 132 Хабарлаушы: Қайролдина Г. 25 жаста, Катонқарағай ауданы. Қызылжұлдыз ауылы.
- 133 Хабарлаушы: Кәлімбайқызы Ж. 50 жаста. Катонқарағай ауданы. Қызыл Жұлдыз ауылы.
- 134 Хабарлаушы: Жайлыбаев Т. Н. 57 жаста. Қатонқарағай ауданы, Белқарай ауылы.
- 135 Смайылау А. Ғасырлар төріндегі тектілер. – Аякөз: Аякөз жаңалықтары, 2000. – 70 б.
- 136 Қорабаев С. Ақтайлақ би. – Алматы, 1991. – 115 б.
- 137 Әуезов М. Абай жолы. – I т. – 333 б.
- 138 Хабарлаушы: Шәмшекөв Б. Аягөз ауданы.
- 139 Хабарлаушы: Қабылғазықызы Ә. 55 жаста. Семей қаласы.
- 140 Хабарлаушы: Ақтаев Т. Аягөз ауданы. Таскескен ауылы.
- 141 Хабарлаушы: Бұғыбаев М. 54 жаста. Семей қаласы.
- 142 Жақыпов А. Қаракерей тума тарихы. – Алматы: Үш қиян, 2004. – 360 б.
- 143 Хабарлаушы: Таянкенов Ф. 23 жаста. Зайсан елінің күйеу баласы.
- 144 Хабарлаушы: Қабдолұлы Е. Катонқарағай ауданы. Ақмарал ауылы
- 145 Хабарлаушы: Мұқажанова П. 54 жаста. Катонқарағай ауданы. Ақмарал ауылы.
- 146 Хабарлаушы: Ақтанова А. филолог.ғ.к. 37 жаста. Семей қаласы.
- 147 Жақыпов А., Жирентаев Т., Абылғазин М. М. Тоғыз Тума тарихы. – Алматы: Өлке, 2000. – 296 б.
- 148 Жолдасбекұлы М., Салғараұлы Қ., Сейдімбеков А. Елтұтқа. – Астана: KUL TEGIN, 2001. – 357 б.
- 149 Құрастырған: Назырбаев Қайырды. Қаратай елінің акындары. – Астана. Аударма. 2005. – 14 б.
- 150 Жұмаділов Қ. Прометей алауы // Жұлдыз. – 2002. – № 7. – 82-83 беттер.
- 151 Хабарлаушы: Омаров А. Абай журналының редакторы. Семей қаласы.
- 152 Хабарлаушы: Сембайұлы С. 40 жаста. Семей қаласы.
- 153 Хабарлаушы: Қабылқақ А. Семей қаласы.
- 154 Хабарлаушы: Әлімбайұлы Ж. Семей қаласы.
- 155 Хабарлаушы: Ботақанов М. 40 жаста. Ұржар ауданы. Бақты ауылы.
- 156 Хабарлаушы: Әмірбеков А., Иманқұлов Қ. Жеті-арал ауылы.
- 157 Құрбанғали Х. Тауарих хамса. – Алматы: Қазақстан, 1992. – 304 б.
- 158 Хабарлаушы: Карипова Н. 67 жаста. Аягөз ауданы. Көктерек ауылы.

- 159 Хабарлаушы: Саниязов С. 60 жаста. Қатаонқарағай ауданы. Жаңаүлгі ауылы.
- 160 Хабарлаушы: Қазанбаева К. 44 жаста. Бесқарағай ауданы. Қоянбай ауылы.
- 161 Хабарлаушы: Уәлихан Т. 52 жаста. Өскемен қаласы.
- 162 Хабарлаушы: Қайсенов Зейнолла. 72 жаста, Өскемен қаласы.